

Г.Т.Әбікенова

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы

Оқу құралы

Семей 2019

ББК 81.2 (каз)
УДК 81\ 49
Ә 24

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған

ISBN 9965-19-802-18-1

Пікір жазғандар:

Б.Шалабай - Филология ғылымдарының докторы, профессор

Г.Т.Кәріпжанова – Филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Г.Т.Әбікенова.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Оқу құралы. –Семей, 2019.- 141 бет

«Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» атты оқу құралы – жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарына арналған. Бұл оқу құралында сөз және оған тән белгілер, лексикалық мағына және оның ұғыммен байланысы, лексикалық мағынаның құрылымы мен түрлері, лексикадағы жүйелік қатынастар қаралады. Қазіргі қазақ тілі лексикасының шығу арналары анықталады. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен қоры, қазақ тілі лексикасының дамуы мен құрылымы, оның стиль түрлеріне байланысты жіктелістері сараланады. Сондай-ақ фразеология мәселесі мен лексикография мәселесі де жан-жақты түсіндіріледі.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы курсы оқу кезінде студенттер тілдік бірлік ретіндегі сөздің ерекшелігін, тілдік жүйедегі маңызын түсінеді, мағына және оның түрлерін, лексикалық мағынаның грамматикалық мағынадан басты айырмашылықтарын таниды. Студенттердің теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алу дағдысын қалыптастырады.

ББК 81.2 (каз)
ISBN 9965-19-802-18-1

© Әбікенова Г.Т., 2019
«Жәрдем» ҚҚ РБО. 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі қазақ тілінің күрделі саласы болып табылатын лексикология (сөз туралы ілім) – барлық тіл білімі туралы ғылымның бастау көзі. Ғылым грамматиканы білмей тұрып, сөзді білген қазақ тілінің біз білетін құрамдас бөлігінен басқа бірнеше саласы бар. Түркі тілі, шағатай тілі, араб тілі, орыс тілі – бұлардың бәрін қазақ тілі бастан кешірді. Олай болса, ғасырлар бойы тіл қабатын аршып, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу – лексикологияның басты мақсаты.

Қазіргі қазақ тілі – деген ұғым тек қана қисынсыз тұрғыда ғана бөлінген. Ол тек бұрынғы, қазіргі деуге келмейді. Демек, қазақ тілі біртұтас жүйе ретінде қаралу керек.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы пәнінің міндеттері:

- Сөз байлығын құрастыру, олардың даму жолы туралы түсіндіру;
- Сөздің мағынасын ажырату;
- Сөздің ішкі мүмкіншілігін, сыртқы әсердің ықпалынан болған өзгерісін байқау;
- Сөздің қорға енуі, сөздік құрамды құру жүйесін тексеру;
- Сөздің шығу тегін қарастыру;
- Сөздің басқа тілдермен ара-қатынасын білу;
- Сөздің түркі тілдермен немесе басқа тілдермен байланысы;
- Сөздің этнолингвистикалық әсерінің байып, даму жолдары;
- Сөздің (неологизм, сөзжасам) арқылы дамуы;
- Сөздің архаизмдік тұлғасының жасалу жолдары;
- Сөздің егемендік сипаты, қазіргі кездегі өрісі;
- Курстың құрылысы: дәріс, тәжірибешілік сабақтардан тұрады.

Теориялық және тәжірибешілік мәселелерге қызығушылықтары пайда болған студенттер пән бойынша бақылау, баяндама және курстық, дипломдық жұмыстарын жазады.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы пәнін оқудың нәтижесінде студенттер мынаны білуі керек:

- Сөздердің көп құрамды және оның мағыналық құрамы ауыр екендігін;
- Түркі сөздерімен генетикалық ұқсастығы мол екендігін;
- Қазақ тілінің мол байлығын игере алады;
- Қазір жаңарым тапқан архаизм сөздерді біліп, қолдана алады;
- Заман ағымында тілімізге енген жаңа сөздерді біледі;
- Сөздерді орынды пайдаланып, мәнді, маңызды етіп сөйлей алады;

Пән бойынша игерген білімдерінің нәтижесінде студенттерде мынадай қабілеттер болуы керек:

- Тіл білімінің лексика саласы бойынша толық, жүйелі түрдегі білімі;
- Оны өмірде, тәжірибе барысында жұмсай алу;
- а) Сөздік қорының байлығы;
- ә) Ойын көркем тілде, түрлі тілдік тәсілдерді пайдалану арқылы жеткізеді;

- б) Сөздерді дұрыс қиюластырып, көңілге қонымды етіп сөйлей біледі;
в) Сөз мәйегі – мақал-мәтел, фразеологиялық тіркесті сөздерінде орынды пайдалана сөйлейді.

- Халқымыздың бай тілі асыл мұрасын бағалап, таза, айшықты сөйлеуге дағдысы артады;

- Көркем тілмен жазылған би-шешен, ақын-жазушыларымыздың шығармаларын сүйіп оқып, шығармашылық қабілеттерін бағалай біледі.

«Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» курсы – жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарына оқылатын ғылыми-теориялық пән. Оның лексикология саласында сөз және оған тән белгілер, лексикалық мағына және оның ұғыммен байланысы, лексикалық мағынаның құрылымы мен түрлері, лексикадағы жүйелік қатынастар қаралады. Қазіргі қазақ тілі лексикасының шығу арналары анықталады. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен қоры, қазақ тілі лексикасының дамуы мен құрылымы, оның стиль түрлеріне байланысты жіктелістері сараланады. Сондай-ақ фразеология мәселесі мен лексикография мәселесі де жан-жақты түсіндіріледі.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы ғылыми курсын оқытудағы мақсат – студенттерге тілдік бірлік ретіндегі сөздің ерекшелігін, тілдік жүйедегі маңызын түсіндіру, мағына және оның түрлерін, лексикалық мағынаның грамматикалық мағынадан басты айырмашылықтарын таныту. Студенттердің теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

Пәннің міндеті - қазақ тіл білімінің осы күнгі қол жеткізген табыстары негізінде студенттерге лексикологияның зерттеу нысандары болып табылатын сөз, лексикалық мағына және оның құрылымы туралы, лексикадағы жүйелік қатынастар мен қабаттар жайлы жан-жақты лингвистикалық түсінік қалыптастырып, білім беру болып табылады.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы ғылыми курсын оқытудағы мақсат – студенттерге тілдік бірлік ретіндегі сөздің ерекшелігін, тілдік жүйедегі маңызын түсіндіру, мағына және оның түрлерін, лексикалық мағынаның грамматикалық мағынадан басты айырмашылықтарын таныту. Студенттердің теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

Пәннің міндеті - қазақ тіл білімінің осы күнгі қол жеткізген табыстары негізінде студенттерге лексикологияның зерттеу нысандары болып табылатын сөз, лексикалық мағына және оның құрылымы туралы, лексикадағы жүйелік қатынастар мен қабаттар жайлы жан-жақты лингвистикалық түсінік қалыптастырып, білім беру болып табылады.

ГЛОССАРИЙ

Лексикография – сөздерді жүйелеу және сөздік жасау ерекшеліктері

Мағына – семантиканың негізгі категориясы, оның басты ұғымы болып саналады.

Сөз мағынасы – белгілі бір зат, құбылыс, сан, сапа, мөлшер, көлем, шама, қимыл, әрекет туралы түсінік беретін дыбыстардың жүйелі –тіркесі.

Ауыспалы мағына – сөз мағынасын екінші бір мағына мен алмастыру. Ауыспалы мағынаның негізі тура мағынадан алынады. Ауыспалы мағына сөз тіркестері мен сөйлемде ғана анықталады. Жеке тұрғанда (тіркес, сөйлем-ге мүше болмаған жағдайда) сөз тек тура мағынада ғана болады.

Жалпыхалықтық лексика – белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың барлығына түсінікті сөздер

Арнаулы лексика – белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың барлығына бірдей түсінікті бола бермейтін, тек бір сала, бір мамандық иелеріне ғана түсінікті сөздер

Синонимдік қатар мағыналарының жалпы жақындығына қарай бір топқа жинақталуы деп аталады.

Антонимдер- тілдегі мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: жақсы — жаман, ескі – жаңа, бар — жоқ.

Табу – *Халықтың қоршаған орта, табиғат, адамдар арасындағы қарым-қатынас ұйымдарының тілдегі өрнектеліп, бейнеленіп, оның екінші бір сөздермен ауыстырылып аталуы.*

Эвфемизмдер – *жағымсыз естілетін сөздерді сыпайы жеткізу.* Мысалы: *қосып айту, тұздап айту* (өтірік айту), *жарық дүние есігін ашу* (туу), *ақ саусақ* (жалқау).

Эвфемизмдерге қарама-қарсы сөздер – дисфемизмдер – сөзді әдепсіз, дөрекі сөздермен ауыстырып айту.

Дисфемизмдер – *кемсіту, қорлау, жаратпаудан тұтас сөздер.* Мысалы: *боқмұрын* (жас), *қырт* (сөзшең). Дисфемизмдер әдеби тілге жатпайды. Сөйлеу кезінде дисфемизмдерді қолдану адамның мәдениетсіздігін, әдепсіздігін көрсетеді.

Көнерген сөздер – сөз қолданысынан шығып кетіп, мағыналары көмескіленген сөздер.

Тарихи сөздер – құрам, заманның өзгеруіне қарай қолданыстан шыққан, өз дәуірімен бірге көнерген тарихи атаулар.

Архаизмдер – халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпының заман өзгеруіне байланысты басқа сөздермен ауысуы немесе қолданыстан шығып қалуы.

Неологизмдер - жаңа ұғымдарды, жаңарған түсініктерді білдіретін сөздер.

Белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласы адамдарына ғана солардың өз ортасында ғана қолданылатын сөздер кәсіби сөздер деп аталады.

Терминдер – ғылым, техника, өндіріс т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Терминдер тек тура мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді, мағына үнемі тұрақты болады. Терминдерді *арнаулы сөздер* деп те атайды. Бұларда стильдік бояу болмайды.

*Белгілі бір тілдің аясында қолданылатын терминдерді жүйеге келтіріп жинақтайтын лексикология саласы **терминология** деп аталады.*

Кірме сөздер - бір тілге басқа тілден енген сөздер.

әдеби тіл – тілдегі барлық елге түсінікті, грамматикалық, лексикалық жағынан өңделген, жүйеленген сөйлеуді немесе жазу.

Стиль - өнердің түрлі саласында мақрат-мүддеге қарай тандап-талғап, әрі ойды дәл жеткізу үшін сөз қолдану тәсілі.

Жалпылама лексика – белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың барлығына түсінікті сөздер.

Мәтін дегеніміз - өз элементтерінің сапасы және қасиетімен ерекшеленіп, көптеген ара қатынасықа түсетін күрделі құрылым.

Мәтін құрылымының негізгі категориялары –мазмұн және форма категориялары.

Мазмұн екі түсініктен тұрады: тақырып және нақты мазмұны.

Мазмұн – тақырыпты ашу үшін тілдік өңдеуге тартылған шындық материалдары – фактілер мен құбылыстар.

Метафора тәсілі – сөз мағынасын салыстыру, жақындату негізінде астарлы тың мағына жасау. Мысалы: *Өзім –күнмін, өзім — от.* (Мағжан.) Осындағы «күнмін», «от» метафора тәсілі арқылы ауыспалы мағынаға ие болған.

Метонимия – зат, құбылыс атауларының екінші бір зат, құбылысқа шектестігі, ұласпалылығы негізінде жұмсалуды. Мысалы: Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар (мақал). *Ақпа құлақ* «ұғымсыз» мағынасын, *құйма құлақ* «ұғымтал», «зерек» мағынасын ауыстырып тұр.

Синекдоха – жалпының орнына жалқы, бүгіннің орнына бөлшек немесе керісінше қолданылатын мағына. Мысалы: *Көп қорқытады, терең батырады.* Мақалда *көп* «халық», «ел» мағынасын береді.

Тұрақты сөз тіркестері – тілде екі немесе одан да көп сөздермен тіркесіп, бір ғана мағынаны беретін сөздер. Тіл білімінде тұрақты сөз тіркестерін *фразеологизмдер* деп те атайды. Мысалы: *ит тумсығы өтпес* (қалын, ну), *қоян журек* (қорқақ), *беті бүлк етпеу* (ұялмау) т.б.

Идиома – тіркес құрамындағы сөздерді бөлуге келмейтін, мағына тұтастығы тіркеспен бірге анықталатын сөздер тобы. Мысалы: *мұрнын көкке көтеру* (менменсу), *қара қылды қақ жару* (адал), *аузына ақ ит кіріп, қара ит шығу* (қатты балағаттап ұрсу), *салы сұға кету* (ұнжырғасы

түсу) т.б.

Фраза – тіркес құрамында сөздердің біреуі болса да, бастапқы! Лексикалық, мағынасын сақтап тұратын сөз тіркесінің түрі. Мысалы: *тепсе темір ұзу* (мықты), *бұраң бел* (нәзік, жіңішке бел), *алма мойын* (әдемі мойын), *асқар тау* (биік тау) т.б.

Этнографизмдер – этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны. Этнографизмдерге жеке сөздер, баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, макал-мәтелдер, қанатты сөздер, жұмбақтар т.б. жатады. **семасиология** – сөз мағынасы, оның өзгеруі, ауысуы.

Этимология – сөздің шығу тегі, төркіні, ең алғашқы мағынасы.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестері

Тілдік мағына – объективтік дүниедегі заттардың, құбылыстардың, болмыстардың санадағы бейнесі.

Лексикалық мағына - әр сөздің білдіретін өзіне тән атауыштық мағынасы

Грамматикалық мағына - сөздің лексикалық мағынасы үстіне қосымша, үстеме болып қосылатын көмекші мағыналар.

ДӘРІСТЕР:

ДӘРІС 1. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.

Дәріс мақсаты: Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы сипаттамасын түсіндіру. Пәннің арнаулы ғылыми пән екендігіне оның іштей жекелеген салаларына талдау жасату арқылы көз жеткізу. Лексикологияның ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы пәні және оның зерттеу нысаны.
2. Лексикологияның мақсаты мен міндеттері.
3. Лексикологияның басқа салалармен байланысы.

Лексикология (гр. *lexikos* сөз туралы және *logos* ілім сөздерінен) тіл білімінің сөздік құрамды, тілдің лексикасын зерттейтін саласы. Сөздік құрам дегеніміз тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, ол лексика деп те аталады. Сөздік құрамға байланысты лексикологияның қарастыратыны: тілдің негізгі бірлігі ретінде көрінетін сөз мәселесі, лексикалық бірліктердің типтері, сөздік құрамның құрылымдық сипаты, лексикалық бірліктердің функциялық қызметі, сөздік құрамның толығу, даму жолдары, лексиканың тілден тыс шындық өмірге қатысы, тілдің басқа салаларына сөздік құрамның қарым-қатынасы.

Қазақ тілінің лексикологиясы – қазақ тілінің сөздік құрамын (лексикасын) тексеретін ғылым. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады. Қазақ тілінің сөздік құрамы халқымыздың басынан кешірген бүкіл тарихының, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы. Куәсі іспеттес, ол ғасырлар бойы даму нәтижесінде бірте-бірте қалыптасқан. Лексикологияны жете түсіну үшін, оның нысаны болып табылатын сөздік құрам тұтас бір бүтін жүйе ретінде қаралуға тиіс. Сөздік құрам тұтас жүйе ретінде көп салалы болуымен бірге, тілдің басқа салаларымен де тікелей байланысты.

Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарды тек сөз атап білдірмейді, сонымен бірге тұрақты сөз тіркестері де білдіре алады. Осыған орай лексикология сөз мағынасымен үйлесіп, сәйкесіп отыратын тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін фразеологизмдерді де (гр. *phrasis* сөйлемше, *logos* ілім) нысан етіп қарастырады.

Тіл байлығы тек сөздің молдығынан көрінбейді, Тіл байлығы дегенді тілдің мағыналық байлығынан тыс қарастыру бір

жақтылық болады. Бұл жағынан лексикология сөздердің мағыналық құрылымын зерттейтін семасиология (гр. *semasia* мән, мағына, *logos* ілім сөздерінен) ғылымымен тікелей байланысты. Семасиологияда шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды атап білдіретін атауыш сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы (лексикалық семантика) жан-жақты қарастырылады.

Қазақ лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді осы заманғы даму қалпын, мағыналық және құрамдық түрлерін, тарихи арналары мен қабаттарын, баю жолдарын, сөздердің экспрессивті-стилистикалық мәнін, қолданылу аясын қарастырады. Сөйтіп, қазақ лексикологиясының қазіргі жайымен бірге (синхрониялық күйі: гр. *syn* бірге, *chronos* уақыт) оның тарихи қалыптасу жайынан да (диахронологиялық күйімен: гр. *dia* арқылы, *chronos* уақыт) мәлімет беріледі.

Лексикологияның зерттеу нысаны-сөздік құрам, яғни лексика. Лексика болмысты бейнелейді, қоғам мен тұрмыстағы өзгерістерге байланысты болатын жаңа затқа, құбылысқа, ұғымға қатысты үнемі толықтырылып отырады. Лексикологияда зерттеудің жалпы лингвистикалық тәсілдері қолданылады, олар: дистрибутивті тәсіл, субституция, компоненті-оппозитивті: трансформациялық тәсіл. Сапалық тәсілдермен бірге сандық-статистикалық тәсілдерде қолданылады. Лексикологияның салалары: ономасиология, семасиология, этимология, фразеология, лексикография. Сөз бен ұғым, сөз бен мағына, сөз бен зат. Сөз номинативті мағынаға ие.

Семасиология сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын зерттейді. Мағына түрлері. Полисемия, омонимдер, антонимдер, табу мен эвфемизмдер. Мағына ауысуының негізгі типтері: метафора, метанимия, синекдоха.

Ономасиология - атаулар туралы ғылым. Ономастика түрлері: антропоним, топоним, этноним. Сөздердің шығу тегі туралы ғылым – этимология. Этимологияның түрлері: ғылыми этимология, халықтық этимология.

Фразеология - тұрақты тіркестер туралы ғылым. Фразеологизмдердің түрлері: идиомалар, фразалар, штамптар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Фразеологизмдерге тән қасиеттер:

мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, даяр күйде қолданылуы. Түрлері: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық сөйлемдер, фразеологиялық тізбектер.

Этимология сөздердің шығуын зерттейді. Этимология өзі екіге бөлінеді: халықтық этимология және ғылыми этимология. Соңғы кездері халықтық этимология кеңінен зерттелуде.

Лексикография-сөздіктер жасаудың тәжірибесі және оның теориясымен айналысатын тіл білімінің саласы.

Лексикология мәселелерін жан-жақты, терең түсіну үшін, тіл білімінің оған шектес басқа салаларымен қандай байланысы бар екенін ашып қарастырудың зор мәні бар.

Сөз дамуының басынан кешкен ұзақ тарихы бар. Сөздердің қалыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты тарихи заңдылықтарын тарихи лексикология тексереді. Тарихи лексикологияның бір саласы – этимология (гр. *etymon* шындық, *logos* ілім) сөздердің шығу төркінін, олардың ең алғашқы түр-түрпаты мен мағынасын анықтайды. Сөз этимологиясын ашуға нысан болатын материалдар тілдің өзіндегі көне формаларда, қос сөздерде, тұрақты сөз тіркестерінде, көне жазба нұсқаларда, туыс тілдердің сөздік құрамында аз емес. Соларды теріп жинап, этимология сандарына сәйкес зерттеу арқылы сөздің даму тарихының сырын ашуға болады.

Тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін ономастика ғылымы мен лексикология тығыз байланысты. Ономастика (гр. *onomastike* ат беру, өнері) іштей антропономика және топонимика болып екі салаға жіктеледі. Антропономика (гр. *anthropos* адам, *онума* ат, атау) кісі аттарын (есімдерін) зерттеу нысаны етіп қараса, топонимика (гр. *topos* - орын, мекен, + *онума* - ат, атау) географиялық (жер-су) атауларын жеке нысан етіп зерттейді. Лексикология тіл білімінің грамматика саласымен де үнемі қарым-қатынаста болады. Тілдегі сөздер номинативтік (атауыштық) қызмет атқара отырып, грамматикалық формалар арқылы өзгеріске түсіп отырады. Бұл әсіресе, тілдің тарихи даму барысында лексикалық бірліктердің грамматикалану процесінен, сонымен бірге сөз тіркестерінің лексикалық бірлікке (сөзге) ауысу (лексикалану) процесінен айқын көрінеді. Мысалы, құлап қала жаздады дегендегі жазда сөзінің лексикалық мағынасынан айырылып, көмекші етістікке айналуы грамматикалану нәтижесі. Осындай жағдай басқа да бір қатар көмекші етістік мәніндегі (сал, бол, бер, қал, қой, дыр) сөздерінен байқалады. Сондай-ақ, абайсызда, қапыда, тұтқиылда, кенеттен, лажсыздан, жүресінен, етпетінен, шалқасынан, қырынан, түнімен, қыстай, жаздай, т.б. сөздер. Бастапқы төркіндерінен бөлініп, қимылдың әр түрлі күй-жайын білдіретін туынды үстеулерге айналып кеткен. Лексикалық метафоралар лексикалануға жатады. Мысалы, қоғам мүшесі, ұжым мүшесі, т.б. дегендей мүше: иненің көзі, құлақтың көзі, күннің көзі, т.б. дегендегі көз сөздерінде нақты мағынадан метафораланған атауыштық мағына туып тұр. Осындай жағдайда еркін тіркестерден жасалған фразеологизмдерден де көруге болады. Мысалы: күміс көмей, сиыр құйымшақ, ат жақты, қоян жүрек, суық тер, сиыр сәске, бүйірі бұру, қызыл кеңірдек, ала қол, санын соғып қалды, бармағын тістеу сияқты фразеологизмдер еркін тіркестік мәнінен айырылып, жеке сөздерге пара-пар мағынаға ие болып тұр.

Сондай-ақ лексикология фонетикамен де үнемі байланысты. Сөздер көбінесе бірнеше дыбыстың тарихи қалыптасқан тіркесімен айтылғанда ғана белгілі бір мағынаны білдіреді. Тілдегі сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі олардың мағыналарының өзгеруіне әкеп соғады. Мәселен, ал, әл, ол, іл, ұл дегенде дауысты дыбыстардың өзгеруінен әр түрлі мағына беретін сөздер жасалып тұр.

Тілде белгілі бір дыбыс өзгергенімен, сөздердің сыртқы тұлғасы да, мағынасы да оншалықты өзгеріске ұшырамай, үнемі ұқсасып келетін жағдайлары болады. Мысалы: айғай – айқай, бау – бақ, сұрау – сұрақ, шұқыр – шұңқыр, бәйге – бәйгі, үлгіру – үлгеру, түгендеу – түгелдеу, жұдырық – жұмырық, жаңқа – жоңқа, т.б. Кез-келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауына, болмаса грамматикалық тұлға жасауына болмайды. Лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқылы жасалады. Сол арқылы тілде жалпыға ортақ сөздер қалыптасады да, олар ұпақтан-ұрпаққа мұра болып, сақтала береді.

Сөйтіп, тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын (өзінің қасиетін) сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, этимология, т.б. болып бірнеше салаға бөлінгенімен, осылардың барлығының да тексеретін – сөз. Тілдегі сөздерді бұлардың әрқайсысы әр жақтан алып қарастырады. Тілдің негізін жасайтын – оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры. Бұлардың екеуі де фонетикалық құбылыстармен тығыз ұштасып жатыр.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Лексикологияның жалпы сипаттамасы қандай?
2. Лексикологияның зерттеу нысанына нені жатқызамыз?
3. Лексикология қандай салалармен байланысты?
4. Лексикология саласын бөліп қарастырған кімдер?
5. Неліктен лексикология саласын бөліп алып қарастырған орынды?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 2. СӨЗ - ЛЕКСИКАЛЫҚ ТҰЛҒА. СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІГІ. (2 сағат)

Дәрістің мақсаты: Сөз және оның тілдік бірліктерімен таныстыру. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына айырмашылығын түсіндіру. Мағына категориясына тоқталып, түсінік беру.

Дәріс жоспары:

1. Сөз және оның басқа тілдік бірліктерден ерекшелігі.

2. Мағына категориясының тіл білімінде қойылысы.
3. Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы.

Сөз – тілдің ең маңызды, ең басты категориясы.

Сөз – ұғымның материалдық көрсеткіші.

Белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығы лексика деп аталады. Лексика тіл білімінде сөздік құрам деген терминнің синонимі ретінде қолданылып, тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, белгілі бір тілдің бүтіндей сөз байлығы деген ұғымды білдіреді.

Тіл-тілде сөздердің түрлері көп. Тілдегі сөздердің басым көпшілігі өмірдегі сан алуан құбылыстарды (зат, сап, белгі, іс-әрекет) белгілейтін атау сөздер болып келеді. Мысалы: үй, көл, жер т.б. зат, қимыл, сапа-сын атаулары. Бұлардың әрқайсысында толық лексикалық мағына, логикалық ұғым бар. Және мұндай сөздердің тобы – тілдің сөздік құламының ұйытқысы, сөздікті дамытудың, жаңа сөз жасаудың қайнар көзі, сөздік ұғымы, атауыштық мәні, синтаксистік қызметі бар сөздер. Яғни мұндай сөздерге зат есім, сын есім, етістік, үстеу сөздер жатады, орыс тілі ғылымында бұл топқа енетін сөздер – знаменательные слова деген ортақ атаумен аталады.

Тілімізде бұдан басқа толып жатқан есімдік, сан есім, одағай, шылау сөздер де бар. Бұл сөздерде алдыңғы топтағыларға тән қасиеттердің бірі болса, бірі болмайды: олардың жасалатын туынды сөздер де көп емес, сондықтан тілдің сөздік құрамын дамыта алмайды. Бұлардың атауыштық мәні мен ұғымға қатынасы жоқ.

Сонымен лексиканың, негізінен, қарастыратыны – табиғат пен қоғамдағы сан алуан құбылыстар мен заттардың аттары болатын дербес сөздер.

Табиғат пен қоғам өміріндегі құбылыстардың бәрі де тілдегі сөздермен аталады. Дүниеде бар нәрсенің сөзбен аталмағаны жоқ десе болады. Адам күнделікті қоғамдық еңбек процесінде айналадағы заттардың, жаратылыс құбылыстарының өзі бұрын білмеген сырларын таниды, түсінеді. Адамның айналадағы заттарды танып, білуі сөз арқылы тұрақты ұғым болып қалыптасады. Зат пен құбылыстың тілде сөзбен аталатыны жайлы және айрықша белгісі бойынша аталатыны туралы В. И. Ленин Л. Фейербахтың мына сөзін келтіреді: “Сезім арқылы қабылдау затты береді, ал ақыл-ой оған ат береді. Сезім арқылы қабылдауда жоқ нәрсе ақыл-ой да жоқ, бірақ сезімдік қабылдауда шын бар нәрсе ақыл-ойда наминалдық түрде, аты жағынан ғана болады. Ақыл-ой жоғары тұрған нәрсе, әлемнің әміршісі, бірақ шындық жағынан емес, аты жағынан ғана. Ал аты дегеніміз не? Ерекше белгі, көзге түсетін бір белгі, затты өзімнің жан-жақты білуін үшін затты сипаттайтын бұл белгіні мен заттың өкілі етемін.

Сөз бір затты, құбылысты немесе қимылды, сапаны олардың бір-біріне қарым-қатынасынсыз атайды (стол, кітап, қызыл, жүру, бару). Сөздердің мағыналарында сол заттар мен құбылыстардың өмірдегі қолданылуы мен түсінілуіндегі ең басты қасиеті мен ролі қоғамдық ұғыныс (общественные понимание) ретінде бейнеленеді. Сондықтан да әрбір тілдегі сөздер сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың барлық адамдарына түсінікті болады.

Сөз жеке нәрсені аңғартады, сонымен оның әрқашан жалпылама мәні болады. Мысалы, өзен, тау деген сөздерді әрқайсысы бір ғана затқа тағылған ат емес, осы категорияға жататын бір тектес нәрселердің барлығына бірдей айтылатын, жалпылама атау. Өзен деген сөз белгілі бір өзенді ғана атап қоймайды, жалпы өзен атаулының атауы. Ол өзен терең бе, таяз ба, ұзын ба, қысқа ма – ол жағы тәптіштелмей, әйтеуір, өзен атаулының бәрі бірдей жалпылама аталады. Сол сияқты тау деген сөз тек белгілі бір ғана тау дегенді білдіріп қоймайды, жалпы тау атаулыны білдіреді. Сөздердің осындай жалпылама қасиеті болатындығы туралы В.И.Ленин: «Сезімдер, реалдылықты көрсетеді. Ой мен сөз жалпы болады», - дейді. Сөздің жалпылаушы қасиеті оның ең басты ерекшелігі болып табылады.

Сөз. Сөздің дыбыстық және мағыналық жағы. Сөздің екі жағы болады: бірі – материалдық жағы, дыбыстық жағы да, екіншісі – идеялық жағы, мағыналық, ұғымдық жағы. Бұл екеуі өзара тығыз байланыста болады.

Сөздің дыбыстық жағы. Тіл дыбыстары – тілдің материалдық единицасы. Дыбыс – материалдық единица, сөзді құрастырушы бөлшек. Сөздің лексикалық единица ретінде өмір сүруі үшін оның дыбыстардың тіркесімен аталуы шарт. Дыбыстар – «құлаққа естілетін жай ғана дыбыстар емес», тілдің материалдық таңбалары, олар есту мүшесі арқылы қабылданады және бір сөзді екінші сөзден ажыратады (кел, ел).

Сөз белгілі бір (дыбыстық тіркес) комплекс арқылы айтылады, белгілі бір дыбыстық комплекс арқылы құлаққа естіледі, сол арқылы сөз түрінде қабылданады. Екінші сөзбен айтқанда, сөз ұғымының материалдық көрсеткіші жеке тұрып та белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіреді, сөйтіп, атауыштық функция атқара алады. Сонымен, сөз деп басқаға тәуелсіз жеке қолдануға болатын, жеке тұрып-ақ белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіретін тілдің бір бүтін мағыналық бөлшегін айтамыз.

Сөздердің атқаратын ең негізгі функциясы – атауыштық қызметі. Сөз – затқа, құбылысқа я олардың сыр-сипатына қойылған шартты атауы.

Сөздің мазмұны, ұғымы, оның мағынасын жасайды да, сөздің формасын оның дыбыстық құрамы жасайды. Ұғымның сөзбен айтылуы қаншалықты міндетті болса, сөздің дыбыстардың тіркесімен (жеке дыбыстан тұратын сөзден басқалары) айтылуы да соншалықты міндетті.

Тіл дыбыстары – тілдің материалдық единицасы. Материалдық единицалардан (дыбыстардан) құралған сөздерді бір-бірінен тіркестіріп қолдану арқылы ғана ойды білдіруге, пікір алысуға болады.

Сөздің дыбыстық жағы мен мағыналық жағын айта келіп,

А.И.Смирницкий: «Звуковая материя языка крайняя существенная для него (языка), без которой он не может существовать и развиваться как действительно важнейшее средство общения, составляет все же лишь одну его сторону, внешнею; у языка есть и другая сторона, внутренняя, смысловая сторона значений», - деген. Бұдан тілдің дыбыстық жағының тіл үшін қаншалықты маңызды екендігін көреміз. Егер сөздер дыбыстардың өзара тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір құралы да бола алмас еді. Лексикалық элементтер болсын, грамматикалық элементтер болсын белгілі бір дыбыспен немесе дыбыстардың тіркесімен атылады, сол арқылы өмір сүреді. Тілдің дыбыстық жағы оның дамуына, ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне мүмкіндік береді.

Бірақ заттың аты мен оның дыбыстық комплекстерінің араларында іштей табиғи байланыс болмаса да, сол дыбыстық комплекстің әрқайсысы белгілі бір ұғымның шартты белгісі я таңбасы ретінде қызмет етеді. Міне, осындай белгілі бір ұғымның атауы (белгісі, таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстық комплексті **сөз** дейміз. Сонымен, әр бір сөздің бір-бірінен тығыз байланысты екі жағы болады екен. Оның бірі – сөздің сыртқы дыбыстық жағы (сыртқы дыбыстық жамылғышы), екіншісі сол дыбыстық комплексі арқылы айтылатын, ұғынылатын мазмұны, бұл-ішкі жағы.

Дыбыстық комплекс белгілі бір затқа немесе құбылысқа атау ретінде бекітіледі. Бірақ дыбыстық комплекс өзі белгіленген заттың немесе құбылыстың қасиеті мен сапаларын көрсетеді. Анығырақ айтқанда, дыбысталудың табиғаты мен белгіленетін заттың арасында тікелей органикалық байланыс болмайды.

Дыбыстық комплекс (сөз) пен заттың арасында ешқандай табиғи байланыс болмағандықтан, дүние жүзіндегі әр алуан тілдерде белгілі бір зат немесе құбылыс әр басқа сөзбен аталады. Мысалы, бір ғана жәндік атауы. Қазақ тілінде – “балық”, орыс тілінде – “Рыба”, неміс тілінде – “fisch” т.б. аталады. Сөз бен оның атының арасында тек тарихи байланыс қана болады.

Сөздің мағыналық жағы. Дыбыстық құрам (дыбыстық комплекс) арқылы түсінілетін айналамыздағы зат я құбылыс жайындағы ұғымның аты, я атауы сөз дейміз дедік. Ал атаудың (сөздің) қоғамдық өмірде өзіне телінген мағынасы болады. Мағына сөз үшін сыртқы бірдеме болып саналмайды, сөздің өзіне тән және сөз

Негізгі мағыналарынан басқа туынды мағыналарға не болып, әр түрлі мағыналарда қолдануға икем келеді. Мысалы, көз деген сөздің әр түрлі келуін алып көрелік:

1) Арқасын босағаға тіреп, өткір қара **көзімен** бөлменің ішін бір шарпып өтті де, Жұмабекке қарады (Т. Ахтанов).

2) Күн **көзі** бүгін тым өткір (Ғ. Мұстафин).

3) Мөлдір бұлақтың **көзінен** бір шелек су алды.

Бұл мысалдарда **көз** сөзі – адамның көру мүшесі, күннің сәулесі, жарығы, судың қайнар жері деген әр түрлі мағыналарда қолданылып тұр, ол мағыналардың арасында жақындық, ұқсастық бар. Аталған әр түрлі заттардың **көз** деген бір сөзбен аталуын сол заттардың белгілерінің, қалайда болмасын, бір-бірімен ұқсастығына туған деп түсінеміз. Сонымен, мағыналарының арасында қалай да семантикалық байланысы бар, әр түрлі мағыналары сөз – көп мағыналы немесе полисемантизмді сөз деп аталады.

Сөз көп мағыналы болғанда, әр түрлі мағыналардың қатысы біркелкі болмайды. Сол әр түрлі мағыналардың ішінде бір мағына басым болып, басқаларына негіз болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы **көз** сөзінің әр түрлі мағыналарының ішінен “көру мүшесі” (адамның көзі) негізгі мағына болып саналады да, әр түрлі мағыналардың орталығы болып табылады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ауыз деген полисемантизмді сөздердің әлденеше мағыналары төмендегіше көрсетілген:

Ауыз зат. 1. Адам, жануарлар тағы басқалардың тамақтанатын мүшесі. Әшімбек басын көтеріп, **аузын** жыбырлатты да, балықтарға қайта үңілді

(Ғ. Мұстафин). Қара қасқа тұлпары Арандай **аузын** ашады, ілгері қарай басады

(«Қамбар батыр» жыры). 2. Үйдің, басқа заттың кіріп-шығатын жері, есігі. Көмір суырдың қазған інінің **аузына** шығып қалыпты (Ғ. Мүсірепов). 3. Ыдыс, сауыт, сауыттың мойын жағы, ашық жағы. Ол... бутылканың **аузын** аша бастады (Ғ. Мұстафин) т.б. мағыналары көрсетілген. Мұндағы **ауыз** сөзі көп мағынада қолданылып тұр.

Тілдерде көп мағыналы сөздердің жиі кездесуі неліктен? Олар қалай пайда болған?

Адам баласы қоғамының даму барысында танылып болмаған алуан түрлі заттар мен құбылыстар, олардың бір-біріне қарым-қатысы бір тіндеп танылып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Оларды тілдің сөздік қорындағы бұрыннан бар сөздермен де атауға болады. Осының нәтижесінде ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан, дағдылы мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі. Мысалы, көйлектің **етегі**, таудың **етегі** дегенде көйлектің **етегі** деген әбден қалыптасқан негізгі

мағына да, ал таудың **етегі** дегенде таудың **етегі** көйлектің **етегіне** ұқсастығы негізінде туған қосымша мағына.

Сөздің түрлі-түрлі мағынада қолдануға икемділігі оның жалпылауыш қасиетімен тығыз байланысты. Сөздің жалпылауыш қасиеті оның бұрынғы негізгі мағынасының үстіне қосымша жаңа мағыналардың үстелуіне мүмкіндік береді. Әр түрлі мағынада қолдануға икемділік сөздің өз табиғатында бар қасиет екені байқалады.

Сөйтіп сөз белгілі бір заттың не құбылыстың арнаулы аты бола отырып, ұқсас белгілері бар басқа затқа да (не құбылысқа) атау болады да, осыдан келіп, сөздің негізгі мағынасына басқа да әр түрлі мағыналар үстеліп қосылады.

Белгі (таңба) ретінде жұмсалады. Мәселен, *нан, сүт, ет, су* деген сөздерді алсақ, осылардың әрқайсысының әрі нақтылы, әр жалпылық ұғымы бар. Су деп ыдысқа құйып, ішкелі тұрған немесе арықтағы ағып жатқан бақша-бау суаратын суды да, сонымен қатар дүние жүзіндегі *мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ, құдық* біткеннің суын да атай беруімізге болады. Сондықтан да сөз қандай күрделі болса, оның мағынасы да сондай күрделі деп есептеледі. Тілдегі сөздердің білдіретін мағынасы мен сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай әлденеше топқа сала-сала болып бөлінеді. Қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық белгілеріне қарай атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер болып ең алдымен үш топқа бөлінсе, бұл топтың әр біреуі іштей лексикалық – грамматикалық белгілдеріне қарай тағы да жіктеледі. Мәселен, атауыш сөздердің өздері өзара есімдер және етістіктер болып бөлінсе, есімдердің өзі атауыш есімдер және үстеуші есімдер боп екі салаға топталады. Ал атауыш есімдер зат есім, сын есім, есімдік болып ажыратылса, үстеуші сөздердің өзі іштей үстеу сөздер және еліктеу сөздер болып сараланады.

Қазақ тіліндегі атауыш сөздер әр алуан зат есім, сын есім, етістік, үстеу заттар мен құбылыстардың, қимыл-қозғалыс пен іс-әрекеттің, сапа мен белгінің аттары болғандықтан, әрқайсысында толық лексикалық мағына және белгілі логикалық ұғымы болады. Бұл топтағы сөздер өзінің дербестігін сөйлем ішінде де, сөйлемнен тыс тұрып та сақтай алады. Тіліміздегі бірқыдыру сөздердің өзіне тән дербес лексикалық мағынасы мен белгілі логикалық ұғымы болмайды да, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру үшін немесе сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалып, грамматикалық амал ретінде қызмет атқарады. Сөздердің бұл тобы өзінің дербестігін сақтай алмайды, тек сөйлем ішінде абстрактылы грамматикалық мағынаға ие болады. Мұндай сөздерге септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер (шылаулар) жатады. Осындай мағыналық ерекшеліктері ескеріліп, тілдегі негізгі сөздерден бөлініп шылаулар көмекші сөздер деп аталады.

Тіліміздегі сан есім, есімдік, одағайларға жататын сөздер өздерінің мағынасы мен қызметіне қарағанда атауыш сөздер мен көмекші сөздердің

аралығында тұрған сөздер. Бұлардың білдіретін мағынасы сөйлемнен тыс тұрғанда нақтылығы оншалықты айқын емес, атауыш сөздердің біреуінің көлеңкесінде не жетегінде жүріп айқындалады. Мысылы: *Қазақстан өткен жылы Отан қоймасына бір миллиард пұттан астам астық құйды.* Осындағы *миллиард* деген сандық ұғымдағы сөздің нақтылы мағынасы заттық ұғымдағы сөздермен тіркесіп келгендіктен ғана айқындалып тұр. Сөйлемнен тыс тұрғанда миллиард деген сөз тек жалпы ұғымды ғана білдіре алады. «*Мен дағыз көп есіттім жастың назын*» (Абай). Осындағы *мен* деген жіктеу есімдігі заттың атауы емес, атаудың орынбасары ретінде жұмсалып тұр.

Одағайлар адамның көңіл күйін, сан алуан эмоциялық сезімін білдіреді. Бұларда ұғым да, дербес лексикалық мағына да болмайды. Мысалы: *Япырау, әттеген-ай, атын сұрамаппын зой* (М.Әуезов). *Қап, мұғалім қазір тақтаға мені шақырар ма екен* (Б.Соқпақбаев). *Ах, айтса, айтқандай* (Ш.Хұсайынов). *Аһ, Ержан зой, дауысы қандай ащы* (Т.Ахтанов). Осындағы *япырау, әттеген-ай, қап, ах, аһ* деген одағайлар айырықша интонациямен айтылып, адамның сан қилы күйініш-сүйініш сезімін білдіріп, сөйлемде эмоционалды-экспрессивті атқарып тұр.

Тіліміздегі атауыш сөздермен қатар көмекші сөздер мен одағайлар да мағына жағынан ала-құлалығына қарамастан, лексикалық единица ретінде танылады. Тілдің лексикология бөлімі де бұларды негізгі мәселе ретінде қарамағанымен, қосымша түрде объекті етіп зерттейді. Көмекші сөздер мен одағайлардың негізгі қызметін көбінесе тіл білімінің грамматика саласы тереңірек қарастырады. Сөздік құрамымыздағы сан мөлшері жағынан ең басым көпшілігі – атауыш сөздер. Бұлар ана тіліміздің негізгі ұйтқысы, жаңа сөздердің қаулап өсуіне бірден бір тірек болып табылады. Қазақ тілінің синонимдік байлығын жан-жақты зерттеп қарағанымызда, бұларды (синонимдерді) сөз табына қатыстығына қарай топтастырғанда да сан жағынан ең көбі атауыш сөздер екендігін анықтадық. Әсіресе етістіктер, онан соң зат есімдер, үшінші орынды сын есімдер алатындығы айқындалды. Осы меже тек синонимдерге ғана емес, жалпы қазақ тіліндегі сөз байлығының сан мөлшерін айқындауға да жорамал бола ма деп ойлаймыз. Демек, мұнан былайғы лексикологияға объекті етілетін зерттеулер негізінен атауыш сөздер болмақ. Айтылмақ теориялық қорытындылар мен заңдылықтар да атауыш сөздердің бойыннан шыққан ерекшеліктер деп түсіну қажет.

Сөздің негізгі мағынасы. Сөздің лексикалық мағынасы заттың, құбылыстың нақ өзі болмағанымен, ұғым арқылы түсірілген солардың бейнесі деп есептеледі. Сондықтан сөздің мағыналарын саралағанда ең алдымен оның алғашқы негізі манынасын табуға тырысады. Сөздің негізгі мағынасы айтушы мен тыңдаушыға ортақ нақты заттық ұғымды білдіреді. Нақты заттық ұғым сөз арқылы сөйлемде өзге сөздермен ешбір қарым-қатынасқа түспей-ақ статикалық күйде ұғынылады. Бұлар шындық өмірдің

көрінісі ретінде белгіленеді. Сөздің нақ осындай мағынасы әдетте лексикалық мағына деп аталады. Сөздің лексикалық мағынасы, негізгі мағынасы, тура мағынасы деген сөздер синоним ретінде жұмсалады. Мәселен, *аспан, тоғай, өзен, қызыл, сары, қозғалу, көру, былтыр, таңертең, жаздай* деген сөздер өзінің тура мағынасында осы тұрған қалпында айтушыға да, тыңдаушыға да бірдей түсінікті. Өйткені бұлар айналамыздағы бәрімізге танымал затпен құбылыстық атауы, күнделікті көріп жүрген шындық өмірдің көрінісі. Бұл көріністер баршаға ортақ белгілі дыбыстық комплекстер арқылы таңбаланып, бір тілде сөйлеуші коллективтің белгілеуімен жүзеге асқан үйреншікті сөз мағыналары арқылы түсінікті болып тұр. Сөздің нақтылығынан гөрі жалпылық қасиеті басым. Сондықтан ең алдымен адамның есіне сөздің жалпы мағынасы түседі. Мәселен, *адам* дегенде ойлау және сөйлеу қабілеті бар өмірге қажетті өндіріс құралдарына өндіре алатын және сол құралды қоғамдық еңбек процесіне пайдалана алатын жалпы жан иесін еске аламыз. Бүкіл адамзат біткенді айтамыз. *Аң* дегенде жабайы, тағы айуандардың жалпы жиынтығын түсінеміз. *Мал* дегеннен етін, сүтін, терісін, жүнін, күшін адам игілігіне пайдалануға болатын төрт түлік үй жануарлары деп білеміз. *Сиыр* дегеннен сүт пен май беретін аша тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірін ұғынамыз.

Сөздің жалпы мағынасымен қоса, нақтылы мағынасы болады. Сөздің нақтылы мағынасы белгілі контексте айқын көрінеді. Мұндай мағынаны сөздің қосымша мағынасы немесе туынды мағынасы деп атауға болады. Сөздің туынды мағынасы оның негізгі номинативті мағынасы арқылы, соның негізінде түсініледі. Мәселен, *адам* деген сөзді негізгі лексикалық мағынасынан туған қосымша туынды мағыналарын белгілі контексте алып көрсеттейік. Мысалы: *Естіп, көріп, ұстап, татып көрсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады* (Абай). *Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол дейді жақсылық* (М.Әуезов). *Баласы Қожағұлдың Біржан салмын, Адамға зияным жоқ жүрген жанмын. Қасыңа мені сендер неге алмайсың, өзім сері, өзім ақын кімге зармын* (Біржан).

Осындағы бірінші сөйлем мен үшінші сөйлемдегі *адам* деген сөз бүкіл адамзат ұғымында емес, әйтеуір бір адам, белгілі бір кісі деген мағынада бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалса, екінші сөйлемдегі *адам* белгілі бір кісі емес, бүкіл адамзат та емес, солардың аралығындағы көпшілік, қауым, халық деген мағынада қолданылып отыр.

Ұғым мен мағынаны бірдей, тепе-тең деп түсінуге болмайды. Сөз мағынасы ұғымды барлық қасиетімен түп-түгел қамтып көрсете бермейді. Ұғымның бір үзігін, ғана ұшқынын ғана көрсетеді. Сөздік ең негізі лексикалық номинативті мағынасының өзі ұғыммен пара-пар емес. Сондықтан сөз мағынасы қашанда ұғымнан кем түседі. Бірақ сол ұғыммен белгілі дәрежеде байланыс жасауға толық өкілдік ете алады. Белгілі

мөлшерде сол объективті шындықтың нақ өзін ұғындырады. Алайда мағына белгілі шындықты жан-жақты, әрі толық ұғындыруда ұғымнан кем соққанымен ұғымға тән алуан-алуан қосымша қасиеттерді, сыр-сипатты сипаттап, мәнерлеп көрсетуге келгенде мағына ұғымнан асып кетеді. Белгілі ұғымнан оншама байқалмаған, бірақ соған тән ерекше сипаттағы сөз мағанлары арқылы көз жеткізуге болады. Әсіресе сөздің эмоциялық стильдік мәндерін сөз мағыналары арқылы танып білеміз. Мәселен, *өлмелі кемпір, қаусаған шал* дегендегі өлмелі, қаусаған деген сөздер, біріншіден, әбден қартайып жасы жеткендікті білдірсе, екіншіден, қолынан ештеңе келмейтін дәрменсіз деп кемсіту, қорлау мағынасы бар. Тіл ойды ғана білдірмейді, сөздер арқылы ерік пен сезімді билеу үшін де маңызды қызмет атқаратын ролін ұғым емес сөз мағыналары жеткізеді. Ой адамға түсінікті болып қоюы жеткіліксіз, оның үстіне нақтылы ой әсерлі де тартымды, әрі көрікті де мәнерлі болуы қажет. Сөздің мәнерлілік қасиеті сөз мағыналарының белгілі контексте түрленіп қолданылуы арқылы болады.

Сөздің нақтылы мағынасының өзі бірде ұлғайып, бірде кішірейіп отыратын шартты ұғым. Сондықтан да бұлар белгілі контексте бағынышты, тәуелді болып тұрады. Қосымша немесе туынды мағына негізгі лексикалық мағынаның бөлініп-жарылып қолданылуы, соның ұшқындап таралуы. Бұлар да заман өткен сайын тұрақталып бекиді, орнығып әбден қалыптасады. Сөйтіп, негізгі лексикалық мағынамен пара-пар болып, терезесі теңеліп, белгілі контексте түспей-ақ, қалай айтылса түсінікті болып тұра береді. Мәселен, *сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды* (Мақал) дегендегі *сиыр* төрт түлік малдың бірі, аша тұяқты ірі қара ұғымында емес, осы түліктің бұзаулайтын, сүт беретін аналығы деген мағынада айтылып тұр. Демек, бұл сөздің де жинақты жалпы ұғымымен қатар нақтылы кішірейіп айтылатын қосымша мағынасы да барылығын көреміз.

Қазақ лексикологиясының қаз тұрып өмірге келгеніне онша көп уақыт болған жоқ. Ол даму, зерттелу, жүйелену үстінде. Сол тәрізді лексикалық мағынаның түрлері мен оның даму, қалыптасу заңдылығы жалғыз біздің тілімізде ғана емес, дүние жүзіндегі ең озық жан-жақты дамыған деген тілдердің өзінде де түбегейлі зерттеліп бір жүйеге түскен деп айту әзірге қиын. Бұл ғылым әлі де зерттелу, даму үстінде деп ұғамыз.

Советтік тіл білімінде академик В.В.Виноградов жасаған сөздің лексикалық классификациясы негіз етіліп басшылыққа алынып жүр. Ол кісі сөз мағынасын: а) тура мағына, ә) фразеологиялық байлаулы мағына, б) синтаксистік шартты мағына деп үш топқа бөледі. Академик В.В.Виноградовтың теориялық идеясын қазақ тілінің фактісімен түсіндіргенде де осындай болмақ.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Лексика қандай ұғымды білдіреді?

2. Сөздің неше жағы бар?
3. Сөздердің атқаратын ең негізгі функциясы қандай?
4. Сөздің мағыналық жағына қандай мысалдар келтіруге болады?
5. Сөздің негізгі мағынасы деп нені айтамыз?
6. Академик В.В.Виноградов сөз мағынасын неше топқа бөліп қарастырады?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 22, 27, 32, 33, 44,50.

Қ.ә: 22, 26, 27, 29, 31, 32, 34.

ДӘРІС 3. СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ.

Дәріс мақсаты: Сөз мағыналарының түрлерімен таныстыру. Сөздің тура және ауыс мағыналары, синтаксистік шартты мағына мен фразеологиялық байлаулы мағыналар жайында түсінік беру, ажырата білу. Метафора түрлеріне тоқталу.

Дәріс жоспары:

1. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.
2. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылу жолдары.
3. Сөз мағынасы ауысуының себептері.

Сөздің тура мағынасы. Сөздің зат пен құбылысқа тікелей байланысын тура мағына деп түсіндіреді. Бұл лексикалық мағына дегенмен дәлме-дәл келеді. Тура мағына заттар мен құбылысқа жанама түрде емес, тура бағытталады. Тура мағынадағы айтылған сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасы заттық-логикалық тұрғыдан айқыдалып белгіленеді. Сондықтан тура мағына да айтылған сөз азын-аулақ белгілі сөздермен ғана емес, алуан-алуан сөздермен кең түрде байланыс жасап, емін-еркін тіркесе алады. Мысалы: ал деген етістік тамақ ал, қалам ал, баланы ал, балғаны ал, кітапты ал деп толып жатқан сан қилы сөздермен тіркесіп айтыла береді. Сол сияқты жас деген сын есім жас адам, жас мал болып айтылса, *үлкен* деген сөз *үлкен үй, үлкен адам, үлкен бала* болып шексіз кете береді. Сондай-ақ, *киім* деген зат есімге әр түрлі сапалық белгі қосып қолдануға болады. Мысалы: *бас киім, аяқ киім, жылы киім, жұқа киім* т.б. Тура мағынасы жоқ сөз тілде некен-саяқ. Сөздікте сөз мағыналарын жүйелегенде негізгі мағына қашанда бірінші алынады. Демек, тура мағынада жұмсалған сөздің қимыл-қозғалысына, қолданысына ешбір шек қойылмайды. Тура мағынада сөздердің осындай жан-жақты, емін-еркін қызметіне қарай бұларды кейде ерікн мағына деп те аталады. Тура (еркін) мағына фразеологиялық байлаулы – мағынаға, қарсы қойылып, соларды бір-бірінен ажырату үшін пайдаланылады.

Фразеологиялық байлаулы мағына. Сөздің қалыптасқан тұрақты сөз тіркесінде көрінетін лексикалық мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына делінеді. Сөз өзінің тура номинативті мағынасында заттар мен

құбылымтарға тікелей бағытталып, қыруар сөздермен тіркесіп айтылуға өте-мөте бейім келсе, фразеологиялық байлаулы мағынада кез келген сөзбен емес, санамалы арнаулы сөздермен ғана тіркесіп қолданады. Мәселен, *қысыр* деген сөз буаз емес, төлдемейтін бойдақ деген өзінің тура мағынасында *қысыр бие*, *қысыр сиыр* деп біркыдыру сөзбен оңды-солды емін-еркін айтыла береді. *Қысыр сөз* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *қысыр* деген *бос*, *мәнсіз* деген мәнді білдіріп, номинативті (еркін) мағынада емес, фразеологиялық байлаулы мағынада қолнадылып тұр. Бұл байлаулы мағына өзге сөздермен емес, тек сөз деген сөзбен тәркескенде ғана пайда болады. Қазақ тілінде *құлқын* деген сөздің тура мағынасы ындын деген ұғымды білдіреді. Осында *құлқыны құрыды*, *құлқынның құлы* деген фразеологиялық тіркестер жасалған. Ал *құлқын сәрі* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *құлқын* сөзі тура мағынасынан бір жола ажырап, өте, тым деген фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалынып отыр. *Құлқын* деген сөз *өте*, *тым* деген фразеологиялық байлаулы мағынаға тек *сәрі* деген сөзбен тіркескенде ғана ие болады. *Қасқа жол*, *қасқа бұлақ* деген тұрақты сөз тіркестердің құрамындағы *қасқа* деген сөз анық, айқын, сонадан көрінетін деген фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалады. Бұл мағына өзге сөздермен тіркескенде емес, тек жол мен бұлақ сөздерімен тіркескенде ғана көрінеді. Демек, фразеологиялық байлаулы мағына тіркесіп айтылған сөздерге тікелей бағынышты болып тұрады. Солардың өзара матасып байланысуынан көрінеді. Сондықтан да бұлар тура (ерікті) мағынадан айырықша ажыратылып, сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасы деп аталады. Фразеологиялық байлаулы мағынаға ие болған тұрақты сөз тіркестерінің көбінесе синонимдік баламалары болады. Мәселен, *бала жігіт*, *бала бүркіт* дегендегі *бала* сөзін *жас* дегенмен ауыстыруға келеді. *Аталы сөз* дегендегі аталы сөзін орнын тапқан жүйелі сөз деуге болады. *Су жорға*, *судай жорға* дегенді *су төгілмес жорға*, *төрт аяғын тең басқан жорға*, *шайқалған жорға* деуге келеді. *Ата қоныс*, *ата дәулет* дегендегі *ата* деген сөзді байырғы, ежелгі деген синонимдермен алмастыруға әбден болады. Алайда бұлар басқадай сөзбен сол мағынаны айқындап түсіндіріп бергенімен, фразеологиялық байлаулы мағынадағы көрінген сөз тіркесінің бейнелігінен үзілді-кесілді қол үзеді. Бұлай еткенде өзгерген түрі тұрақты тіркес болу қабілетін мүлдем жояды.

Тура мағынадағы сөздердің қолдану шеңбері соншалықты кең, ал фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздердің қолдану өрісі соншалықты тар, шектеулі деп бір-біріне қарама-қарсы қойып айту лексикалық мағыналардың өзара кереғарлығынан, алшақтығынан шығады. Фразеологиялық байлаулы мағына синонимдік қатарлардың жасалуына негіз бола алмайды.

Синтаксистік шартты мағына. Сөз бен оның білдіретін ұғымының арасында ешқандай табиғи байланыс болмағандықтан, бір сөз бірнеше

затқа, құбылысқа ортақ атау болып ауысып қолдана береді. Сөздер белгілі контексте қолданылу жүйесіне қарай әдеттегіден тіс басқадай ерекше үстеме мағына жамап алуы ықтимал. Осындай жол-жөнекей синтаксистік қызмет атқару үстінде пайда болған лексикалық мағына сөздің синтаксистік шартты мағынасы делінеді. Мысалы, *Жәрмеңке жастық уақыт өтіп кетіп, бұл күнде тоқталып тұр сол базарым* (Ақан сері). *Айтып-айтпай немене Исатайды өлтіріп, Серкесінен айырылып, Сергелдең болған біздің ел* (Махамбет). *Егер осы кісінің іріктеген тұқымымен ауданды қамтамасыз етсек, зор табыстың кілті қолға түскен болар еді* (Ғ. Мұстафин).

Осындағы *жәрмеңке, базар* деген сөз өзінің тура мағынасында емес, белгілі контексте қолданылып, *қызық, думан* мағынасында айтылып тұр. *Серке* тартырылған еркек ешкі мағынасында емес, *қолбасшы, жетекші, басшы* деген мағынада жұмсалған. Ал *кілт* құлыпты ашатын ашқыш емес, бір *нәрсенің тетігі, тұтқасы* ұғымында бейнеленіп айтылып, әр түрлі экспрессивті- эмоциялық мән тудырып отыр. Бұл сияқты ауыспалы тиянақсыз мағыналар белгілі контексте сөйлем ішінде көрінетін болғандықтан, синтаксистік шартты мағына деп аталынған. Қазақ тіліндегі сөздер бұл тәрізді ауыс мағынаға өте-мөте бай. Олар жағымды мағынада да, жағымсыз мағынада да екі жақты қолданыла береді. Мәселен, сөйлеу тілінде *киім* дегеннің орнына үстімде *лыпам жоқ, үстіңнен жабуың бір түспейді* деп, белгілі сөздерден әр түрлі жағымсыз мән тудырып айта береді. Ауызекі тілде *омырау, көкірек, кеуде* дегендер орынсыз өжеттікті, өзін жоғары санаушылықты білдірсе, *құлқын, өңеш* дегендер өзінің қара басының қамынан басқаны білмейтін жемқор, парақорларды көрсетеді. Сөйлеу тілінде *артында қоңырауы бар* дегеннен әр дайым бір нәрсені бүлдіріп алып, әңгімеге ілігіп жүретін орашолақ, тиянақсыз адамды түсінеміз. *Құдық* деген сөздің контекстегі шартты мағынасынан жалмауыз, мешкей дегенді ұғынуға болады. *Шымылдық* дегеннен жасырын сыр, бүкпе дегенді түсінеміз. Тілдегі кейбір сөздердің әрі тура мағынасы, әрі фразеологиялық байлаулы мағынасы, әрі синтаксистік шартты мағынасы да бола беруі мүмкін. Мәселен, *ауыз* деген сөздің тура мағынасы “*жан-жануардың тамақтану мүшесі*” болса контекстік шартты мағынасы – *кісі, адам* деген ұғымды (*көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады*) білдіреді. Ал *ауыз үй, ауыз омыртқа* дегендегі *ауыз* алдыңғы, бірінші деген мағынаны *бір ауыз сөз* дегендегі *ауыз сөйлеу* деген мағынаны білдіріп, фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалып тұр. Сөздің ауыз мағынасы затқа тікелей бағытталмайды, басқадай заттар арқылы соған салыстырма ретінде қолданылады. Бір адамның надандығын, ақымақтығын айтқымыз келсе, *мал, есек* дейміз: момындығын, жуастығын айтқымыз келсе - *өгіз не қой аузынан шөп алмайтын* дейміз: бассыздығын айтқымыз келсе – *айуан (хайуан)* дейміз: қасақылығын айтқыңыз келсе, *сиыр* дейміз: өткірлігін айтқымыз келсе *қасқыр* дейміз: оңбағандығын айтқымыз келсе - *ит*

дейміз: айлакерлігі мен қулығын айтқымыз келсе – *түлкі* дейміз; әзәзілдігін айтқымыз келсе – *шайтан* дейміз, суға жүзгіштігін айтқымыз келсе – *балық* дейміз; мейірімсіздігін, қатігездігін айтқымыз келсе – *таз* дейміз; қаһарлылығын айтқымыз келсе – *айдаһар* не *жылан* дейміз; икемсіздігін айтқымыз келсе – *аю* не *түйе* дейміз; көлгірлігі мен қисықтығын айтқымыз келсе – *маймыл* дейміз, жеңілдіктігін айтқымыз келсе – *көбелек* не *ешкі* дейміз, төзімділігін айтқымыз келсе – *тарамыс* дейміз; әншілігін айтқымыз келсе – *бұлбұл* дейміз көрегендігін айтқымыз келсе – *қыран*, *көріпкел* дейміз.

Адам баласы жан-жануарлардың әрқайсысының өзіне тән жағымды-жағымсыз қылықтарын бір-біріне ауыстырып айту арқылы сан қилы экспрессивті-эмоционалық мән тудырған. Бара-бара сол мағыналар әбден қалыптасып, сөздің контекстік мағыналарына айналған.

Сөздің лексикалық мағыналарының бәрі де сөздіктен белгілі дәрежеде орын алады. Әуелі сөздің тура (еркін) мағынасы, онан соң оның туынды (қосымша) мағыналары келеді. Соңынан сөздің контекстік шартты мағынасы мен фразеологиялық байлаулы мағыналары орналасады. Сөздің фразеологиялық байлаулы мағыналары сөздікте көбінесе фразеологиялық тіркестердің ішінде барлық мағыналардан соң беріледі. Мәселен, *қысыр сөз*, *құлқын сәрі*, *қасқа жол*, *қасқа бұлақ*, *бала жігіт*, *бала бүркіт*, *судай жорға* деген тұрақты тіркестердің көпшілігі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» фразеологиялық тіркестердің ішінде (1959 және 1961 жылғы сөздікте алфавитке түсірілмей, аралас-құралас берілсе, онан кейінгі сөздікте алфавит тәртібімен) келген.

Тілдегі кез келген сөздің (некен-саяқ сөздерді есептемегенде) тура мағынасы болады. Алайда сөздік құрамдағы кез келген сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасы мен контекстік шартты мағынасы бола бермейді. Номинативті (ерікті) мағынаға ие болатын атауыш сөздердің көбіне-көп жұмсалыу қабілеті күшті болады. Әсіресе, зат есім, етістік, сын есімдер тура мағынада да, ауыспалы мағынада да тілде оңды-солы, жан-жақты белсенді қызмет атқарады. Сол себептен болса керек, осы топқа жататын сөздердің көпшілігі өздерінің тұрақты мағыналарының үстіне ерекше көркемдік реңк беретін (бейнелі) контекстік шартты мағыналар қосып алған. Мәселен, *шыжық* деген сөз белгілі контексте *мехнат*, *бейнет* ұғымында; *соқыр* – *надан*, *топас* мағынасында; *шалқу-асып-тасу*, *масаттану*, *масайрау* мағынасында; *сору* – *аяусыз қанау*, *жеу* мағынасында, *қуыру* – *тықсырып қысу* мағынасында бейнелі түрде қолданыла береді. Бұл сөздердің бейнелі мағынасы белгілі контекстен ажыраса болғаны, олар көркемдік сипатынан қол үзіп, өздерінің заттық тура мағыналарын білдіреді. Демек, сөздің контекстік шартты мағынасы тұрақсыз болады. Сондықтан да олар шартты мағына деп аталынады.

Сөздің ауыс мағынасы және оның жасалу жолдары. Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол халықтың басынан өткізген бүкіл

өмір тіршілігін, жалпы өткен тарихын айнытпай дәл бейнелейтін таусылмас бай қазына, өшпес тарихи мұра екендігі даусыз. Қазақ халқының басынан кешкен көне тарихын, ақыл-ойын, тілек-мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, керек десеңіз, оның өзіне тән сезімі мен эмоциясын да білгіміз келсе, осы тілдің бай лексикасын түбегейлі зерттеу арқылы көз жеткізуге болады. Неге десеңіз, өмірдегі зат пен құбылыстың бейнесі ұғым арқылы бейнеленеді. Ұғым сөз арқылы беріледі де тілде сол арқылы өмір сүреді. Зат пен құбылыс болмаған жерде ұғым да жоқ, ұғым жоқ жерде сөз де болмайды. Сөз мағынасы өмірдегі зат пен құбылыстарды топшылап, жалпылама көрсетеді. Сөз мағынасында әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы, ұлттық сипаты болады. Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де, ішкі себептер де ықпал етеді. Әсіресе, Сөздің мағынасының өзгеруіне ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда, бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарымен өзара тығыз қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз, не жаңа мағына бұрыннан тілде өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер мен мағыналарға қандай әсері болса, байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың, жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға да сондай әсер етуі ықтимал. Бұлар бірнеше амал- тәсілдер арқылы жүзеге асады. Қазақ тіліндегі жаңа мағыналардың даму жолдары метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы келіп шыққан.

Метафора. Сөздің тура мағынасы заттың қоғамдық түсінігін білдіреді. Сондықтан да, сөздің түрі тура мағынасы қашанда тұрақты, әрі айқын. Негізгі мағына әрқашанда ауыспалы мағынаны қайнар көзі, базасы.

Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі белгілі бір ұқсастық белгілеріне қарай сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуын метафора дейміз. Тіл білімінде бұл заңдылықты кейде ұқсату заңы деп те атайды. Метафора тілдегі қолдану сипатына қарай: а) тілдік (сөздік) метафора, ә) тұрақты метафора, б) жеке қолданыстағы (индивидуальная) метафора болып үшке бөлінеді.

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосы, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тіліміздегі көп мағыналы сөздердің бірқыдыруы осы тәсіл арқылы жүзеге асқан. Тілдік метафораның жалпы халықтық сипатына қарап дәстүрлі метафора деп те жұмсалады. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде мынадай көп мағыналы сөздер шыққан. Мәселен, *аяқ* деген сөздің ең алғашқы заттық мағынасы деп *адам мен жан-жануарлардың жүріп-тұру қызметін атқаратын мүшесі* деп

түсінеміз. Мұнан кейін *стол* мен *орындық* тәрізді жансыз заттарды *төрт таған тіреуішін* де *аяқ* деп ұқсаттырып айтқан. Бас пен аяқтың бірі жоғары, екіншісі төмен келуіне қарай (*ауылдың басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шықтым* дегендегі) үшінші мағына пайда болған. Кейінгі кезде жаңа техникалық тұрмысқа кеңінен енуімен байланысты, *екі аяқты велосипед, үш аяқты мотоцикл* деп те ұқсатып *аяқ* сөзіне жаңа мағына қосып айтатын болдық. Сөздің мағына жақтан қорланып дамуы осы тәрізді жаңа сапа элементтерінің біртіндеп молаюы арқылы іске асады.

Сөз біткеннің бәрі метафоралық тәсіл арқылы ауыс мағына жасай алмайды, тілдегі заттар мен құбылыстардың атын, іс-әрекетін, сапа мен белгілерін білдіретін сөздер ғана жасайды. Бұлар сөзге нақтылы мағына қосып, семантикалық аясын үнемі кеңейтумен болады. *Мүше* деген сөздің ең алғашқы мағынасы жан-жануарлардың анатомиялық денелерінің жеке-жеке атауларын білдіру болған. *Дәулет құсын бауыздап, аспазшы қатынның қолына берді де: бір мүшесін қалдырмай ас деді* (Иса Байзақов). Мұнан соң *мүше* сөзі сый ретінде біреуге берілетін белгілі *үлес, сыбаға* мағынасын білдірген. *Батырдан сауға мергеннен мүше деген* (Мақал). Революциядан кейінгі кезеңде белгілі ұйыма кірген адамды мүше деп айтатын болдық. Мысалы: *Абылхан колхозға мүше болып кірді. Әуезқан партияның мүшелігіне өтті. Хамит Жоғарғы Советтің мүшесі болып сайланды.* Сонымен бірге қазақ тілі білімінде *сөйлем мүшесі, үйірлі мүше, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше* деген толып жатқан терминдік мағыналар пайда болды. *Жұғу* деген сөздің лексикалық тура мағынасы *бір заттың екінші затқа тиюі арқылы бір-біріне жабысуы* деп (*үстіме күйе жұқты, киімге шаң жұқты, қолыма май жұқты*) түсінсек, онан кейін аурудың біреуден-біреуге тарауын, ауысуын (*сынықтан басқаның бәрі жұғады*) білдірген. Мұнан соң біреудің жақсылы-жаманды мінез-құлқы, өнері, қылығы өзге бір адамнан да ұқсасып табылуын айтқан. *“Тұқымынан дуана көп шығып еді, жұққан екен”*. (Ғ.Мұстафин).

Бір затқа, құбылысқа сапаға тән қанша қасиет, неше ерекше белгі болса, соларды ұқсастырып айтудан бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады. Мәселен, *қалың* деген сапалық ұғымды білдіретін сын есімнен мынадай ерекше белгілер аңғарылады: *Қалың нәрсе жуан болады, оның үстіне ол тығыз, әрі жиі, көп боп келеді.* Бір сөздің бойына сыйған осыншалық ерекшеліктердің әрқайсысы сөйлемде жеке-жеке дербес мағына тудырып, бас-басына сараланып көрінеді. Мысалы:

1) *Қалың деген сөздің жуан, толық деген мағынаны білдіруі. Қалың денелі әйелде тұрақты сезім сирек кездеседі.* (М.Әуезов).

2) *Қалың деген сөздің көп, мол деген мағынада жұмасалуы. Қалың жұрттың алдында сөйлеп көрген пенде емес едім.* (М.Иманжанов).

3) *Қалың деген сөздің жиі, тығыз, бітік деген мағынада қолданылуы. Екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты.* (Ы.Алтынсарин).

Сөзге қосылған үстеме (туынды) мағына заттың құбылыстың бойында бар сан алуан ерекше белгілердің негізінде ауыстырып қолдану арқылы жасалады. Сондықтан бір сөзден тараған қосымша мағыналар бір сөз табына да, кейде әр сөз табына да қатысты болып келеді. Мәселен, *балапан* деген зат есім (*құстың баласы* деген ұғымда), осы сөздің метафоралық ауыспалы мағынасы сындық мағынада жұмсалады. *Тасада өскен балапан қарағайлар мен шоғыр бұталар да анық көрінеді.* (Т.Ахтанов). *Шыны* деген зат есімнің (*әйнек ұғымында*) де метафора тәсілі арқылы жасалған ауыс мағынасы сындық ұғымды білдіреді. Мәселен, *шыны май, шыны қар, шыны көз* т.б

Сол тәрізді сын есімге қатысты сөздердің метафоралық ауыс мағыналары да кейде заттық ұғым тудыра береді. Мәселен, *суық, шала, сынық* тәрізді сын есімдер контексте заттық мағынада қолданылады. Мысалы: *Құрт езген, я сүзбе қатқан ыстық ыстық сорпа кісіні суыққа тоңдырмайды* (М.Ермеков). *Жанып таусылуға айналған шалалардың басы күлге көмілді* (С.Мұқанов). *Қайыр қисайған қазан, қираған кесе сынықтарын көрді* (С.Адамбеков). Аталған сөздердің метафоралық ауыспалы мағыналары белгілі бір контексте бірде зат есім (*балапан, шыны*) сындық мағынада, бірде сын есім (*суық, шала, сынық*) заттық мағынада жұмсалып тұрғанымен, бұларды әр сөз табына жатқызып, омоним ретінде қарауға болмайды. Бұл тәрізді сөздердің ең алғашқы лексикалық тура мағынасы қай сөз табына қатысты болса, содан өрбіген туынды(қосымша) мағыналарды да сол сөз табына жатқызу жөн болады. Бұл идея олардың мағыналардың шығу тегі бір екенін бір негізден (тура мағынадан) таралғандығын айқындап көрсетіп тұрады. Метифораның негізінен туған келтірінді мағына сөздің сөздіктегі мағынасына еніп, оның туынды мағыналарының қатарында қаралады. Мәселен, *астар* деп әдетте *киімнің ішкі жұқа қабатын* түсінеміз. Сонымен қатар сөздің астары бар деп те айтамыз. Бұл жерде *астар* деген сөз басқаша мән, *өзгеше сыр* дегенді білдіреді. Соңғы мағына алғашқы тура мағынадан шыққан қосымша туынды мағына деп есептеледі де, сөздікте астар сөзінің тұрақтанған, үйреншікті лексикалық мағыналарының бірі ретінде көрсетіледі.

Тұрақты метафора ойды естен кетпестей түсінікті етіп тыңдаушыға жеткізу үшін қажет. Ой неғұрым көркем құрылса, соғұрлым тыңдаушыға түсінікті, әрі әсерлі болады. Ойдың көркемдігі жалпы халыққа таныс суретке құрылуымен тығыз байланысты. Адаммен күнделікті өмірден көріп, біліп әбден сыр мnez болған дүниелермен жазушының ойы қабысып, үйлесіп тұрса, шығарманың тіліде соншалықты тартымды болмақ. Тұрақты метафоралар көбіне-көп халық ақындарының творчестволарында жиі ұшырасады. Мысалы: *Ақындық өткір тілім, сын семсерін Тауып, дәл төбесінен таны түйреп* (“Айтыс”). *Баладай екі өркеші – шөл кемесі – Түйем де басқа малдан кем түспейді* (“Айтыс”).

Алтын дән аялаған кең алқапта, Жер кемесі – комбайн гүрілдейді
(“Айтыс”).

Ақындар айтыс өнерінде *өткір тілді – сын семсерге, түйені – шөл кемеге, комбайнды – жер кемеге балау* арқылы өз ойын тыңдаушыға әрі түсінікті, әрі соншама әсерлі етіп жеткізіп бере алады. Осындай бейнелі, теңеу сөз ауыздан-ауызға таралып, ұмытылмастай бірден-бірге жатталды. Ақырында жалпы халықтық сипат алып, тілге әбден етене болып сіңісіп, халықтық мүлікке айналады. Сөйтіп тілдегі сөздік құрамның бір бұрышында (поэзияда) жоғалмастай болып, мәңгі-бақи сақталады.

Бір кезде *мақтаны ақ алтынға, көмірді қара алтынға, астықты сары алтынға балап*, жай қолданған болсақ, бүгінгі таңда осы метафоралық теңеулер әдеби тілімізге әбден сіңісті болып, біржола орнығып алды. Жекелік қолданыстан гөрі, қазір жалпы халықтық қолданысқа актив болып ауысты. Міне, осындай өз шеңберін кеңейтіп, жұртшылықтың қажетіне жараған метафораларды **тұрақты метафора** дейміз. Тұрақты метафора барлық жанрда жалпылама кездесе бермейді, көбінесе белгілі бір жанрға телінді болады. Әсіресе поэзияда жиі кездеседі. Сондықтан тұрақты метафораны кейде **поэтикалық метафора** деп те атайды. Мәселен, халық ақындары *қылыш, семсер* дегендердің орнына поэзияда *алмас, болат* дегендерді жиі пайдаланады.

Мысалы:

*Беріспейсің бермейсің,
Жауға алмас сермейсің,
Қызыл әскер балаларым* (Н.Байғанин).

*Астына мініп ақ атты,
Қолына алды болатты* (Жамбыл).

Тұрақты метафора сөздің келтірінді мағынасы ретінде сөздік мақаланың мазмұнына енеді.

Жеке қолданыстағы (индивидуальная) метафора мен тұрақты метафора өзара тығыз байланысты. Алғашқысы соңғысының үлгісімен жасалады да белгілі бір ақынның я жазушының белгілі бір туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте сөздік мақаланың мазмұнына ене алмайды. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндігін көрсетеді. Сондықтан да келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады.

Мысалы:

*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта* (Абай).

*Еркін барып жайлаймыз,
Асқар таудың ар жағын.*

*Көріп келе жатырмыз
Коммунизм вокзалын (Қ.Аманжолов).*

*Бұл күйдің мұндай суретін
Ой құрықтап, тіл тауып
Айту, тіпті, қиынырақ (І.Жансүгіров)*

*Сен менің сезімді лапылдаптың,
Лапылдаптың жүректің отын жақтың.
Мен сонда келешектің нұр келбетін
Арманның дүрбісімен жақындаттым
(Т.Медетбеков).*

Осындағы көңіл құсы, коммунизм вокзалы, ой құрықтап, тіл тапты, арманның дүрбісі деген метафоралық қолданыстар әр ақынның өзіндік қол таңбасын танытады. Сондықтан да бұл тәрізді метафоралар жалпы халықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуальная) метафора деп аталады.

Метанимия. Іргелес не шектес екі заттың немесе құбылыстың бір атауға телініп бірінің орнына бірі алмасып қолдануын метанимия дейміз. Мысалы: *Бір Абай емес, биылғы жылы отырған бар ағайын, көп ауыл тегіс қаралы (М.Әуезов)* дегенде *ауыл – ел, халық* орнына; *Көпей жеңгемнің қолын сағынып жүрмін (Ғ.Мүсірепов)* дегенде *қол – дәм, ас* орнына; *Қазан піскенше бәрі машина көруге кетті (Ғ.Мұстафин)* дегенде *қазан – тамақ, ет* орнына; *Ділде шырақ жағып, шымылдықты түріп қойып, қонақтарға көрпе салды (М.Әуезов)* дегенде *шырақ – шам* орнына ауысып айтылып тұр.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Сөздің мағыналарын қалай жіктейміз?
2. Сөздікте сөз мағыналарын жүйелегенде бірінші нені алға қоямыз?
3. Метафора дегеніміз не?
4. Метафора тілдегі қолдану сипатына қарай нешеге бөлінеді?
5. Тұрақты метафора не үшін қажет?
6. Сөз мағынасы ауысуының себептері қандай?
7. Метанимия дегеніміз не?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 41, 46.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 4. КӨП МАҒЫНАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ. ОМОНИМИЯ.

Дәрістің мақсаты: Сөздің көп мағынасы туралы түсінік беру. Сөз мағынасының өзгеру себептерін қарастыру. Көп мағыналық.

Омонимдермен ұқсастық айырмашылығын дәлелдеу.

Дәріс жоспары:

1. Көп мағыналылық және оның туындау себептері;
2. Полисемияның басқа тілдік құбылыстармен байланысы;
3. Омоним және оның түрлері.

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мөлшерлерінп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда, тілдің өсу жағы сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, сапасымен (көп мағыналылығымен) де өлшенеді. Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірде-бір – сөздің көп мағыналылығы. Сөздің екі, я одан да көп мағынаға не болуын **сөздің көп мағыналылығы (полисемия)** дейміз. Сөздің көп мағыналылығы негізінде сөздік қордағы сөздерге қасиет. Неге десеңіз, бұлар – ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз тың мағыналар жасауға ұйтқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да, қарыштап дамыған, тұрақтанып әбден қалыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналы болып кездеседі. Сөздік қордағы сөздер де ең алғашқы пайда болған кезінде бұлар да аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін талай замандар өткен сайын, олар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жағадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналар қосақтаған. Мәселен, *қанат* деп ең алғашқыда құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесін айтқан. Онан кейін адамның екі қолының созылғандағы астыңғы жағын да айтқан (үстелге *қанатыңды* жаймай отыр). Содан кейін кигіз үйдің керегелерінің санын білдірген (*Алты қанат* ақ орда). Соңынан арба-шананың үстін кеңейту үшін салынған қалқа алғашты да білдірген (*қанаты* жоқ шанаға аз сыяды). Совет тұсында *қанат* сөзіне тағы да жаңа екі мағына самолеттің *қанаты* мен жаудың сол жақ, оң жақ *қанаты* дегендер келіп қосылды.

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен жамала қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айырықша қасиетінен, түліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын барлық қасиетімен толық қамтып, суреттеп бере алмайды. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын оның барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап, бірден көрсеткен болса, онда сөз ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал сөз ауыспалы мағынада жұмсалмаған болса, онда тілде көп мағыналы сөздердің кездеспеуі де мүмкін. Адам өмір шындығын бірден түгел білмей, уақыт озған сайын біртіндеп тани берген. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді біліп болғаннан кейін барып ұғым абстракцияланады. Оларды білмей, меңгермей тұрып, белгілі сөздер ауыспалы мағынада қолданылмайды. Адам бір затты алғаш көргенде, ең алдымен оның сыртқы қасиеттерімен

танысады. Сол қасиеттер кісінің сезім мүшелеріне аз да болса әсер етіп әйтеуір бір із қалдырады. Адамның санасында қалған сол көрген зат туралы түсінігі басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында, не атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастық негізінде сүйеніп, адамдар өзара ұқсас екі, я бірнеше затты бір атаумен атап жүре береді. Мәселен, адам баласы құдықты көргенде, ең алдымен, оның түбіне көз жібереді. Сол арқылы оның терең, я тайыз екендігін біледі. Мұнан кейін адам құдықтың түбінің бейнесін абстракциялап, басқа затпен салыстыра отырып, көптеген ұқсас заттарды да *түп* деп атап кеткен. Соның нәтижесінде бұл сөз көп мағыналы сөз болып қалыптасқан. *Түп* сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар. 1. Бір заттың бетіне қарсы тұрған жағы (ыдыстың түбі) 2. Өсімдіктің жерге кіріп тұрған бөлігі (Томардың *түбін* қопардық). 3. Орнатылған немесе қазып алынған ағаш (Бес *түп* ағаш отырғыздық). 4. Адамның шыққан тегі, арғы заты (Мен сол Керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім *Қызай*). (М.Әуезов). 5. Нәрсенің жаны, қасы (Москва *түбінде* фашистер талқан болды).

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туынды қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады. өмірдегі танылған әрбір ұғым жаңа атаумен атауды керек етеді. Ең алғашқыда бір сөз бір ғана ұғымды, я құбылысты білдіру үшін жұмсалған болса, кейіннен ол әлденеше ұғымды білдіру үшін қолданылады.

Бұл, біріншіден, адам баласының өмір заңдылығын терең тануы, білуі, сезінуі әсер еткен болса, еніншіден, оның мағына жағынан қорланып дамуына оның алғашқы тура мағынасы негіз болады. Мәселен, адамзат пен жан-жануардың көру мүшесін *көз* деп атаймыз. Сонымен қатар *иненің көзі, есіктің көзі, терезенің көзі, бұлақтың көзі* деп те қолданамыз. Түптеп келсек, осылардың семантикалық жағынан байып көбеюіне себеп болған сөздің ең алғашқы номинативті (еркін) мағынасы екендігі даусыз.

Сөздің семантикалық құрылысы неғұрлым күрднлі әрі бай болса, соғұрлым (көп мағыналы сөздердің) тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етіп отырады.

Омонимдер. Дыбысталуы бірдей, мағыналары басқа-басқа сөздер омонимдер деп аталады. Мысалы:

1. **Жүз** – жүз (сан есім).
2. **Жүз** - өң, бет, әлпет (зат есім).
3. **Жүз** – суда жүз (етістік).

Полисемия мен омонимдерді бір-бірінен ажырата білу қажет. Бұларды бір-бірінен ажырату проблемасы тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Алайда, полисемия мен омонимдердің барлығына бірдей қатынасты емес. Мысалы дене мүшесі - өкпе мен «наз, реніш» мағынасындағы өкпе сөзінің омонимдес екендігі ешбір күмән тудырмайды. Айқын омонимдес сөздер болғандықтан бұлар полисемиялы сөздерден оңай ажыратыдықтан, бұлар полисемиялы сөздерден оңай ажыратылады. Полисемия мен омонимдерді ажырату проблемасының қиындығы полисемантизмді сөздермен ұштасып, жапсарласып жатқан омонимдерге қатысты. Мысалы, «планетаның бір түрі» дегенді білдіретін ай сөзі мен «жылдың он екі бөлшегінің бірі» дегендегі ай сөзін полисемантизмді сөз дейміз бе, омонимдес сөздер дейміз бе? Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, «мағыналарының арасында байланыс бар ма, жоқ па?» дегенді айқындаудың қажеттігі айтылып жүр. Егер мағыналарының арасында байланыс сақталып, аңғарылып тұрса, онда ол мағыналар бір ғана полисемантизмді сөздің әр түрлі мағыналары ретінде танылады да, мағыналардың арасында семантикалық байланыс үзілсе, бұл күнде ондай байланыс аңғарылмаса, онда ол мағыналар бір сөздің емес, әр басқа сөздердің, яғни омонимдес сөздердің мағыналары ретінде танылады.

Полисемия мен омонимдерді бір-бірінен ажыратуда мағыналардың арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде негізгі критерий бола алмай қалуы мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде 1 той (зат есім), 2 той (етістік); 1) көш (зат есім), 2) көш (етістік) т.б. осылар тәріздес омонимдер бар. Бұл омонимдер әрқайсының құрамындағы есім сыңар мен етістік сыңар лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен алшақтап кетпейді, бұларда семантикалық бір тектестілік, бірлік бар. Бұларды омонимдер деп есептеуде негізгі таяныш омонимдік қатарға енетін сөздердің әр басқа сөз табына (бірінің есімге, екіншісінің етістікке) қатысты болуы, сөз өзінің нақты лексикалық мағынасынан басқа, белгілі бір сөз табының мағынасы категориялы мағынаға ие болады, өзі қатысты сөз табына тән формалармен түрленеді.

Омонимдердің айрықша түрлері болады. Олар - омофондар мен омографтар, омофоралар мен паронимдер. Бұлар омонимдер құбылысының қатарында қарастырылғанда, сөздердің, сондай-ақ кейбір сөз тіркестерінің орфографиялық (жазылу) жағы мен орфоэпиялық (айтылу) жағының ара қатынасы ескеріледі.

Омофондар деп біркелкі айтылып, бірақ түрліше жазылатын сөздерді айтады. Мысалы:

Қарал. Қарсы мағынасы – ақта.

Қара ала – ақ пен қара түстің араласқан түрі.

Біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздерді **омографтар** дейді. Мысалы: тартпа – «Столдың қағаз салатын жәшігі», зат есім сөз; тартпа – етістіктің болымсыз түрі. Алма

(«яблоко»), зат есім; алма- етістіктің болымсыз түрі. Екпін бұлардың зат есім сынарларының соңғы буынына түседі де, етістік сынарларының басқы буынына түседі. Осы тәріздес омографтардың сынарлары екпін арқылы ажыратылады.

Омоформалар деп сөздердің барлық формаларында емес, формалардың белгілі бір түрінде ғана бір-бірімен омонимдес болып келуін айтады. Мысалы, етістік жаз тек бұйрық рай түрінде (түбір күйінде) ғана зат есім жаз дегенмен омонимдес болып келеді.

Паронимдер деп ешбір мағыналық байланысты жоқ, бірақ айтылуда бір-біріне өте жақын, тіпті бірдей айтылатын, әр басқа сөздерді айтады. Мысалы:

- а) Салты бар әр ғасырдың, **әр уақытың,**
Ұстады шылбырынан **ару аттың;**
Сағынған ағасы мен ақ періште;
Беттеді ордасына **әруақтың.**

- б) Тоқтатқан Азнабайдай **әңгі нені,**
Арқада аңыраған **ән кім еді?**
Тамсанып тағы соған кәрі күйші,
Жағада жалғастырды **әңгімені.**

(Х.Ерғалиев).

Осындағы асты сызылған сипаттамалар паронимдер болады.

Омонимдік шек. Омофондар мен омографтар, омоформалар мен паронимдер де таза омонимдер емес, өйткені олардың кейбіреуі айтылуда бір-бірінен ажыратылып шектелсе, екінші біреуі жазылу жағынан бір-бірінен сараланып шектеледі. Таза омонимдердің қатарына айтылу жағынан да біркелкі болып мағынасы жағынан ажыратылатын сөздер енеді.

Каламбур. Омонимдер мен омографтардан, омоформалар мен паронимдерден кейде каламбур жасалып, сықақ, әзіл ретінде қолданылады:

Қалқам, жаным, **қарағым,**
Бетіңе келмес **қарағым**

(С.Торайғыров)

Омонимдердің жасалу жолдары. Тілдің даму барысында көп мағыналы сөздің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс үзіліп, соның нәтижесінде әр басқа екі сөз – омонимдес сөздер жасалуы мүмкін. Мысалы, «буылған жүк» мағынасындағы тең (Іші толған – буылған жүк, буулы тең мен сандықтар. М.Әуезов) деген сөз бен «бірдей» деген мағынаны білдіретін **тең** (Жер жүзінде ең биік, жоқ өзіне **тең** биік. С.Мұқанов) деген сөздер омонимдес сөздер болып саналады. Осы мағыналардағы **тең** деген екі сөздің шығу тегі бір. Екеуі де бір сөздің

мағыналық жақтан дамып, ол мағыналардың бір-бірінен алшақтауы нәтижесінде жасалған. Мұндай омонимдер бір сөздің лексика-семантикалық дамуы нәтижесінде жасалған омонимдер қатарына енеді.

Тілдегі бірсыпыра омонимдер тілдің даму барысында сөздердің әр түрлі фонетикалық өзгеріске түсуі нәтижесінде пайда болған. Мысалы: **Біз** жерден **біз** тауып алдық деген сөйлемде алдыңғы **біз** есімдік те, соңғы **біз** – зат есім. Бұл екеуінің өзара ешқандай мағыналық байланысы жоқ әр түрлі сөздер екені белгілі. Тілдің даму барысында етік тігетін құрал **бігіздің** құрамындағы дауыссыз дыбысы түскен де, сөздің ортасындағы екі дауысты **і**, бірігіп, бір дауысты дыбыс болып айтылған. Фонетикалық осындай өзгерістің нәтижесінде **бігіз** сөзі **біз** болып айтылып, есімдік **біз** дегенмен омонимдік қатар құраған. Етік тігетін **біз** қазірде де Қазақстанның оңтүстігінде және кейбір түркі тілдерінде, ұйғыр, өзбек тілдерінде **бігіз** түрінде айтылады. Фонетикалық осындай заңдылық **ер** деген сөздің (атқа салатын «ер» мағынасында) ертерек кездегі дыбысталуы, көне түрі егер екендігін байқауға болады. В.В.Радлов **ер** деген сөздің өзбек тіліндегі (ертедегі шағатай) түбір қалпы **егер**, туынды түрі **егерле** (қазақша **ертте** дегенмен бірдей) екенін көрсетеді. **Ер** сөзінің көне формасы қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде сақталған: оңтүстікте бұл сөз **ер** түрінде айтылумен бірге, **егер** түрінде де айтылады.

Кейбір омонимдер басқа тілдерден енген сөздердің қазақ тілінің лексикасында бұрыннан бар төл сөздермен дыбысталуы жағынан жақындасуының нәтижесінде жасалады. Мысалы: орыс тілінен енген **гиря** деген сөз қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына бағынып, дыбыстық өзгерістерге түсіп, қазақ тіліндегі **кір** («лас» және «ен» деген мағынадағы екі сөзбен) омонимдік қатар жасаған.

1. **Кір.** Бірнеше жерде **кірмен** өлшеніп шөп сатылып жатыр (Ғ.Мүсірепов).

2. **Кір.** Шайзада **кір** киімдерін бір бөлек, тазасын бір бөлек қойды.

3. **Кір.** Шаршап келген, жәбірленіп келген Омарға үйге **кір** деп те айтқан жоқ.

Алдыңғы мысалдағы **кір сөзі** орыс тілінен енген **гиря** сөзінен шыққан, соңғылары-қазақтың төл сөздері.

Сол сияқты «ат айдаушы» деген мағынадағы көшір деген сөз бен етістік **көшір** дегендер - өзара омонимдес.

«Ат айдаушы» деген мағынадағы көшір орыс тілінде кучер түрінде айтылады. Бұл – неміс сөзі. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Қазақ тілінде дыбысталуы өзгеріп, етістік **көшір** деген сөзбен омоним болып кеткен.

Сол сияқты араб, иран тілінен енген кейбір сөздер де дыбыстық құрамы өзгеріп, қазақ тіліндегі төл сөздермен омонимдік қатар құраған. Мысалы, «кездеме» мағынасында қолданылатын **мата** сөзі (... Матамен әдіптеткен (Абай) мен «байла» деген мағынада қолданылатын **мата сөзі**

(жіппен мата) өзара омонимдес сөздер. Түркі тілдеріне **мата** сөзі (зат есім) араб тілінен (арабша –матаәг) енген.

«Қатар» деген мағынадағы **сап** сөзі (сапқа тұру) мен «құралдың ұстайтын жағы» мағынасында қолданылатын сап (балтаның сабы) өзара омонимдес. Осындағы «қатар» деген мағынаны білдіретін сап сөзі араб тілінен (арабша-саф) енген.

Қазақ тіліндегі кейбір омонимдік қатардың құрамындағы компоненттердің бір сыңары иран тілінің сөзі болып та келеді.

Ағаш кесетін құрал мағынасындағы **ара** деген сөзбен бал жинайтын ара (жәндік) сөзі бір-бірімен омонимдес. Ағаш кесетін құрал мағынасындағы **ара** – шығу төркіні жағынан иран сөзі.

Тіліміздегі бірсыпыра омонимдер сөзге омонимдес жұрнақтар жалғану арқылы жасалған. Омонимдес жұрнақтар жалғанған туынды сөздер мағынасы жағынан да әр түрлі сөз табына қатысты болып келеді және олар әр түрлі сөздер ретінде ұғынылады да, сөздікте олардың әрқайсысы жеке лексикалық единица ретінде беріледі.

Жалғанған сөзінен бірден екі сөз тудыратын омонимдес жұрнақтардың қатарына –**ыс, -іс, -с, -ық, -ік, -қ, -к; -лас, -лес, дас, -дес, -тас, -тес** т.б. жатады. Бұл жұрнақтар жалғану арқылы жасалған омонимдерге төмендегідей мысалдар келтіруге болады.

1. Кіріс. Жомарттың есебінше колхоз кассасына жүз мың **кіріс** енгізбек. (Ғ.Мұстафин). **2. Кіріс.** Ызыға қарап, қамына **кіріс** дегендей белгі етіп еді (М.Әуезов).

1. Үйлес. Найзағай үйлес тас.

2. Үйлес. Сен онымен үйлес.

Туынды омонимдер сөздік құрамды байытуда айрықша қызмет атқарады. Бір сөзге омонимдес аффикстер жалғану арқылы бірден екі сөз (омонимдес сөздер) жасалады да, мұндай туынды омонимдердің жасалуы тілдің сөздік құрамын байытады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Сөздің көп мағыналылығы дегеніміз не?
2. Омоним дегеніміз не?
3. Паронимдер дегеніміз не?
4. Омонимдермен ұқсастық- айырмашылығы қандай?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 5. СИНОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ. СӨЗ ВАРИАНТТАРЫ. АНТОНИМДЕР.

Дәрістің мақсаты: Синоним құбылысымен таныстыру. Антоним құбылысымен таныстыру. Сөз варианттары туралы түсінік беру. Синонимдердің жасалу жолдарын, синонимдік қатар мен доминанттарға түсінік беру.

Дәріс жоспары:

1. Синонимия құбылысының тілдік табиғаты;
2. Сөз варианттары;
3. Антонимдер және олардың тілдік сипаттамасы.

Мағынасы жуық, өзара мәндес сөздер синонимдер деп аталады. Синоним сөздер - әр басқа ұғымды емес, бір ұғымды әр түрлі белгілейтін атаулар. Мысалы, 1. уақыт, мезет, мезгіл. 2. Мәлімет, ақпарат т.б. синонимдік қатардың құрамындағы сөздер өзара мәндес болғанымен, олардың бір-бірінен мағыналық жағынан қалайда бір айырмашылығы болады.

«Өмір ағысының қалай тез өтетін, қызықпен жүргенде, адам байқамай қалады екен (Ғ.Сланов). Бір жерден екінші жерге аударғанда, қой жылдам түгіл, жасамыс адамдардың өзі механизмді шапшаң үйреніп келеді (Ғ.Мұстафин). Болат дереу конвертті ашып, ішінен бір бет қағазды суырып алып судыратып оқи жөнелді(А.Байтанаев). Алғашқы жауған ақша қар таңертеңгілікте еріп, лезде қатып, мұзға айналды. (М.Омаров). Сөйтіп, осы заманғы паром сияқты сол қайықтар сәтте әзір болды (Г.Ян).

Сәнменен қыз-келіншек алдан шығып,

Заматта түрге түсті ауылдары (И.Байзақов).

Достары да орыс, қазақ, сан ұлттар,

Кетті демде мінез-құлқы үйлесіп (А.Тоқмағанбетов).

Бұл жұмысты шұғыл қолға алып, таяу арада аяқтап шығуымыз керек.

Зереден Әлім жол сұрасып,

Көп тұрмай жүріп кетті жедел басып (А.Қалауова)

Мысалдарда асты сызылған сөздер – синонимдер .

Синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жағынан айырмашылығы көбінесе сәл ғана, нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық айқын аңғарыла бермеуі мүмкін. Мысалы: мәлім, мағлұм, аян, белгілі. Осы ерекшелігіне қарап, синоним сөздерге мынадай да анықтама беріліп жүр. «Синоним деп әр түрлі айтылғанмен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, эмоциялық сәл ерекшеліктері бар, бір сөз табынан болған сөздерді айтамыз».

Тіл-тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, әр тарапты болса, тіл де соғұрлым бай, орамды болады. Мысалы; бір бет сөзінің жиырмадан астам синонимі бар. Бет, жүз, түр, түс, келбет, көрік, өң, ажар, шырай, пішін, кейіп, кескін, дидар, нұсқа, рең, рай, әлпет, ұсқын, мүсін, сүрең, сиық, сұрық, тұрпат, сықпыт т.б.

Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, мәнерлегіш мүмкіндігінің молдығын, әр тарапылығын, тілдің дамыған тіл екендігін көрсетеді.

Синонимдік қатар. Өзара мәндес сөздердің топтары – **синонимдік қатар**, немесе синонимдік ұя делінеді.

Синонимдік қатардың құрамына өзара мәндес бірнеше сөз енеді. Синонимдік қатар болу үшін кемінде екі сөзден кем болмау керек. Мысалы: ақ, шаңқан, ел, халық, жұрт, әлеумет, халайық т.б.

Синонимдік қатар сөздердің жалпы мағыналық негізіне қарай топтастырылады. Сөздердің жалпы сырт көрінісіне бой ұрып жеке сөздерді механикалық түрде бірінен соң бірін синоним деп тізе беруге болмайды.

Доминант синоним. Мәндес сөздер тобының ішінен мағынасы жағынан айрықша көзге түсіп топтағы сөздердің барлығына бірдей ортақ, күллісінің жалпылама мағынасын ашық-айқын аңғартатын сөз **доминант** (тірек сөз) деп аталады. Мысалы: халық, ел, жұрт, әлеумет деген синонимдік ұяның **халық** дегені доминант синоним болады.

Доминант сөз синонимдік қатарды сөздердің ішіндегі жалпы халықтық тілде ең жиі қолданылатын, стильдік мәні бейтарап сөз болуға тиіс. Мысалы: ауру, сырқат, науқас, дерт деген синонимдік қатардың доминант синонимі – **ауру** сөзі, бұл –жалпы халықтық тілде жиі қолданылатын сөз.

Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер» деген еңбегінде доминант сөздерге лайықты сөздерді мына сияқты бөліп қарастырады.

1. Доминант синонимдік қатардағы сөздердің ішіндегі ең жиі қолданылатын, стильдік мәні бейтарап сөз болуға тиіс. Мысалы: **ат**-есім, ныспы.

2. Доминант синонимдік қатардағы сөздердің барлығына мағыналық арқау болатындай болу керек. **Ерлік** – батырлық, қаһармандық, жауынгерлік т.б.

3. Неологизм мен көнерген сөз қатар келгенде, доминантқа жаңа сөзді алу керек. Мысалы: **оқушы** – шәкірт, **жауынгер** –сарбаз т.б.

4. Жалпы халықтық сөз бен диалектизм қатар келгенде, доминантқа әдеби тілге бейімі алынады. Мысалы: **көйлек** – жейде, **мата** – кездеме.

5. Жеке сөз бен тұрақты сөз тіркестері синоним болып қолданғанда доминантқа көбінесе жеке сөз алынады. Мысалы: лезде - көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында, қас қаққанша.

Жалпы ұғымды білдіретін сөздер синоним бола алмайды. Мысалы: ағаш, қайың, терек, қарағай деген сөздер бір-біріне синоним бола алмайды.

Тіл-тілдің қай-қайсысында да лексикалық қолдануға байланыссыз жеке тұрып та, лексикалық единица ретінде бірі-бірімен синоним болып келетін тұрақты синоним сөздер бар. Мысалы: үлкен, зор дегендер. Жеке тұрып та бір-бірімен синоним бола алмайтын, тек қолдануына қарай бір-бірімен мәндес болып келетін сөздер бар. Мысалы: **үлкен** мен **зор** деген сөздердің орнына кейде алпамсадай, еңгезердей, соқталдай, абажадай, добалдай деген сөздер қолданылып айтылады. Бірақ солай бола тұрса да, бұл сөздер үлкен, зор сөздеріне тұрақты синоним бола алмайды. Бұлар аталған сөздермен тек қолданылу ыңғайына қарай мәндес болып келеді.

Синонимдік шек. Синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) бір-бірінен белгілі бір стильге икемделіп теліну жағынан ажыратылып шектелсе, қайсыбір синонимдік қатарлардың құрамындағы сыңарлар бір-бірінен басқа сөздермен тіркесу мүмкіншілігі жағынан ажыратылып шектеледі. Енді бір синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздер бір-бірінен сапа мен белгіні білдіру дәрежесі жағынан ажыратылады. Мысалы, қарт деген сөз бен кәрі деген сөз өзара мәндес, синонимдес сөздер болғанымен, екеуінің өрісі, жұмсалыу шеңбері бірдей емес. **Қарт** деген адам, кісі сөздерімен тіркеседі де, басқа сөздермен мүлдем тіркеспейді. Кәрі деген сөз көптеген сөздермен тіркесіп қолданыла береді. Мысалы: кәрі деген сөзді жоғарыда аталған адам, кісі деген сөздермен де тіркестіріп кәрі адам, кәрі кісі, сондай ақ, кәрі жылқы, кәрі қой деп айта беруге болады. Ал қарт деген сөзді қарт жылқы, қарт қой деп тіркестіріп айтуға болмайды. Сол сияқты қысқа, келте, шолақ сөздері де бір-біріне белгілі жағдайда ғана синоним бола алады.

Сонымен, белгілі бір синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) қолданылу шеңбері, сөздермен тіркесу мүмкіншілігі жағынан әр түрлі болады. Синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлардың кейбіреулері көптеген сөздермен тіркесіп, қолданылу шеңбері кең болады да, қайсыбіреулерінің сөздермен тіркесуі шектеулі болады.

Сөздің мағыналық жақтан дамуы синонимдік қатардың жасалуына әсер етеді. Тілде көп мағыналы сөздер мен синоним сөздердің қарым-қатынасы, өзара байланысы болып тұрады. Көпмағыналы сөз әр мағынасында шеңберін кеңейтіп отырады. Мысалы, әр мағынада жұмсалатын бет деген сөз бір мағынасында жүз, дидар, ажар деген сөздермен синонимдес болса, екінші бірмағынасында беткей, төскей деген сөздермен синонимдес болады. Енді бір мағынасында бағыт, бет алыс сөздерімен синонимдес болып келеді. (Осы бетің дұрыс – бағытың дұрыс).

Плеонастикалық синтагма. Плеоназм. Тілде кейбір синоним сөздер өзара қатар келіп, алдыңғысы соңғысын айқындай түсіп не соңғысы алдыңғысын айқындап, бірін-бірі күшейте түседі. Осындай сөз тізбегін

плеонастикалық синтагма дейді. Мысалы: Ежелгі ескі досым. Айдын шалқар көл, құр бекер, әуел баста, тең тұсым, сәске түс, шет жаға, орасан зор т.б.б

Кейбір синоним сөздер қабаттаса біріге келіп, мағынасы жағынан әбден жымдасып кетеді. Мысалы: **көнетоз** көйлек т.б.

а) Қасиетті болмайды ондай жігіт,

Әншейін **құрбекерге** жыртақтаған (Абай).

б) Осында отырған қырық үйлі жоқ-жітікті сұрасаң, менің **теңтұсым** екен (М.Әуезов). в) Терезе ашық, таудан **самал жел** соғып тұр (С.Ерубаев). Осы мысалдардағы **құр, бекер, тең, тұсым, самал, жел** дегендердің әрқайсысы - өзара мәндес, синонимдердің тіркестінен жасалған плеонастикалық синтагмалар.

Бұлардың ішінде кейбіреулері жеке сөздерге де синоним болып келеді. Мысалы: тең тұсым плеоназмі құрдас, замандас сөзіне синоним де, құр бекер деген плеоназм бостан босқа деген тіркестерге синоним.

Синонимдердің жасалуы. Синонимдердің пайда болуы мен жасалуының мынадай жолдары бар:

- 1) Синонимдер сөз тудыру тәсілдері, аффикс арқылы жасалады.
- 2) Кірме сөздер арқылы пайда болады.
- 3) Диалектизмдердің есебінен көбейеді.
- 4) Фразеологиялық тіркестердің жеке сөзбен синонимдес боп келуі арқылы жасалады.
- 5) Байырғы төл сөз бен сөз тіркестері термин сөздермен мәндес келіп, синоним жасалады.
- 6) Евфемизм, дисфемизм какофемизмдер басқа бір сөздермен не сөз тіркестерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады.
- 7) Сөздің мағыналық жақтан қосымша жаңа мағыналарға ие болуы, не сөздердің ауыс мағынада қолданылуы синонимдік қатардың жасалуына әсер етеді.

1. Заттар мен құбылыстардың айрықша белгілері мен қасиеттерін ашып, олардың нәзік реңін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да, тілдің бүтін лексикасы даму, баю күйінде болады.

Синонимдердің пайда болуының өнімді бір жолы аффикстік тәсіл қалпында болады. Мысалы: жаз бен көк сөздерді түбір қалпында синоним емес сөздер екені аян. Ал осы сөздердің аффикстік тәсіл **жазғытұрым көктем** тәрізді туынды түрлері өзара мәндес, синонимдес сөздер болып табылады.

Синоним сөздер жасайтын құнарлы жұрнақтар мыналар:

- 1) – с, -іс, -ыс. Жиналыс, мәжіліс; кеңес, отырыс.
- 2) – ма, - ме, -ба, -бе, -па, -пе. Тапсырма, міндеттеме кеспе, салма.
- 3) – ым, - ім, - м. Бітім, келісім; наным, сенім, өнім, түсім.
- 4) – у. Сүйеу, демеу, медеу.
- 5) – лы, лі, ды, ді, ты, ті. Жазалы, айыпты т.б.

2. Кірме сөздер арқылы синоним сөздердің толығыуы.

Белгілі бір тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздермен де толығып, байып отырады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздермен мәндес келіп, соның нәтижесінде сөздердің қатары молығады. Мысалы: сом –тенге, мұржа –тұрба, ынғайы –реті, кеспек-бөшке (бочка), ілгек – күршек (крючок), пішін –порым (форма), ауыз үй – сенек (сени, сенник). Бұлардың соңғылары орыс тілі арқылы пайда болған.

Сол сияқты, араб, парсы және иран тілдерінен енген сөздер де байырғы сөздерімізбен мәндес келіп, синоним сөздер түзейді. Мысалы: көк-аспан (парсы сөзі), қатын -әйел (араб сөзі), ереже –қағида (араб сөзі), жаратылыс –табиғат (араб сөзі), оқымысты –ғалым (араб сөзі), тұқым, тек –нәсіл (араб сөзі), ауыл-аймақ (монғол сөзі) т.б. (Қарамен терілген-басқа тілден енген сөздер).

3. Әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есесінен толығыуы нәтижесінде де синонимдер жасалады. Мысалы: үлкен –нән; әйдек; кілт-ашар; ықтимал-етмал; дәстүр-үрдіс; ұрпақ- кебек; қатарлас-жебейлес; кішкентай-пыштай; ұсақ-түйек-түйтік т.б. осындағы синоним сөздердің екінші сыңары диалект сөздер.

4. Тіл-тілдердің жеке сөздердің айрықша синонимі ретінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестері де жиі ұшырасады. Мәселен, қой аузынан шөп алмас – «момын».

Жалпы синонимдес болып келетіндер фразеологиялық тіркестері де өзара бір-бірімен синонимдес болып келе береді. Мысалы: сағы сыну, тауы шағылу, қанаты қайырылу деген тұрақты сөз мәндес мағыналары жағынан бір-біріне жуық, өзара мәндес синонимдік тұрақты сөз тіркестері болып табылады. Сондай-ақ тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай дегендер «ашық», «айқын» деген мағынада бір-біріне синоним болып тұр.

5. Әдеби тілдегі сөздер мен термин сөздер мәндес келу арқылы синоним сөз жасалады. Мысалы: табиғат суреті-пейзаж, бейне – образ, жыр-эпос, сықақ-сатира, қиял-фантазия, құрлық-континент, қор-фонд, қалам ақы-гонорар т.б.

6. Тілде белгілі эвфемизм, дисфемизм, какофемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен келіп, синонимдер жасалады.

Бір нәрсенің не құбылыстың аттарын тура айтуға қолайсыз болғанда, сөлекет болып көрінгенде, олардың сыпайы, құлаққа жағымды синонимін тауып ауыстырып қолдану керек болады. Мысалы: өлді деудің орнына жүріп кетті, дүниеден қайтты, жан тәсілім қылды деген сыпайы эвфемизм түрі қолданылады.

Ауру деудің орнына сырқат, наукас дейді. Ұрланыпты деудің орнына қолды болыпты деп айтады.

Күнделікті өмірде қолдануда мағынасы жағымсыз сөздерді сыпайы сөздермен алмастырып айта беретініміз сияқты, сыпайы сөздерді дөрекі

сөздермен де ауыстырып қолдану тәсілдері болады. Мұндай тәсілді тіл білімінде **дисфемизм** немесе **какофемизм** деп атайды.

Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама- қарсы. Эвфемизм сөздің ұғымын сыпайлап, әдемілесе, дисфемизм, керісінше, сөздің жағымды, жұмсақ мағынасын дөрекілейді. Мысалы: ат арыса – **тулақ**, жас әйелді –**шүйкебас**, бала дегенді – **шикі өкпе** дейді.

7. Сөздің мағыналық жақтан дамуы, қосымша жаңа мағынаға ие болуы нәтижесінде де синоним сөздер толығыады.

Адам баласы қоғамның даму барысында танылып болмаған алуан түрлі заттар мен құбылыстар, олардың бір-біріне қарым-қатынасы біртіндеп танып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады. Осының нәтижесінде ол сөздердің бұрынғы, қалыптасқан, дағдылы мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі де, синоним болып қолданыла береді. Мысалы:

I Түбі - өсімдіктің **түбі**.

II Түбі – сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, **түбім** Қызай (М.Әуезов).

Осында түп сөзі бірінші сөйлемде өз мағынасында, тура мағынасында, күллі өсімдік атаулының жерде алған тамыры –түбі, ал адамның түбі туынды мағыналары болады.

Тегінде, бір заттың немесе құбылыстың бойындағы белгілердің бірі немесе бірнешеуі басқа бір заттың не құбылыстың бойындағы белгілердің бірі немесе бірнешеуімен ұқсас келуі мүмкін. Осыған сәйкес, екінші заттарың да (не құбылыстың) арнаулы атауы бола отырып, ұқсас белгілері бар басқа да затқа (не құбылысқа) атау болады да, осыдан келіп сөздің негізгі мағынасына үстеме мағыналар қосылады.

Полисемия құбылысы сөздің негізгі тура мағынасы мен туынды (қосымша) мағынасын қамтиды. Тура мағынасындағы сөздер заттар мен құбылыстарға сапа мен белгіге, іс - әрекетке т. б. тікелей бағытталады да, сөз мағыналарының ішінде тура мағына басқа мағыналарға қарағанда, ашық-айқын дараланып көрінеді.

Сөздің туынды мағынасы оның негізгі тура мағыналы арқылы, соның негізінде ұғынылады. Негізгі тура мағыналар әр түрлі туынды, келтірінді мағыналарының тірегі, ең негізгі арқауы болып табылады.

Сөздерді ауыс мағынада қолдану арқылы да синонимдес сөздер көбейеді. Сөздің түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі оның жалпылауыш қасиетімен тығыз байланысты. Сөздің сыры жалқылық пен даралықтың бірлігінен көрінеді. Сөздің жалқылауыш қасиеті оның бұрынғы негізгі мағынасының үстіне қосымша жаңа мағыналардың үстелуіне мүмкіндік береді. Сөз белгілі бір заттың не құбылыстың арнаулы атауы бола отырып, ұқсас белгілері бар басқа да затқа не

құбылысқа атау бола алады, осыдан келіп жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға қосылғанда, бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарымен қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Соның нәтижесінде лексикада бұрынды-соңды тілде болып көрмеген жаңа синонимдік қатарлар пайда болады. Атап айтқанда: метафоралық, метонимиялық және синекдохалық қолданыстар арқылы.

1. **Метафора** белгілерінің түр-түс ұқсастығы негізінде болады. Мысалы: Өзің қыз танымайтын жігіт екенсің, Алмаң Жанатқа **астар** бола ала ма? (Ғ.Мұстафин) Осындағы астар сөзі метафоралық қолданылып тең сөзбен синонимдік қатынасқа түсіп тұр. Жалпы халықтық тілде астар сөзі-сырт киімнің ішкі қабатына айтылады. Жоғарыдағы сөйлемде астар сөз ауыс мағынада қолданылатып тұр.

2. **Метонимияда** іргелес, шектес екі ұғым бірінің соңына екіншісі алмасып қолданыла береді. Мысалы: Шығанақ Құрманғазыны тарта отырып сөйледі (Ғ.Мұстафин). Мұнда Құрманғазының күйінің орнына өзі айтылып синонимдік болып тұр.

3. **Синекдохада** ұғымды алмастыруда іргелес, шектестік бар, бірақ мұның негізінде сандық ұғым жатады. Мысалы, Сейфолланың бір өзін ауырлаған жоқ еді, енді бұлар үшеу ғой. **Ауыз** көбейді, ауырсынды ма қалай (С.Талжанов). Мұнда, **ауыз** сөзі ауыс мағынада қолданылып, **жан, бас** сөздерінің синонимі болып тұр.

Сөздердің бұл сықылды ауыс мағынасы –тілде тұрақты синонимдердің қатарына енбейді, тек контекстік синоним бола алады.

Синонимдерді топтастыру. Синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болумен бірге барлығының бір сөз табына енетін сөздермен жасаулы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін оның құрамына енетін сыңарлардың барлығы да бірөңкей зат есім сөздерден, не бірөңкей сын есімдерден, немесе бірөңкей етістік сөздерден не үстеуден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.

Зат есімдерден болған синонимдер: бет, өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, мүсін, көрік, әлпет, кескін, рең, дидар, шырай т.б.

Сын есімдерден болған синонимдер: салмақты, сабырлы, байыпты, байсалды, ұстамды т.б.

Етістіктен болған синонимдер: сауығу, жазылу, айтығу, жолығу, кездесу, ұшырасу т.б.

Есімдіктен болған синонимдер; барлық, барша, бүкіл, күллі, түгел, тамам, бәрі т.б.

Үстеулерден болған синонимдер: таяуда, жуырда, жақында, жуықта т.б.

Кейбір ғалымдардың айтуынша, қазақ тіліндегі сөз табының ішінде синонимдерге ең байы – етістік, онан соң зат есім мен сын есім сөздері көрінеді.

Синонимдердің стильдік қызметі. Белгілі бір ұғымды жан-жақты толықтырып айтуда, сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды етіп жеткізуде синоним сөздердің стильдік мәні өте зор.

Сонымен бірге, синонимдердің стильдік қызметі мынада: сөйлеуде я жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталау, мысалы: алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, келесі сөйлемде қайталай беру стильдік жағынан кемшілік туғызады. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану керек.

Мысалы, ұлы жазушы М.Әуезовтың «Абай жолы» романынан алынған сөйлемдегі сөздерге назар аударып көрейік.

«Қазіргі Тоғжан жүзінде бір шақ кетпейтін үлбіреп, толқып, лезде келіп, сәтте қайтып тұратын қызыл арай реңі жоқ». Осы сөйлемдегі жүз, рең; кезде, сәтте деген сөздер – бір-біріне синоним. Жазушы өзара мәндес сөздердің нәзік айырмашылықтарын жете біліп, синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға сәл келетінін тауып қолданған. Соның нәтижесінде оның ойы нақты да әсем болып шыққан.

Тіл байлығының көрсеткіші болып табылатын синонимдерді жете білудің мәні зор. Лексиканы синоним сөздерге бай адамның жазғаны да, сөйлегені де ұдайы құлпырып, түрленіп тұрады.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай әрі дамыған тіл екенін аңғартады.

Антонимдер. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады. Мысалы: жақсы-жаман, арзан-қымбат, ашық-жабық т.б.

Антонимдердің табиғатын түсіну үшін ең алдымен «қарама-қарсылық» дегенді анықтап алу керек.

Диалектикалық логика зат бойындағы қайшылық сол зат туралы ұғымға да тән боп көрсетеді.

Демек, диалектикалық қайшылықтың екі жағы болатыны сияқты, зат туралы ұғымның да екі жағы болады. Олар да бірін-бірі тікелей жоққа шығарады. Сыйыспайтын ұғымдар және қарама-қарсы ұғымдар (противоречащие понятия) бірін-бірі тікелей жоққа шығарады. Логикада қайшылықты ұғымдардың арақатынасын «А-А емес» деп бейнелейді. Тілдегі жер- жер емес, үлкен-үлкен емес, сулы-сусыз (сулы емес деген ұғымда сай келеді. Тіл білімде мұны **болымсыздық категориясы** деп атайды. Ал қарама-қарсы: жақсы-жаман, шикі-піскен - бұлар тіл білімінде **антонимдер** деп аталады.

Қарама-қарсы ұғымдар белгілі бір логикалық категориялардың ең шеткі екі мүшесі болып табылады. Олардың арасында үшінші бір аралық мүше болуы мүмкін. Мысалы: жақсы, шамалы, жаман қарама-қарсы ұғымдары бірін-бірі жоққа шығарып қоймайды, заттың жаңа бағасын береді. Бірақ ұғым – логикалық, антоним тілдік категория.

Антонимдік мағына қарама-қарсылық сапалық ұғымдарды білдіретін немесе сапалық мәні бар сөздерге ғана тән болады. Мысалы: тас объективтік дүниедегі ақиқат нақты заттың атауы. Мұнда сапалық қасиет жоқ, атауыштық қасиет бар. Ал жұмсақ – қатты, қалың – жұқа дегендерде әрі атауыштық, әрі сапалық қасиет бар. Демек, антонимдік мағына сапалық мәні бар сөздерде ғана болады. Сондықтан да антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі – сын есімдер. Мысалы: кәрі-жас, түзу-қисық, терең-таяз, оң-теріс, үлкен-кіші, ыстық-суық, қалың-жұқа, жақсы-жаман, тар-кең, араз-тату т.б.

Зат есімдерден антоним болатындар бірен-саран ғана. Соның өзінде олардың мағынасынан сапалық белгінің нышаны аңғарылады: пайда-зиян, бай-кедей, өтірік-шын, бақ-сор т.б.

Туынды зат есімдерден жасалған антонимдердің негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер екені байқалады. Мысалы: тарлық-кеңдік, аштық-тоқтық, жастық-кәрілік.


Үстеу сөзден жасалған санаулы ғана антонимдер бар – ерте-кеш, бері-әрі, ілгері-кейін, жоғары-төмен т.б.

Сонымен, сапалық ұғымы бар сын есімдерден басқа сөз таптарынан жасалған антонимдер тілде сирек ұшырасады.

Антонимдер қарама-қарсылық мәні жағынан бір-біріне тепе-тең болуы керек. Мысалы: тар-кең, алыс-жақын, ұзын-қысқа. Сондай-ақ, жақсы-шамалы, жақсы-нашар, ескі-ескілеу-көне деген сияқтылар антоним бола алмайды.

Антонимдік жұптың сыңарлары қарама-қарсылықты мәні жағынан безбеннің екі басындай бір-біріне тепе-тең болуы керек екен. Егер олардың бірі мағына қарама-қарсылығы жағынан сәл төмен, не сәл жоғары болса, онда антоним бола алмайды.

Мұны қазақ тіліндегі антоним сөздерді зерттеуші К.Мусин өзінің еңбегінде былайша бейнелейді:

тәуір		нашар
жақсы		жаман

Рас, сөйлеу тәжірибесінде тәуір-жаман, жақсы-нашар деген сөздер бір-бірімен қарсы мағынада қолданылады. Бірақ тұрақты антонимдер емес, контекстік немесе стильдік антонимдер деп аталады.

Антонимдер семантикалық құбылыс болғандықтан, олар сөздік құрамындағы сөздермен қат-қабат байланысқа түсіп жатады. Сондай-ақ

бір антоним сөздің бірнеше синонимі болуы тілде жиі кездеседі. Антоним де, синоним де – семантикалық құбылыс. Біріншісі мағына қарама-қарсылығына негізделсе, екіншісі мағынаның жақындығына негізделеді. Осы жағынан алғанда, бұлар шектеседі. Мысалы: жуас-асау антонимдік жұптың екінші сыңарының синонимі – тентек. Тентек жуасқа қарсы антоним. Сонда жуас-асау, жуас-тентек деген екі жұп шығады.

Антонимдердің полисемия құбылысымен шектесетіні болады. Антонимдердің полисемия құбылысымен шектесуі сөздің контекстік мағынасы, ауыс мағынада қолданылуы оның экспрессивтік-стильдік-синонимдік мәні т.б. жәйттармен байланысып жатады.

Көп мағыналы сөздердің антонимдік сипатын ал деген сөздің қолдану ерекшелігінен айқын аңғаруға болды. Бұл сөз қолданылу ретінде қарай беру, салу, қостастау, қосу деген сөздерге қарсы мағынада жұмсалып бірнеше антонимдік жұп құрайды. Және өзінің негіз мағынасында бер деген сөзге қарсы жұмсалып, антонимдес болады. Егер бұл сөз затты орнынан қозғау, алмастыру, біреуді орнынан алу мағынасын білдірсе, онда қою сөзімен антонимдес болады. Мысалы: Ахметті орнына алып, оның орнына Саматты қойды. Кітапты орнынан ал, дәптерді орнына қой. Сөйтіп, бір сөздің алуан мағынасы қолдану ретінде қарай бірнеше сөзбен антонимдес болып келе береді, полисемия құбылысы қат-қабат байланысты болады. Ол байланыс сырт контексте ашылады. Сонымен антонимдер лексикамыздың полисемия, синонимдер, омонимдер сияқты топтарымен қат-қабат астасып жатады.

Антонимдер мен болымсыздық категориясының ара қатынасы және айырмашылығы. Логикада қайшылықты ұғымдар және қарама-қарсы ұғымдар болады. Қайшылықты ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарумен ғана шектеледі. Олар затқа, құбылысқа, яғни оның сапасына жаңа баға бермейді. Тілде бұл болымсыздық категориясы арқылы көрінеді. Мысалы: үй-үй емес, ақылды – ақылсыз, келді-келмеді.

Қарама-қарсы ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарады сонымен бірге, затқа, құбылысқа немесе оның сапасына жаңа баға береді. Бұл тілде антонимдер арқылы көрінеді.

Қазақ тілінде болымсыздық категориялар -сыз,-сіз, - ма, - ме,- ба, - бе,- па,- пе аффикстері арқылы жасалады. Аталған аффикстер жалғану арқылы жасалған болымсыздық сөздер антоним бола алмайды.

Антонимдердің стильдік қызметі. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және тәсіл арқылы айтылатын ойды ашық, айқын етіп көрсетуде антонимдер айрықша қызмет атқарады.

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,

Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады (Мақал).

Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп (Мақал).

Өтірік-қаңбақ, шын-салмақ (Мақал).

Антоним сөздердің белгілі бір тобымен тіркесу яки тіркесе алмау мүмкіндігі олардың мағыналарының қай кезде көрінуіне байланысты болады. Ал сөз мағынасының реңі контексте ғана ашылады. Антонимдік контекстер турасында бірсыпыра ғалымдардың антонимдік контекстің мына сияқты төрт түрін атап көрсетеді.

1. Антонимдердің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы.
2. Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.
3. Бірнеше антоним сөздердің бір сыңары одан кейін берілуі.
4. Антонимдерді аралас қолдану.

Филология ғылымының докторы Ә.Болғанбаев та антонимдерді негізінен осылай топтастырады.

Антонимдік контекстерді тұлғалық және мағыналық жағынан Ж.Мусиннің топтауы жоғарыдағыдан гөрі өзгешелеу.

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдер. Мұнда антоним сөздер бір сөйлем ішінде қатар келеді:

Мысалы:

Ит үрер **жақсыға** да, **жаманға** да.

Алыс пенен **жақынды** жорытқан білер. (Мақал).

2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдер. Мұнда сөйлемнің бірыңғай мүшесі түрінде қарсылықты жалғаулықтар немесе болымсыздық мәндегі сөздер болып келеді.

Енді еңбек бейнет емес, зейнет (Мақал).

Күлкісі аз, бірақ нұры мол қара көзі ақылды, ойлы адамды аңғартады.

3. Альтернативті мәнде болатын антонимдік контекс сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарып, жұрнақтар немесе жалғаулар арқылы байланысады.

Мысалы: Ендеше, не ер бол да **ақтал**, немесе илан да жазала.

Мұндай альтернативтік мәнді тереңдете түсіп, әсірелей көрсететін де түрі кездеседі. Мысалы:

Сонда, **ұйқы** мен ояудың, **түс** пен **өңнің** арасында, әсіресе шаршаған күнгі ұйқыда болатын қызық бір аралық хал еді. (М.Әуезов).

4. Философиялық ой, түйін, тұжырым, пікір мәнде болып келетін антонимдік контекстер. Антонимдік сөздер мұндай контексте көбінесе сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: Еңбек түбі-зейнет (Мақал).

Тілімізде нақ осы контекстің қатарласып, жарысып қолданылуы жиі ұшырасады. Ондайда бірнеше антонимдік жұп тұтасып, бүтіндей бір түйдек жасайды. Мысалы:

Ашу-дұшпан, ақыл-дос.

Шабыспақ-оңай,

Табыспақ-қиын (Мақал).

Антоним сөздер – субъект-предикаттық қатынаста болып келетін контекстер. Мұнда антонимдердің мағына қарсылығы солғындау болады. Мысалы:

Жас қартаймақ, жоқ **тумақ**, туған **өлмек**,
Тағдыр жоқ өткен қайта келмек (Абай).

Антонимдік контекстердің мұндай түрі шешендік, нақыл сөздерде, фразеологиялық тіркестерде, поэзияда жиі кездеседі.

1. Көркем әдебиетте заттың, құбылыстың сыр-сипатын аз сөзбен нақты да дәл бейнелеу, айқын суретті мақсатында немесе кейіпкердің ішкі дүниесін, жай-күйін дәл көрсету үшін кейде қарсы мағыналы сөздер тіркеу қолданылады. Фигураның оксюморон, метафора аталатын бұл түрі жеке алғанда бір-біріне қарсы мағыналы болып, антонимдік жұп құрайтын сөздер тіркесі арқылы жасалады. Мысалы: тірі өлім, тірі аруақ, құрғақсу, жақсы өлім.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай...
Жақсы өліпсің, япырмай (Абай).

Мұнда синтаксистік тіркес құрап, анықтауыш анықталғыш қатынасқа жұмсалып тұр. Осындағы жақсы өліпсің-оксюморон, өйткені өлім болған соң, оның жақсысы болуы мүмкін емес.

Сол сияқты, сараң бай, тірі өлік, өлі жан, зар күлі дегендер және кіріп-шықты, келіп-кетті, ұшып-қонды дегендер де оксюморонға жатады.

Тілімізде антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатыны да бар. Басқаша айтқанда, сөз өзінің антониміне айналып кетеді. Мысқылдау мақсатында сөзді әдейі кері мағынасында қолдану. Мысалы: қорқақ деудің орнына батыр деу, қара кісіні аппағым деу.

Менде де бар бір жаман,
Не қылайын қазақтың,
Жүйрігі мен жорғасын
("Айман-Шолпан" жыры).

Сөйтіп, антоним сөздер қолданылу ретіне қарай өз мағынасының антиподына айналады.

б) Жалпы есім орнына жалқы есіммен немесе керісінше атау әдісі **антономазия** делінеді. Бұл әдіс бойынша тілімізде кейбір антоним сөздердің орнына оғаш мінез, жат қылығымен баршаға мәлім болған адам атын қолданушылық жатады. Мысалы: сараң-Қарабай, мылжың-Мырқымбай.

Антонимдер антитезаның (шендестіру) бір тәсілі ретінде қолданылады.

Антитеза- арасы алшақ екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қою. Сол арқылы айтайын деген ойды айқындап, мәнерлеп көрсету көркем әдебиетте көне заманнан келе жатқан нәрсе. Мысалы:

Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай).

Антонимдік контексте жаман жақсы көремін сияқты тіркестер де жатады. Антитеза көбіне антонимдер арқылы жасалады. Антитезаның небір тамаша түрін Махамбеттің “Қызғыш құс”, С. Торайғыровтың “Анау-мынау” т.б. шығармаларынан кездестіреміз.

Алайда, антитезаның бәрі антонимдер арқылы жасала бермейді. Антитеза – стилистикалық әдіс, антонимдер – лексикалық құбылыс. Айырмашылықтары бар.

Антитеза екі мүшеден тұрады және олар жұбы жазылмастан қатар қолданылуы керек.

М: Оңға қарап қол созсам.

Теріске жорып пысқыршы (С.Торайғыров).

Ал антоним сөйлемде жеке-дара қолданыла береді және одан оның антонимдік мәні жойылмайды.

Атаулары антоним бола алмайтын заттар мен құбылыстарды қарама-қарсы қою арқылы да антитеза жасауға болады. Мысалы: қамқа-боз.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Синонимдер дегеніміз не?
2. Синонимдік қатар немесе синонимдік ұя дегенді қалай түсінеміз?
3. Доминант синоним мен синонимдік шекті қалай ажыратып қарастыруға болады?
4. Плеонастикалық синтагма дегеніміз не?
5. Синоним сөздердің стильдік орны қандай?
6. Антонимдер мен болымсыздық категориясының ара қатынасы және айырмашылығы қандай?
7. Антономазия дегенді қалай түсінеміз?

Әдебиеттер: Н.ә: 12, 13, 14, 31, 39, 43, 49.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 6. ТАБУ ЖӘНЕ ЭВФЕМИЗМДЕР. ДИСФЕМИЗМДЕР

Дәрістің мақсаты: Табу сөздер және эвфемизмдердің ұлттық дүниетаныммен байланысын түсіндіру.

Дисфемизмдер туралы түсінік беру.

Дәріс жоспары:

1. Табу сөздер және эвфемизмдер
2. Табу сөздер және эвфемизмдердің ұлттық дүниетаныммен байланысы
3. Дисфемизмдерді қолданудың когнитивтік аспектісі.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде **табу** деп аталынады. Өткен замандарда адамдар

арасында өмірді жете танып білмеу салдарынан зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деп қате түсінушілік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Бұл әдет әсіресе түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының өмірінде де кең тараған. Осындай тарихи оқиғаның нақты бір айғағы ретінде «Аталардың аты» деп аталатын мынадай бір аңыз әңгімені келтіруге болады.

Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кезде иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбендеп жүрген келінге:

- Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, - деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю түлкіні қуып барады екен де, иттері соған үріпті. Үйге қайта енбек болған келін кенет: «Япыр-ау, мұның бәрі аталардың аты ғой, қалай айтсам екен?» - деп қысыла-қысыла ішке енеді.

- Иә, балам, иттер неге үріпті? – деп сұрайды ақсақалдардың бірі. Сасқалақтаған келін:

Ауыл сыртындағы аршалы бетте Атакем Тәкемді зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы Жәкемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр, - депті («Қазақстан әйелдері», 1967, N7, 27-бет).

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін боп түскен қыз күйеуінің туған-туыстарын өз атымен атамайтын болған. Солардың әрқайсысына лайықтап (жолына, жасының үлкен-кішісіне қарай) өз тұсынан басқадай ат қоюға мәжбүр болған. Мәселен, қызға – қаракөз, бикеш, шырайлым, еркежан десе, ұлға – кекілдім, айдарлым, тұлымдым, шырақ, тетелес, мырза жігіт, төре жігіт, мырза аға, би аға делінген. Егер аты дөрекілеу болса, аттеріс деп те атаған. Сол тәрізді ата-ене, абысын-ажын, қайынаға, қайын жұрт, нағашы, жиен-жиеншарларға дейін шетінен ат қойып шығатын болған. Келін ат қойғанда кездейсоқ түрде емес, ат қоятын адамдардың мінез-құлқын, түр-тұрпатын, жан-жақты тексеріп түрлі қасиеттеріне қарай сәйкестендіріп атаған. Мәселен, тете емес қайнысын тетелес деп атамаған, тұлым қоймаған қайнысын тұлымдым демеген. Жасы үлкен адамдардың аттары басқа зат атауларымен аттас болып келсе, онда келін оларға да басқаша жаңа ат ойлап табатын болған. Мәселен, аты Жылқыбай болса мінгіш деп, Қойшыбай болса азбан деп, Бүркітбай болса, Үлкен құс деп, Тышқанбай болса қап тесер деп, Қарабай болса баран деп, Ақберген болса шаңқан деп атайтын болған. Ауылды жерде әлі күнге дейін ескі салт-сананың сарқыншақтары жасы мосқал тартқан адамдардың арасынан там-тұмдап болса да кездесіп қалады. Бұлар қазір кездесе қалса ескі ырым, діни ұғым бойынша емес, халықтық этикалық қалыптасқан

көне әдет-ғұрпы түрінде жұмсалады. Ұят сақтап, сыпайыгершілік білдіру, иба тұту рәсімі ретінде қолданылады. Демек, табудың бұл түрінің мән-мағынасы түбірімен өзгеріп, көнеріп, біржола күнделікті қолданыстан шыққан деуге болады.

Қазақ тіліндегі табудың бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттарымен, қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, революцияға дейінгі қазақ ауылында жай түсті десек, «адамға қырсығы тиюі мүмкін» деген наным бойынша, оны жасыл деп атайтын болған. Шешек ауруының атын атасақ, «жұғады», «жабысады» деген сенімге байланысты оның атын тура атамай, әулие, қорасан, мейман, қонақ деп өзгеше атаған. Қасқырды қасқыр деп атасақ естіп қойып, «малымызға шабады» деп қорқып, оны итқұс, қарақұлақ, серек құлақ, ұлыма деп атайтын еді. Жыланды жылан десек, «келіп шағады» деп үрейленіп, оны түйме, ала жіп, ұзын құрт деп айтқызған. Ұры алған, жоғалған малды ұрланды десек, «мүлдем табылмай кетуі мүмкін» деген сеніммен қолды болды деп айт дейтін. Мал суалып бітті дегеннің орнына мал байыды, күн батты дегеннің орнына күн байыды, жиналған адамдар кетейік, қайтайық дегеннің орнына көбейейік деп айтуды әдетке айналдырған еді. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға қатысты бірнеше синонимдер пайда болған. Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады.

Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде **эвфемизм** деп аталынады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгін таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан.

Қазақ тілінде эвфемизм тәсілімен сөз алмастырудың мынадай жолдары бар: 1. Ауру аттары алмастырылады. Науқас адамның көзінше аурудың нақ өзін атамай, оның жеңілірек түрін айту дәстүрі бар. Мәселен, түберкулез немесе құрт ауруы дегеннің орнына өкпе ауруы, рак немесе қылтамақ деудің орнына жаман ауру, гоноррея немесе соз деудің орнына жіңішке ауру, сифилис деудің орнына самал немесе мұрнына жел түскен деп, мағынасы қатты тиетін сөздерді жұмсақ сөздермен алмастырып қолданады.

2. Адамның дене мүшелеріндегі кем-кетік атаулары болса басқа сөздермен алмастырылады. Мәселен, ауру, жарымжан, мүгедек адамды

дімкәс деген сөзбен, саңырау, керең деген сөзді құлағының мүкісі бар, сараң естиді, құлағы тосаң деген сөздермен, аяғы ақсақ дегенді аяғының ақауы бар деп алмастырып айта беруге болады.

3. Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірдей соншама жағымсыз дөрекі сөздер алмастырылады. Мәселен, нәжіс, қи, несеп, үлкен дәрет, кіші дәрет, дәрет сындыру, ұлы жарак дегендердің бәрі де белгілі контексте сыпайылық тудырады.

4. Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады. Мәселен, тұрмыс құру, тұрмысқа шығу, баласын құтты орнына қондыру, баласын аяқтандыру, қолына құс қондыру, үйлі-баранды болу, жанұя құру, отау тігу, бөпелі болу, аяғы ауыр тәрізді сөздер үйленуге байланысты айтылады.

5. Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер басқа сөздермен алмастырылады. Мәселен, аузы жеңіл, қолының жымысқысы бар, қосып айтады, ауыз бастырық, сөзге келу, бет жыртысу, жасы ұлғаю, қалтасы тесік, көзіне шөп салды, жаяу пошта, ұзын құлақ, аузының желі бар, ішінде бүкпесі бар, сымсыз телефон дегендер сыпайылық мәнде айтылады.

Эвфемизмдер – ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің негізгі бір тәсілі. Сондықтан алдағы уақытта да сан түрлі эвфемизмдер туып қалыптасатындығына ешбір шәк келтіруге болмайды. Бұлар тілдегі синонимдерді молайтуға белгілі дәрежеде үлес қосып отырады.

Күнделікті қарым-қатынаста мағынасы жағымсыз тұрпайы сөздерді сыпайы сөздермен алмастырып қолданатынымыз сияқты тілде әдепті сөзді әдепсіз (дөрекі) сөздермен ауыстырып айта беру әдеті болады. Мұндай құбылысты тіл білімінде **дисфемизм** немесе **какофемизм** деп атайды. Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Белгілі контекст жөнімен дұрыс жұмсалған сөзді мағынасы неғұрлым дөрекілеу сөзбен алмастыру – сөзді ауыспалы мағынада (троп) қолданудың бір жолы. Мысалы: Бұтартары мен шаңырақ саларларын жауға берді (К.Оразалин). Өздерің бір-бір тулақтарыңа мініп-ап шапқылап кетсеңдер (К.Оразалин). Хазірет пен Әбунүсіптің сол езбалдағының өзіне мынау отырған қошаметшілердің кейбіреуі аузын аңқайта танданғансиды (Д.Әбілев). Жеңілетініңді білетін болсаң, сен бес қырт атанар ма едің? (М.Әуезов). Осындағы бұтартар деген мінгіш, көлік орнына, шаңырақ салар – күш-көлік (түйе) орнына, тулақ – мінетін ат орнына, қырт – тантық, көк мылжың дегеннің орнына жұмсалып отыр. Сол арқылы сан қилы жағымсыз эмоциялық мән тудырған.

Дисфемизм кеміту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы: боқмұрын бала, боқтан өзгені сөз қылды, боғымен жасты баламен ойнайды, боқ басында қалды, боғын пышақтады, боғын ақтарды, боққа әлі келмейді, қолынан боқ келмейді, боққа татымайды, боқтық естиді, боғын боталы түйе қылды, боқжемеде қалды, боқтан да оңай, болар бала

боғынан, боғы ботқа, өз басының боғын көрмей, біреудің шоғын көреді, т.б. Қазақ тілінде бір сөзге қатысты осыншама дисфемизмдер бар. Бұлар белгілі контексте жөнімен қолданылған сөздердің орнын алмастырып айтуда қолданылады. Дисфемизмдер – әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

Адамның қоғамдық өмірінің қыр-сыры өте көп. Жылы сөз айтып, біреудің көңілін көтеруге болатындығы сияқты, қатты сөз айтып, біреудің намысына тиіп, ренжітуге де болады. Осының бәрі сөздің құдыретті күшін танытады. «Басқа пәле – қызыл тілден», «Тіл – тас жарады, тас жармаса бас жарады» дегенде халық сөздің қоғамдық мәнін, күшін, қадір-қасиетін, жете түсіне отырып, айтса керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дисфемизмдер де адам баласының күнделікті қарым-қатынасында осал қызмет атқармайтындығы байқалады. Әсіресе бұлар сөйлеу тілінде жиі қолданылады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Табу сөздер дегеніміз не?
2. Какофемизм дегенді қалай түсінеміз?
3. Дисфемизм мен эфемизмнің айырмашылығы қандай?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 7. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ МЕН НЕГІЗГІ СӨЗДІК ҚОРЫ

Дәрістің мақсаты: Қазіргі қазақ тілі лексикалық құрылымы мен шығу арналарымен таныстыру. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры жайында түсінік беру. Сөздік құрам мен сөздік қордың ара қатынасын түсіндіру.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі қазақ тілі лексикалық құрылымы мен шығу арналары;
2. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры;
3. Сөздік құрам мен сөздік қордың ара қатынасы.

Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырығы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі, сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер (профессионалдық лексика) енеді. Бұдан басқа қазақ

лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер (араб, парсы, иран, монғол, орыс тілінен), тарихи қат-қабаттар да бар.

Сөздік құрамның арналары, оның (сөздік құрамының) – ең басты бөлімі болып саналатын негізгі сөздік қордың ерекшеліктері, сыр-сипатымен тығыз байланысты.

Негізгі сөздік қор. Негізгі сөздік қорға қазақ тілінде ертеден бері өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер, сонымен бірге, кейін де жасалған, бірақ әбден қалыптасып, қазірде жаппай қолданылатын кейбір жаңа сөздер де енеді. Негізгі сөздік қор – сөздік құрамның ең басты бөлімі, оның ұйтқысы болады. Негізгі сөздік қор өте-мөте тұрақты болып, ұзақ өмір сүреді.

V-VIII ғасырлардың ескерткіші Орхон-Енисей жазу нұсқаларында күн, түн, ұлығ, көк, боз, бар, алтын, күміс, темір деген сөздер кейбір дыбыстық ерекшеліктерін ескермегенде, осы күнгі мағыналарында кездеседі.

Бұл келтірілген мысалдар, біріншіден, қазақ тіліндегі байырғы сөздердің ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келе жатқандығын, екіншіден қазақ тілінің өзге түркі халықтарының тілімен туыстас, бір тілдік негізден дамып шыққандығын дәлелдейді. Алайда негізгі сөздік қор тұрақты болады дегеннен ол мүлдем өзгермейді, тілдің даму тарихында ешбір өзгеріссіз қалады деген ұғым тумауға тиіс. Маркстік тіл білімі негізгі сөздік қордың уақыт озған сайын, тілдің тарихи даму процесінде баяу болса да өзгертіндігін көрсетеді.

Негізгі сөздік қор жаңа сөздердің жасалуына негіз, ұйтқы, база болады: етік-етікші, күн-күндік.

Негізгі сөздік қорға жататын сөздердің бәрі де жалпы халықтық болып келеді.

Ғасырлар бойына өмір сүріп келе жатқан негізгі сөздік қордағы сөздердің басым көпшілігінің айрықша ерекшелігі – олардың көптеген туынды сөздердің ұяларын, тобын жасауға икемділігінде.

Мысалы: бас, су, өн деген сөздерден төмендегідей көптеген сөздер жасалады.

1. Бас – баста, бастау, бастауыш, бастаушы, бастама, басқарма, басшы, бастық, бассыздық.

2. Су – сулы, сусыз, сулық, суарма.

3. Өн - өнім, өнімді, өнімділік, өндірі, өндіру, өндіріс.

Бұл мысалдардан негізгі қордағы түбір сөздердің сөз тудырушы ролінің күшті екенін көруге болады. Тілдің тарихи дамуының мыңдаған, жүздеген жылдар бойына негізгі сөздік қордағы сөздер сан алуан туынды сөздердің жасалуына негіз болып отыр, соның нәтижесінде тілде көптеген жаңа сөздер туып, тілдің сөздік құрамы өрбіп, өсіп, дамып келеді.

Тілде туынды жаңа сөздер негізгі сөздік қордағы сөздердің базасы негізінде түрлі тәсілдер арқылы жасалып отырады. Мысалы: ек, ор, ки, су,

іс, көк деген түбір сөздер де, егін, орақ, киім, қолтық, баста, өндірі деген туынды түбірлер де негізгі қорға жатады.

Бұл айтылғандардан, әрине, тек түбір сөздер ғана немесе тек қана негізгі қордың сөздері ғана сөз тудырудың бұлағы бола алады дегендік тумайды. «Құрамның» көп сөздері де туынды сөздер тудыра алады. Алайда, бір есте болатын нәрсе: құрамның бұл сөздерінің өздері көбінесе түбір сөздерден жасалған туынды сөздер болады. Мұнымен бірге, құрамға қарағанда негізгі сөздік қордың сөз тудырушылық ролі әлдеқайда күшті екені ақиқат.

Қазақ тілінің негізгі қорындағы кейбір сөздердің сөз тудыру қабілетінің жоққа тән екендігін көруге болады: сол, анау (есімдік); торы, жирен (сын есім); қырық, сексен (сан есім).

Негізгі сөздік қорға жататын сөздердің сөз тудырушылық қабілеті бәрінде бірдей емес. Мысалы: есімдік, сан есім, сын есім, үстеу сөздерге қарағанда, зат есім, мен етістік тобындағы сөздердің сөз тудыру мүмкіншілігі әлде қайда басым. Тіліміздегі туынды сөздердің басым көпшілігі осы зат есімдер мен етістіктерден жасалған. Ал негізгі сөздік қордың құрамындағы кейбір сөздердің сөз тудырушылық мүмкіншілігінің болмауы (тіп шамалы болуы), «негізгі сөздік қор тілде жаңа сөздердің жасалуына база болады» деген негізгі қағиданың әлсірете алмайды. Өйткені негізгі сөздік қордың құрамындағы сөздердің басым көпшілігінің өнімділігі, сөзі тудырушылық мүмкіншілігі күшті болып, жаңа сөздер жасауға ұйтқы, негіз болып келеді.

Сөз тудыруға икемсіздік, өнімсіздік жалпы сөздерге ғана қатысты. Негізгі сөздік қордағы сөздердің тұрақты заттар мен құбылыстардың ұғымдарын білдіріп, мыңдаған жылдар бойы өмір сүсруінің өзі олардың сөзі тудыруға негіз болып, көптеген жаңа сөздер жасауына зор мүмкіндік береді. Міне осының нәтижесінде негізгі сөздік қордың барысында тілдің сөздік құрамы байып өсіп келеді.

Негізгі сөздік қорға қарым-қатынас жасауда қоғамдағы адамдардың мамандығына, қызметіне, білім дәрежесіне қарамай, олардың бәріне бірдей түсінікті, кең түрде жаппай қолданылатын сөздер жатады.

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күнкөріс тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени-тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым оның тілінің сөздік құрамы да бай болады деген сөз. Мәселен, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» 100 000-ға жуық лексикалық тұлға (фразеологизмдермен қоса) енген екен. Бұған еңбей қалған қаншама сөз бар десеңізші! Алайда, сөздікке енген сөздердің бәрі бірдей осы тілде сөйлейтіндерге түп-түгел таныс болмауы мүмкін. Кейбіреуі танымал болғанымен, енді біреулері мүлдем бейтаныс болуы ғажап емес. Өйткені қазақ тілінің лексикалық құрамына ғасырлар бойы сақталып келе жатқан

байырғы сөздер де, кірме сөздер де, кейін пайда болған неологизмдер мен термин сөздер де, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де, қысқасы, тіліміздегі барлық сөздер кіреді. Мұның бәрін түгелдей жеке адамдардың білуін тілейміз. Осыншама мол сөздің қолданылу жиілігі, қалыптасу тарихы атқаратын қызметі де бірдей емес. Соған байланысты сөздік құрам өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жиілігіне қарай актив сөздер және пассив сөздер деп, ең алдымен екі салаға бөлінеді.

Актив сөздерге осы тілде сөйлейтін адамдар тек түсініп қана қоймай, әрі олар жиі қолданылатын сөздер жатады. Актив сөздер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде осы тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ болып келеді. Бұған күнделікті өмірде өзіміз айтып, қолданып жүрген таныс сөздердің бәрін жатқызуға болады.

Пассив сөздерге түсінуін түсінгенмен, бірақ онша қолдана бермейтін сөздер кіреді. Бұған әр ғылымның өзіне тән тар көлемдегі терминдері, көнерген сөздер, тарихи сөздер, диалектизмдер, кітаби сөздер жатады.

Сөздердің актив және пассив қабаттарға бөлінуінде белгілі дәрежеде шарттылық бар. Бір заманда актив қолданған сөздердің бірқатары келесі бір заманда пассив қабатқа ауысуы ықтимал. Мысалы: жаугершілік заманда жиі қолданылған атой салу, қарамсақ, адырна, кіреуке, дулыға, сауыт, шерік, қол, т.б. сөздер және сол кездегі лексиканың актив қабатында болды. Әлеуметтік құрылысқа байланысты хан, ханзада, ақсүйек, төлеңгіт, жатақ, қарашы, болыс, майыр, онбасы, елубасы, жүзбасы, қарашығын жаңғақ салғы, барымта, шабарман, малай, т.б. сөздер ХҮІІІ – ХІХ ғасырлардағы лексикада жиі қолданылған сөздер. Бірақ бұлардың бәрі де қазіргі қазақ лексикасының пассив қабатындағы сөздер болып табылады. Сол кезде халық тілінде актив қолданылған ай, жыл аттарын (наурыз, көкек, маусым, тышқан, қой, жылқы, т.б.) Кеңес өкіметі жылдарында (1930 – 1940 жылдарынан бастап) халықтың көпшілігі (әсіресе, жастар жағы) қолданбайтын болды. Кейін Республиканың тәуелсіздік алуына байланысты бұл сияқты сөздер қайтадан лексиканың актив қабатынан орын ала бастады. Бұл мысалдардан лексиканың актив, пассив қабаттарындағы сөздердің құрамы үнемі бір қалыпты болмайтынын, оның жылжымалы екенін көреміз.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді. 1) сөздің әдеби және әдеби еместігіне қарай: әдеби лексика мен диалектілік лексика болып; 2) әдеби тілдегі сөздердің халыққа таныс және онша таныс еместігіне қарай жалпыхалықтық лексика мен арнаулы лексика болып; 3) тілдегі сөздің жұмсалымы аясы мен көркемдік мәніне қарай бейтарап сөздер мен экспрессивті сөздер болып бөлінеді.

Қоғам өміріндегі болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе оның этикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым

сезімтал келеді. Тіл адамның барлық жұмыс саласындағы іс-әрекетімен түгелдей байланысты болғандықтан, сөздік құрам қоғам өмірінде не бар соны дереу және тікелей көрсетіп отырады. Мәселен, Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тілінің сөздік құрамында мынадай басты өзгерістер болды:

1. Қазақ тілінің лексикасы жаңа сөздермен толығып, байыды. Бұлар өндіріс, ауылшаруашылығы, техника және ғылым салаларындағы жаңалықтармен байланысты еді. Соның нәтижесінде қазақ лексикасында неологизмдер, терминология салалары пайда болды.

2. Ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты, көне құрылыс жүйесіне байланысты бір қыдыру сөздер күнделікті қолданыстан шығып қалды. Сөйтіп, сөздік құрамдағы пассив сөзге айналды.

3. Сөздік құрамдағы бір қыдыру сөздердің мағаналары түрлі өзгерістерге ұшырайды: а) Көптеген сөздер бұрынғы мағанасының үстіне жаңадан үстеме мағана қосып, көп мағаналы болып қалыптасты. Мәселен, тап деген сөз революциядан бұрын ел, ру, ата, (тек) ұғымында ғана жұмсалатын еді. Қозғанбайдын табы Бәйнеке атанған бір жерде 12-13 үй қыстайтын (Қ. Тайшықов). Бұл сөздің бұрынғы тармағына сай кеңейіп орыстың клас деген термин сөзінің қазақша баламасы болуы мен бірге, тіл біліміндегі сөз табы деген терминді жасауға негіз болды. Сонымен тап деген сөз қысқа мерзімнің ішінде көп мағаналы актив сөзге айналып кетті; ә) Бұрынғы мағанасынан қол үзіп, басқадай мағанаға ие болған сөздерде кіреді. Мәселен, бұрын ұран деген сөз ел мен ел, ру мен ру жалғасқанда, ат жарыстырып, балуан күрестіргенде ата-бабасының аруағына шақырып рухтандыруды, білдірген сөз болса кейін қоғамдық мәні бар үндеу, шақыру дегенді білдіретін болды. Сол сияқты жасақ бұрын әскер, қол мағанасында айтқанда, қазір қоғамдық тәртіпті ерікті жастар ұйымын білдіретін болды. Сөйтіп, бір дәуірде жаңа сөз көнеге, көнесі жаңаға, аз мағаналы сөз көп мағаналыға, актив пассивке, пассив сөз активке, бейнелі сөз қарапайым сөзге жай сөз бейнеліге ауысып отыру заңдылығы тілдің сөздік құрамына тән нәрсе. Бұлар үздіксіз дамып үнемі толығып өзгерумен болады. Мұндай заңдылықтар әлі де бола бермек.

Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның бір-бірінен түбірлі айырмашылықтары бола тұрса да, олардың аражігі сіресіп қатып қалған, өзгермейтін дүние емес, керісінші, бір-бірімен үздіксіз қарым-қатынаста болып отырады. Бұлардың өзара қарым-қатынасы мынадай жайттардан нақты көрінеді.

1. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрам бір-бірін толықтырып, жаңғыртып отырады. Тіл дамуының бір кезеңіндегі негізгі сөздік қорға енетін сөздер, оның екінші бір кезеңінде сөздік құрамға ауысады. Мысалы: шидем, асадал, қорамсақ, киіт кию, отқасалар, малай, дүре, әмеңгер, сабан, тісағаш, құн алу, т.б. сөздер бір кезде халық өмірінде аса қажет ұғымдарды білдіріп, негізгі сөздік қорда болса, жаңа заманда ол ұғымдардың ескіріп

қолданылмауына байланысты сөздік құрамға ауысып, оның пассив қабатынан (тарихи сөздер) орын алды. Керісінше, сөздік құрамдағы электр, радио, телефон, пошта, фото, бригада, арифметика, институт, зейнетақы, стипендия, автобус, трактор, комбайн, вокзал, т.б. сөздер тілге кейін енгеніне қарамастан жалпыхалықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға ауысып отыр.

2. Негізгі сөздік қордың сөз тудыруға ұйытқы болатын қасиетінің арқасында сөздік құрам үнемі жетіліп, толығып отырады. Негізгі сөздік қор сөзжасам тәсілдері арқылы тілдің бүкіл лексикалық жүйесінің даму бағытын анықтап, әрдайым сабақтастырып отырады. Сол себепті бұлардың арақатынасының жылжымалы, шартты сипаты бар

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Негізгі сөздік қор дегенді қайлай түсінесіз?
2. Негізгі сөздік қор жөніндегі К.Маркстің идеясы?
3. Негізгі сөздік қорға жататын сөздердің бәрін жалпы халықтық деп атауы не себепті?
4. Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жиілігіне қарай неше салаға бөлінеді?
5. Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай неше топқа бөлінеді?
6. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның айырмашылықтары қандай?

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 12, 19, 31, 36, 51.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 8. СӨЗДІК ҚҰРАМНЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ.

Дәрістің мақсаты: Сөздік құрамның деңгейлері туралы түсінік қалыптастыру. Түркі тілдеріне ортақ сөздер және қазақ тілінің байырғы сөздерімен таныстыру. Қазақ лексикасындағы кірме сөздерімен қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасына тоқталу.

Дәріс жоспары:

1. Сөздік құрамның деңгейлері;
2. Түркі тілдеріне ортақ сөздер және қазақ тілінің байырғы сөздері;
3. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер;
4. Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы.

Қазақ тіліндегі негізгі сөздік қор, түркі тілдеріне ортақ сөздер.

Қазақ тілі лексикасының құрамын тарихи шығу, жасалу тұрғысынан алып қарасақ, оның тарихи даму процесінде талай арналар мен қат-қабаттардан сұралғандығын көреміз. Соның ішіндегі ең негізгі арна-ертеден бері өмір сүріп келе жатқан тілінің өзі байырғы төл сөзі, негізгі

сөздік қоры. Қазақ тілінің сөл сөзі негізгі сөздік қорға енумен бірге, шығу төркіні бір, туыстас түрік тілдеріне де ортақ сөздер болып көреді.

Мұнымен бірге, қазақ халқының басынан кешірген ұзақ тарихында талай халықтармен мәдени, шаруашылық қарым-қатынастарды болғандығына байланысты сонғол, араб-парсы, орыс тілінен енген сөздер де қазақ тілі лексикасын құраған қат-қабаттар мен арналар болып саналады.

Енді осылардың әрқайсысына жекеөжеке тоқталайық.

Түркі тілдеріне ортақ сөздер. Тіл-тілдегі сөздердің басқа бір тілдермен түбірлес болуы кездейсоқ құбылыс емес. Олардың бірнешеуіне ортақтасатын сөздердің болуына мына төмендегі екі түрлі жағдай себеп болатыны байқалады: біріншіден, тілдегі сөздердің басқа бір тілмен түбірлес болуы олардың әуелден туыстас болуына байланысты. Тілдің негізгі сөздік қоры талай ғасырдың жемісі болғандықтан, сонау арғы заманда бір тілдің құралымындағы сөздер бертін келе төркіндес тілдерге бөлініп, жеке-жеке тіл болған кезде, бұл тілдердің әрқайсысы бұрынғы ортақ түбірін сақтап қалады. Мұндай факт-тілдердің туыстық жақындықтарының әсерінен болады. Ол жақындықты негізгі сөздік қордағы ортақ сөздер арқылы да, грамматикалық құрылысы арқылы да білеміз. Екіншіден, бірнеше халықтардың сөздік құрамында ортақ сөздердің болуы тоғысу жолымен де жасалады. Тілдердің тоғысу процесінде субстрат деп аталатын құбылыс пайда болады. Жеңген тіл жеңілген тілден қабылдайды. Жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементтері **субстрат** деп аталады. Жеңілген тілдің кейбір сөздері көбінесе сөздік құрамында сақталып қалады.

Бірақ тілдің басқа тілмен түбірлестігі тілдің тек тоғысуы ғана емес, олардың әуелден туыстас болуы байланысты. Тілдердің тоғысуы жүздеген жылдары бойына созылатын ұзақ процесс, - деп үйретеді марксизм ілімі. Ал осы тоғысу фактісінің қазақ тілінде болғаны, егер болса, қашаң болғаны, қандай тілдермен тоғысқаны – күні бүгінге дейін зерттелмеген нәрсе.

Қазіргі тілінің сөздік қорына енетін байырғы, сонымен бірге түркі тілдерінің әрқайсысы тән, ортақ сөздердің негізгі түрлері мыналар:

Мал шаруашылығына байланысты, атаулар: қой, жылқы, ат, байтал, құнан, өгіз, бота, бура, қозы т.б.

Аң-құс атаулары: аю, қарға, бүркіт, бұлбұл, түлкі, қоян, бөрі т.б.

Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар: бос аяқ, қол, көз, мұрын, ауыз, жақ, ерін, мойын, бел т.б.

Табиғаттағы құбылыстарға байланысты атаулар: тау, жер, су, өзен, көл, тас, ай, күн т.б.

Еңбек құралдар атаулары: пышық, ара, біз, күрек т.б.

Егін шаруашылығына байланысты атаулар: бидай, тары, астық т.б.

Адамдардың туыстық қатысына байланысты атаулар: қыз, ата, шеше, әйел, күйеу, аға, бажа, құда т.б.

Тамаққа байланысты атаулар: ет, май, сүт, айран т.б.

Тұрмыс қажетіне байланысты атаулар: үй, киіз т.б.

Заттың сапасын, белгісін көрсететін сөздер: ақ, сары, қызыл, көк, кара, ыстық, суық, ащы, ауыр т.б.

Есімдік сөздер: мен, сен, ол; сан есімдер: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он т.б.

Жоғарыдағы сөздер дыбысталуы жағынан, айтылуы жағынан барлық түркі тілдерінде бірдей емес. Әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай дыбысталу жақтарынан өзгешелеу. Бірақ олардың бір-бірінен алшақ кетпей, өзара ұқсас, бір тектестігі жақын. Мысалы: қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде – *бас*, өзбек тілінде-*бош*, башқұрт, татар тілдерінде-*баиш*, қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдерінде-*тау*; қырғыз тілінде-*тоо*; түрікмен тілінде-*дааг*; өзбек тілінде - *тоғ*.

Ш.Ш.Сарыбаев монғол тілдері мамандары енбегіне сүйене отырып, монғол тілі мен қазақ тіліндегі сөздердің мынадай дыбыстық үйлесімділігіне тоқталған:

З	Ж
Заа	жә (ладно, достаточно,хватит)
Зах	жақ (край, окраина) т.б.

Х	У
Тарах	тарау (расходиться)
Төлөх	төлеу (платить) т.б.

Д	Т
Тал	дала (степь, поле)
Дөш	төс (грудь) т.б.

В	Б
Хавирга (н)	қабырға (ребро)
Хэвэг	кебек (отруби, шелуха) т.б.

Х	Қ
Хөл (нога, лапа)	қол (рука)
Хуймаг	құймақ (блины) т.б.

Г	У
Таг (плато, плоская вершина горы) –тау (горы)	
Тогос – тауыс (павлик) т.б.	

Ц	Ш
Цөл	шөл (пустыня)
Цаг	шақ (время, период) т.б.
Ч	Ш
Балчиг	балшық (грязь, болота)
Г	Қ
Гунан	құнан (жеребенок по третьему году)
Булаг	бұлақ (родник, источник) т.б.

Бұдан кейін Ш.Ш. Сарыбаев бірсыпыра сыңар мәнді қос сөздердің этимологиясын моңғол тіліндегі сөздерді салыстыра отырып айқындаған. Мысалы, қазақ тілде абысын-ажын деген сыңар мәнді қос сөз бар. Бұлсөздерді жеке алып қарасақ, қазақ тілінде бірінше компонентінің мәні бар да, екінші компонентінің мағынасы жоқ, ал моңғол тілінде-інісінің әйелі үшін ажын болады екен де, ажын сөзі қолданыла береді екен.

Тоқты-торым деген қос сөздің торым деген сыңары да қазақ тілінде жеке қолданылмайды, ал моңғол тілінде тором деп бір жасқа толған ботаны, дәлірек айтқанда, тайлақты айтатын көрінеді.

Қазақ тілінде аты шулы сөзі бар. Мұның екінші сыңары жеке қолданылмайды, ал моңғол тілінде цуу- атақты, әйгілі деген мәнде дербес қолданылады. Дән риза деген сөз тіркесіндегі- дән қазіргі қазақ тілінде жеке қолданылмайтын сөз деуге болады, ал моңғол тілінде дән өте деген мағынада қолданылады екен. Міне, осы сықылды толып жатқан түсініксіз деген сөздерді моңғол тілі сөздігімен салыстырып қарағанда, әр қайсысының өзіне тән дербес мағынасы бар сөздер екені анықталған.

Қорыта келгенде, моңғол тілі мен түркі тілдерінің туыстық дәрежесі ғылымда әлі шешімін таппай отыр.

Қазақтың байырғы төл сөздері.

Байырғы төл сөздер сөздік құрамның сан жағынан ең мол, құрылымдық-статистикалық және грамматикалық сипаты жағынан алуан түрлі қабатына жатады.

Байырғы лексиканың негізінде түркі тілдеріне ортақ сөздер жатыр. Оған қазақ тілінің негізгі сөздік қорына кіретін сөздер түгелдей дерлік кіреді. Бірақ байырғы лексика ол екеуінен ғана тұрмайды. Байырғы лексикаға олардан басқа сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған мыңдаған тума сөздер, қазіргі кезде көнеріп кеткен сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, әбден халықтық сипат алып кеткен бірқатар кірме сөздер кіреді.

Мысалы: араб-парсыдан ауысқан әуен, қорек, әрекет, орыстан ауысқан самауыр, рет, бәтеңке, т.б. Сол себепті байырғы лексиканың

көлем мөлшері жалпы түркілік лексикадан және негізгі сөздік қордан әлдеқайда кең, әрі көп салалы.

Қазақтың жалпыхалықтық байырғы сөздерінен кейін пайда болған неологизмдер мен терминдерді тек жергілікті сипаты бар диалектизмдер мен кәсіби сөздерді жатқызуға болмайды. Неологизмдер мен терминдерде байырғылық сипат жоқ болса, ал соңғылары тарихи көне тіл құбылыстарымен ұштасып жатқанымен, жалпыхалықтық қолданыста жоқ. Бірақ диалектизмдер мен кәсіби сөздерде белгілі бір жердің тұрғындары үшін байырғылық сипат болуы мүмкін.

Сөйтіп, байырғы, төл сөздер дегеніміз қазақ халқының өмір тіршілігі мен шаруашылығынан, тұрмысы мен мәдениетіне, дүниетанымы мен түсінігіне байланысты жалпыхалықтық сипатта қалыптасқан, оның өзіне тән сөздері.

Байырғы төл сөздер, бір жағынан, бұрынғы, ескі, көнелік, екінші жағынан, тілдің өзіне тән меншікті, етене қасиеттерімен сипатталады. Осындай сипаттағы қазақтың байырғы төл сөздері, негізінен қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан бөлініп шығып, ХҮ-ХҮІ ғасыр мен ХІХ ғасыр арасында өз алдына халық болып біріккен кезінде пайда болған.

Байырғы төл лексиканың құрамындағы жалпытүркілік сөздер мен негізгі сөздік қордан тыс мол қабатты тіліміздегі тарихи тума сөздермен байланысты. Тарихи тума сөздер тіліміздің сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған, олардың ішіндегі ең өнімдісі – сөзжасам жұрнақтары арқылы туған сөздер. Тума сөздер сөз таптарының бәрінде де кездеседі. Әр сөз табының өзіне тән сөзжасам жұрнақтары бар. Олардың ішінде ең көп сөз жасаған өнімділері де, аз сөз жасаған өнімсіздері де бар. Мәселен, зат есімдердің жасалуында тарихи өнімді жұрнақтардың қатарында: -шы/ -ші, малшы, жылқышы, адамшылық, молшылық, жоқшылық, кеңшілік, құрғақшылық, кедейшілік.

Қазақ лексикасындағы кірме сөздер.

Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Қазақ халқының ертедегі даму тарихына көз жіберсек, көптеген елдермен үнемі тығыз байланысты болғандығын көреміз. Бұл жайында “ Қазақ ССР тарихында” былай деп жазған: “ Қазақстан жеріндегі халықтардың Қытаймен, Орта Азиямен, Волга Булгариясымен және Киев Русімен сауда байланысы өрістеген. Қазақстанның, әсіресе, батыс, солтүстік,- батыс, аудандарының халқы Русьпен өте-мөте берік байланыс жасап тұрған. Русьпен, Шығыс Еуропанаң басқа халықтарымен арадағы осы сауда байланыстарында негізгі делдалдыққа жүргендер булгарлар, хазарлар, онан кейін печенегтер мен половецтер болған. Византияның деректемелері Орта Азия

халықтары мен Шығыс Еуропа Халықтарының арамсында біздің заманымыздың YI ғасырынан бастап ақ керуен саудасы болғанын айтады. Осындай айырбас пен мәдени өзара байланыстар Қазақстан тайпалары мен халықтарының мәдениетінің дамуында үлкен рөл атқарған”.

Ел мен елдің арасындағы ежелгі достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты заттарды ғана алмастырып қоймаға, соған қоса рухани байлықта, бір-біріне молынан ауысқан. Соған байланысты бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген. Сол себепті тіліміздегі қыруар кірме сөздерді қоғам тарихымен, қазақ халқының басынан кешкен даму тарихымен тығыз байланыстырып зерттеген жөн.

Қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы 8-11 ғасырда араб-парсы елжерімен, 12-13 ғасырларды моңғол халқымен күшті байланыста болса, 18 ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731 ж.) бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ ауыс-түйіс мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамының не бары 30% ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады. Түркі тілдері мен басқа тілдердің арасында да сөз ауысу тек бір жақты болмай, екіжақты болып отырған. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тілдеріне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар араб-парсы тілдеріндегі мынадай сөздер түркі тілдерінен ауысқанын атап айтады. Мысалы: ата, аталық, адырна, орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бүлдіршін, қылыш, қонақ, бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлыс, олжа, өлік, өлекшін, жылқы, қаз, қарға, қарақұс, сұңқар, қызыл, қылшық, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақшы, қайық, аю, арыстан.

Орыс тілінің сөздік құрамындағы айран, алтын, апара, аул, балбес, башка, балван, ерелаш, қабырға, қаймақ, қараул, кишлак, кочевать, кумыс, очаг, серьга, сургуч, табун, тамга, тумак, урман, тюбетейка, чекмень, чий,

чубарий, чулан, тютюн тәрізді сөздер ертеде түркі халықтарынан ауысқан. Н.К.Дмитриевтің пікірінше, түркі тілдерінің ықпалы славян тілдерінің лексикасына әсер етіп қоймаған, славян тілдерінің грамматикасы мен фонетикасына, бір сөзбен айтқанда, жалпы тілінің жүйесіне күшті ықпал еткен. Бұған қарағанда өзге тілдер түркі халықтарының тілдеріне қаншалықты игілікті әсер еткен болса, түркі халықтарының тілдері де сол тілдерге кем ықпал етпегендігі байқалады. Алайда, бір тілден ауысқан сөздердің сан мөлшері әрдайым тең болады деген теріс ұғым тұмауға тиіс.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген: 1) араб тілі; 2) парсы тілі; 3) моңғол тілі; 4) орыс тілі.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Қазақ тілі лексикасынан орын алып, қазақ халқы сөздігінің бір бұтағы болған араб, парсы, иран тілдерінен енген сөздер:

Араб, парсы, иран тілдерінен қазақ тіліне сөз ену ертеден, сонау VIII-IX ғасыр шамасынан басталады. VIII ғасыр шамасында арабтар Орта Азия, Қазақстан жерін басып алып, біраз өмір сүрген, жаулап алған жерлеріне өздерінің дінін, мәдениетін зорлап енгізген, көптеген сөздердің енуі осы кезден басталса керек.

Арабтар негізгі бұқараны діни жағынан бағындыруды мақсат етті.

Бірақ ол кезде қазақ жеріне араб, иран басқыншылары тікелей келіп қоныстана алған жоқ, олардың кейбір отрядтары қазақтың шетірек аудандарына кіргендерімен тұрақтанған жоқ. Сондықтан да мұсылман дінінің әсері қазақ даласында онша өріс ала алмай, қазақ халқы XIX ғасырға дейін шала мұсылман күйінде қалған.

Қазақ даласына исламдінінің ертеден тарап, едәуір өріс алғанын Радлов тәрізді оқымыстылар да айтты.

В.В.Радлов былай дейді: «Ислам дініне сырттай иланудың нәтижесінде қырғыз (қазақ) тілі исламның іріткіш ықпалынан аман сақталып, өзінің бастапқы таза түріктік сипатында қалды. Оған кейбір жат элементтердің кіруі рас, бірақ олар Мұхамбет дініндегі басқа түрік елдеріндегідей дербестігін сақтай алмай, қазақ тілінің дыбыс заңдарына бағынып, сол халықтың өз сөзіне айналып кеткен...». «Ислам дінін алған елдердің қайсында болсын, араб, парсы, тілдері бірінде аз, екіншісінде көп, әйтеуір, із қалдырғаны сөзсіз. Қазақ елінің ауыз әдебиеті, XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиетін басқа түркі елдерімен салыстырғанда анағұрлым таза, анағұрлым өзінің ұлттық тұлғасын берік сақтады десек те, кейбір араб, парсы сөздері тіпті әріректегі ауыз әдебиет нұсқаларынан да бірен-саран кездеседі екен. ...Қазақтың көп сөздерін «мал, бала, кемпір» араб, парсыдан алынған деп жүр... Бұл тәрізді қазақтың өз сөзі болып кеткен сөздері алмағанда, ауыз әдебиетінің әріден келе жатқан түрлерінде де кейбір араб, парсы сөздері кездеседі. Мысалы:

«Жылан арбау» тәрізді салт өлеңінің бір жерінде: «аман, есен жылан, Бызыри бір жылан» дейді. Мұндағы «аман» парсыша «жылан» деген сөз.

Егер алдыңғы айтылған «мал, бала» деген сөздер араб, парсы тілінен кірді дегеннің өзінде де, қазақтың өз сөз болып кеткен сөз, ал жырларда кездесетін: «бенде, бейіш» деген сөздер, жинап бастырушылардың кейінгі кездерде қоспасы болуы мүмкін десек, соңғы айтылған «еен, еен жылан» әдебиет нұсқаларында кездесеуі ел аузында әріден сақталынып келе жатқан кейбір араб, парсы сөздердің әріден-ақ кіре бастағанын аңғартады», - деп көрсетеді, белгілі ғалым Қ.Жұмалиев.

Шынында да, қазақ тіліндегі бірсыпыра араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына әбден бағынып, қазақтың байырғы сөз, қосымшаларымен жымдаса кірігіп, басқа тілдік қасиетін жойып кетуі – олардың талай ғасырды басынан кешіргендігінің айқын айғағы сияқты.

Екінші жағынан, араб-парсы сөздердің қазақ еліне көп тарауы дін, оқу, кітап, жасу ісімен байланысты.

Қазақ даласына сиалм дінің қен жайылып, ықпалының күшейе бастуы, әсіресе, XIX ғасырда болды. Патша өкіметі тарапынан қырға татар моллалары келіп, дін үйрету, мешіт ұстау, бала оқытулар басталады. А.Васильев: «... Указами 1782-84, и 97 годов императрица повелела строить на границе киргизской степи татарские школы, мечети и отпечатать на казенный счет корон для раздачи его киргизам», - дейді. Бұл жағдай ел арасында діннің дамуына, қожа –молданың көбеюіне қолайлы болды. Осыған байланысты бұл дәуірде қазақ тіліне діни мәндегі арабөпарсы сөздерінің көптеп кіргені мәлім.

Бұдан басқа араб-парсы сөзінің көптеп енуі жазу нұсқамыздың араб алфавитінде болуына байланысты. Араб жазуы Орта Азия Қазақстанға ең алдымен ислам діні арқылы келеді. Араб-парсы тілдеріне тән сөздер, мұнымен қатар түрлі дастан-қиссалар баспасөз арқылы көрші Орта Азия халықтары (тәжік, өзбек, татар) тілдері арқылы енді деген де пікір бар. Қазақ тіліндегі араб-иран тілдерінен ауысқан сөздерді Л.Рүстемов өзінің диссертациялық еңбегінде шартты түрде XV ғасырға дейін және XV ғасырдан кейін енген деп екіге бөліп қарайды. Шынында, араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерді дәуірлеу қиын.

Бірқатар тіл тарихын зерттеушілер бұл тілдерден сөз ауысу өте ертеден басталады деп, XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындары шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдар келтіреді. Мысалы Абай тілін зерттеуші Р.Сыздықова XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ ақын-жырауларының тілінен және ауыз әдебиеті үлгілерінен дінге қатысты мына сықылды бірқатар араб сөзін берген. Бұқар жырауда: пұсырман, қыдыр, арсы-күрсі, қыбла, сәуле, ахрет, алла, молда, иман, мешіт, кебе, намаз, фани; тақырыбы діннен мүлде қашық жауынгер ақын еен аты :фани, құран, садаға, алла т.б., оның үлгісін әрі жалғастырушы Шерниязда: молда, дұға, әруақ, құрбан т.б. Жалпы аса

ынталы мұсылмандар болмаса да, қазақтардың сөйлеу тәжірибесіне ислам дінінің әр алуан ритуалдарына (намаз, ораза, дұға, қайыр, садақа, құрбан) қатысты сөздер, дін иелерінің аттары (молда, оспы т.б.) және бақалары ерте кезден бастап-ақ кіре бастағаны көрінеді. Ал дінге қатыссыз сөздерден көбінесе абстракт ұғым атаулары да Абайға дейінгі нұсқаларда едәуір бары байқалады. Дәулет, бақ, несібе, нәсіп, уағда, пейіл, айбат, арам, адал, амал, құрмет, ар, абырой, сабыр, әлем, ажал, уақыт, мезгіл, мақұл, мысал, өмір т.б. сияқты көптеген сөздер халық тілінде қолданылған.

«Дала уәләяті» газеті тілін зерттеуші Б. Әбілқасымов араб-парсы тілдерінен сөз ауысу талай ғасырдың жемісі... екінші жағынан, дінмен, оқу-жазумен байланысты бірсыпыра сөздер кейінде, яғни XVIII-XIX ғасырларда, реакциялық бағыттағы панисламизмнің дәурлеп тұрған кезінде көптеп кірген. Бұған патша үкіметінің тікелей қолдауымен қазақ жерінде салынған медресе, мешіттердің әсері болған тәрізді» екенін айтқан. «Дала уәләятті» газеті тілінде араб-парсы сөздері сирек кездеседі. Оның өзі де о бастығы тұлғасын мұнда өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана деп мына сықылды араб-парсы сөздерінің тобын келтіреді:

Бірінші: кітаб, ғылым, сағат, мектепхана, дәфтер, адам, хат, халық, шаш, қала, саудагер, мал, базар, медресе, нан, ұстаз, чапан, мола сияқты нақтылы зат атауларымен қатар, һөнер, ниет, дүние, өсиет, заман, мінез, уақыт, ғақыл, жауап, әңгіме, қымбат, қызмет, адал, ахымақ, ылайық сияқты абстракты ұғымдардың атаулары.

Екінші топ сөздер негізінен, кітаби, діни лексикаға тән сөздер болып келеді де, оқымаған халық бірін түсінсе, бірін түсінбей, ауызекі тілде көп қолданыла бермейтін сөздер: мархамат, ждаһат, шафағат, рәсім, мазкүр, жамағат, фікір, тарафы, мнақыб, табиғ, лтифат, мінажат, әділедік, ғибрат, хүкім, ұрых (рух), шүбаһа, фаһам, луғат, муафих, таһақиқ, ғызатлы, рушанлы, нифле, низам, наһу, фарман, таһалим, нәсихат, ғулама т.б.

Автор: «Дала уәләятты» газеті шыға бастаған XIX ғасырдың 80-жылдары араб-парсы сөздерің кіру қарқынының мүлде әлсіреп, тіпті тоқталған кезі болатын, бұған XIX ғасырдың екінші жартысынан, дәлірек айтқанда, өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап, патша үкіметінің ислам дініне тежеу салып, жалпы панисламизмге қарсы белсенді күрес жүргізуі себеп болған», - деген тұжырым айтады. Бұл жағдай «Қазақ ССР тарихында» да айтылған. «XIX ғасырдың бірінші жартысында, - деп жазылған Қазақ ССР тарихында, - патша үкіметі ислам дінін қолдап, мешіттер салуға мұсылманның діни кітаптарын басып шығаруға ақша басатып отырған еді. Ал сонан кейінгі жерде патша үкімет ислам діні мен мұсылман діни қызметкерлерін қолдаудан іс жүзінде бас тартты. Мұндай теріс айналудың себебі: мұсылман діни қызметкерлерінің көптеген өкілдерінің орысқа қарсы позицияда екендігіне бұл кезде паиша үкіметінің

көзі жетті. Бұлар кейде Орта Азия халықтарының, ал олар арқылы Түркияның агенттері болатын...».

Бұл айтылған жағдай сол уақытта қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің енуіне белгілі дәрежеде тежеу салған сияқты. Сондықтан да «Дала уәләты» газетінде араб-парсы сөздері сиректенуі мүмкін. Сөйтіп, қайткенде де араб, парсы, иран сөздері тілімізде молшылық. Оның көпшілігі ауызекі тіл арқылы енген де, бірсыпырасы жазба, дін әдебиеттері арқылы енген және оның ислам дініне қатыстыларының көпшілігі көнерген, пассив элементтерге айналған да, дінге қатыссызы күні бүгінге дейін актив қолданылуда.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы, иран сөздерін мына сықылды топқа бөліп қарауға болады:

Мәдениет, оқу білім, ғылыма қатысты сөздер: ғылым, ғалым, өнер, мәдениет, мәдени, кәмелет, хат, қалам, кітап, емтихан, емле, тарих, дәптер, дәуіт, талап, ғибрат, ғұлама, мұғалім, мұғалима, мектеп, қағаз т.б.

1) Абстракт ұғым атаулары: абырой, мейір, парыз, нәпсі, қадір, құрмет, пейіл, несіп, зейін, ақыл, айбат, даңқ, әділет, әділ, арам, адал, сабыр, ажал, дәулет, бақ, несібе, күмән, ынтымақ, ықылас, қиянат, рахат, рақым, залал, мазақ, тағдыр т.б.

2) Адамды әр алуан жатқан білдіретін сөздер: бейбақ, пақыр.

3) Әлеумет-хұқыққа қатысты сөздер: мемлекет, әлеумет, мекеме, арыз, заң, ахуал, ықпал, адам, уәкіл, үкім, дәреже саясат, әкім, отан, тәжірибе, әскер т.б.

4) Дінге, дін иелеріне қатысты сөздер: тұмар, шарифат, зекет, муфти, әулие, сопы, құшнаш, имам, қажы, тәуіп, ахрет, хазірет, алла, құдай, дұға.

5) Парсы-ирандық сөздер: дұшпан, дос, дүние, баға, пайда, жан, сауда, саудагер, базар, таразы, дерт, шаруа сықылды зат есімдер және майда, таза, арзан, зор тәрізді сын есімдер.

6) Кісі аты, ономастикалық атаулар: Жаппар, Ғабит, Сәбит, Райхан, Әсия, Зейнолла, Ыбырай, Әбу, Зейнеп, Әмір, Әмина, Айман, Оспан, Базан, Жаппас т.б.

7) Түрлі зат, құбылыс атаулары: дүние, сағат, табиғат, сахара, мекен, мүлік т.б.

8) Уақыт, мерзім атаулары: дәуір, дәурен, заман, ғасыр, маусым т.б.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің барлығы да халықтың сөйлеу тіліне еніп, әбден түсінікті етене болып кеткен сөздер және бұлардың діни ұғымды білдіретінінен басқасы қазіргі әдеби тіліміздің негізгі сөздегінен қен орын алып, байырғы қазақсөздеріміздей актив қолданылады.

Орыс тілінен енген сөздер. «Қазақ халқы сонау ерте замандардан бері

орыс халқымен қарым-қатынаста болған. Өйткені ежелден бергі көршілес отырған бұл халықтар арасындағы достық үнемі күшейіп,

аралырындағы мәдени-шаруашылық байланыстары дамып отырған. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында орыс тілінен ауысып келген қай ғасырда, қай кезеңде ауысқаны туралы деректер аз. Орыс тілінен енген сөздерді негізінен, екі кезеңге бөліп қарап жүрміз». Бірінші, Қазан революциясынан бұрын енген орыс сөздері, екінші, Қазан революциясынан кейін енген орыс сөздері.

Қазан революциясына дейін енген сөздер. Революцияға дейінгі кезеңде ауысқан орыс сөздері баспасөз арқылы жазба түрде тарамаған, көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген. Сондықтан болса керек, бұл кезеңдегі кірме сөздер түгелдей дерлік қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып өзгерген. Қазіргі әдеби тілімізде революцияға дейінгі ауысқан орыс сөздері (бірлі-жарым терминдік мәні бар сөздерді қоспағанда) негізінен қазақ тілінің емлесіне сай, өзгерген қалпында жазылады. Бұл сөздерді мынадай топқа бөліп қараймыз:

а) Тұрмыс қажетіне қатысты сөздер. Мысалы: жәшік (ящик), кереует (кровать), бөтелке (бутылка), бөшке (бочка), лампы (лампа), көшір (кучер), бәтеңке (ботинки), шайнек (чайник), күршек (крючок), сөтке (сутки), т.б.

ә) Әкімшілік басқару ісіне байланысты сөздер. Мысалы: ояз (уезд), болыс (волость), старшын (старшина), жандарал (генерал), поштабай (почтовой), майыр (майор), іштрап (штраф), т.б.

б) Ғылым мен мәдениетке, техникаға қатысты сөздер. Мысалы: зауыт (завод), мәшине (машина), минөт (минут), секөнт (секунд), журнал (журнал), ләпке (лавка), т.б.

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер: учаске (участок), пылан (план), қотыр (хутор), әренда (аренда), десетине (десятина), ысклад (склад), т.б.

Қазан революциясына дейінгі қазақ тіліне енген орыс сөздерінің бірсыпырасы қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, көп жағдайда төл сөздерден басым түсіп, жалпыхалықтық сипат алып отырған. Мәселен, орыс тілінен ауысқан бөтелке, бөшке, гармон, божы, кәмпит, бишік, кірпіш, сіріңке, көшір тәрізді сөздер қазіргі әдеби тілден мықтап орын тепкен де, бұлардың ана тіліндегі сыңарлары сөйлеу тіліне қарай ығысқан, сөйтіп пассив сөзге айналған. Қазір сіріңке деген сөз тұрғанда оның орнына оттық, күкірт, шақпақ деген сөздерді қолдану әдеби нормаға жатпайды. Сол сияқты гармон деген сөз тұрғанда, сырнай, керней, ал кірпіш тұрғанда қыш әдеби тілде қолданылмайды. Демек, бұл сияқты орыс сөздері сөздік қорға басыбүтін кіріп, әбден орнығып алған.

Енді бір жағдайда қазақтың тума сөздері орыс тілінен ауысқан сыңарларын сөйлеу тіліне ығыстырып жіберген. Мәселен, шыт, тәулік, кезек, құлақшын, шам, ілгек, ие, кесе деген сөздер әдеби тілдің шеңберінде жалпылама қолданыла береді. Ал бұлардың орыс тілінен келген сыңарлары: сиса, сөтке, өшірет, малақай, лампа, қожайын, күршек, пияла сияқты кірме сөздер көбінесе сөйлеу тілінде, көркем шығармада

кейіпкерлердің тілінде кездеседі. Орыстың пара деген сөзі біздің тілімізге пар болып ауысқан. Пар деген сөзден парластыру, парласу, парлату, парлау тәрізді туынды сөздер жасалып, сөздік құрамды байытуға атсалысқан. Сол сияқты мәнерлі сөз, мәнерлеу тәрізді жаңа ұғымның тууына орыстың манера деген сөзі себепкер болса, межелі жер, межелеу деген тың сөздердің жасалуына да орыстың межа деген сөзі ұйытқы болған.

Ертеде ауысып келген орыс сөздерінің ішінде әр түрлі стильдік мән тудырып жүргендері де бар. Мәселен, шен (чин) деген сөз орыс тілінде әскери атақ, дәреже дегенді білдірсе, қазақ тілінде мансапқұмар, атаққұмар адамға кекесін ретінде айтылады. Шен деген сөзден шен алу, шен-шекпен, шендес, шеншіл, шенқұмар деген жағымсыз мәндегі сөздер туып қалыптасқан. Сонымен революциядан бұрынғы кезеңде кірген орыс сөздерінің қалыптасуы мен тілге сіңісуі бір дәрежеде емес екендігі байқалады.

Қазан революциясынан кейін енген сөздер. Бұл кезеңде қазақ тілі үздіксіз байып, кемелденіп, жетіліп отырды. Оған орыс тілінің тигізген ықпалын атап өтпеске болмайды. Орыс тілі бұл кезеңде бұрынға Кеңес одағындағы барлық ұлт тілдерінің фонетикасы мен лексикологиясына, морфологиясы мен синтаксисіне, стилистикасына, бір сөзбен айтқанда, тілдердің барлық жағынан дамуына үлкен ықпал жасап келді. Кеңес дәуірінде орыс тілінің өзі жаңа қоғам мен өндірістің, жаңа мәдениет пен ғылым, техниканың дамуына байланысты кемеліне келіп байыды да, сол арқылы басқа тілдерге ықпал жасап отырды. Соның нәтижесінде бұрын негізінен күнделікті тіршілік пен қарым-қатынастың ғана құралы болып келген қазақ тілінде қоғамдық, саяси, ғылыми терминология қалыптаса бастады. Біздің тілімізге енген интернационалдық терминдер тек орыс тілі арқылы келіп сіңісті. Сондықтан олардың бәрінде орыс сөздері деп есептейміз. Өзгеше тілдерінен бұл дәуірге тікелей сөз ауысқан жоқ.

Бұрын-соңды тілімізде айтылып көрмеген қыруар термин сөздер ауысып келді. Олар бір-бірлеп кірген жоқ, қаптап, лек-легімен енді. Бұлардың басым көпшілігін орыс тіліндегі қалпында түр-тұлғасы мен мағынасын өзгертпей қабылдадық.

Бірқыдыру терминдік ұғымдағы сөздер калька жолымен, қазақша сөзбе-сөз аударылып алынды да, қазақтың байырғы төл сөзіндей етене болып, мүлдем сіңісіп кетті.

Сөйтіп, революцияға дейін орыс сөздері қазақ тіліне негізінен ауызекі тілге ауысса, революциядан бергі кезеңде кең көлемде баспасөз арқылы еніп отырды. Бірінші кезеңде енген сөздердің ішінде әкімшілік, ел билеуге, тұрмысқа қатысты сөздер көбірек болса, екінші кезеңде терминдік сипаты бар сөздер басым болды. Қазақ тілі өзінде жетіспеген жоқ сөздердің бәрін Кеңес дәуірінде орыс тілінен алды да, өзінің сөздік құрамын жетілдіріп, байытып отырды.

1950-1960 жылдардан бері қоғамдық жұртшылық санасында тілімізге кіріп кеткен орыс сөздерінің қолданылуын реттеу, мүмкіндігінше бұлардың қазақша баламасын табу, егер баламасы болмаса, оны жасанды түрде беру талабы көрініс бере бастады. Мәселен, бұл арада тілімізге әбден кірігіп, ана тілінің өз сөзіндей болып кеткен (самауыр, завод, бедіре, бәтеңке, т.б.) болмаса, баламасын қазақша беру мүмкін емес орыс сөздері (пойыз, паракход, бригада, молотилка, т.б.) жайында емес. Жоғарыдағыдай жұртшылық талабы ол кезде негізінен ғылыми, техникалық терминдерге жатпайтын, қазақша атауға бола тұра орысша аталып келген күнделікті тіршілікке тұрмыс-салтқа байланысты нақты зат, бұйым атауларына қатысты болды. Соның нәтижесінде остоновка – аялдама, холодильник – тоңазытқыш, мороженое – балмұздақ, дача – саяжай, простыня – ақжайма, т.б. болып қазақша аталатын болды.

Республика тәуелсіздікке ие болған 1991 жылдан бастап, күнделікті тіршілікке, тұрмыс-салтқа байланысты сөздермен бірге енді халықаралық мәні бар терминдерге балама табу талабы күшейе бастады. Ол үшін қазақ тілінің ішкі қорындағы мүмкіндіктер пайдаланылып, қаншама терминдердің қазақша баламалары қалыптасты.

Қазақ тілінің моңғол тілдерімен қарым-қатынасы. Қазақ тілінің моңғол тілдерімен қарым-қатынасы екі түрлі жағдайда қарастырылады. Бірінші, қазақ тіліндегі моңғол тілдерінен тікелей ауысып кірген сөздер жайында. Бұған ең алдымен екі халықтың ғасырлар бойы көршілес тұрып, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауы себеп болған. Сонымен бірге 13 ғасырда мқңғолдардың Қзақстан және Орта Азия жерін жаулап алып, ол жерлерде Шыңғыс әулеті билеген ұлыстар мен ордалардың 15 ғасырға дейін үстемдік етуінің әсері тиген. Тіпті қазақ хандықтары құрылған 15-18 ғасырларда да моңғолдамен тегі бір Жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үнемі шапқыншылық жорықтар жасап отырғаны тарихан белгілі.

Қазақ тілінде моңғол тілдерінен кірген сөздер негізінен әкімшілік, ел бтлеуге байланысты: ұлыс, жасақ, ноян, аймақ т.б. Жер-су атауларына байланысты сөздер көп кездеседі:Тарбағатай (суырлы), Қандыағатай (бұғылы), Толағай (бас), Қатанқарағай (катон-қайың д.м.), Зайсан (жақсы), Алтай (алтын тау), т.б.

Екінші, қазақ тіліне моңғол тілдерінен ауысқан сөздерден басқа олардың бірінен-біріне ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ сөздер жайында. Қазақ лексикасында моңғол тіліндегі сөздермен түр-тұрпаты мағаналары ұқсас, үйлес сөздер, әсіресе зат есім, сын есім, етістіктер көп табылады. Мысалы, малға байланысты: қой (қон), қойшы (қоншы), бұқа (бух), құнан (хұнан), тоқым (тохым) т.б.; аңға байланысты: бұғы (бұга), аң (ан), қақпан (кавых), аулау (авлах), т.б.; шаруашылыққа байланысты: балта (балт), балшық (балшигы), домбыра (домбо), т.б. Бұл сияқты сөздер тек қазақ тіліне емес, түркі тілдерінің көбіне тән, олар түркі тілдерінен моңғол тілдерінен ауысты ма, әлде керісінше, моңғол тілдеріне түркі тілдерінен

енді ме – оны дәлелдейтін мәлімет тіл ғылымында жоқ. Сондықтан ондай сөздерді түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздер деп атауға болды. Түркі-моңғолтілдеріне ортақ сөздері бар екенін Ш. Уалиханов та айтқан болатын.

Түркі- моңғол тілдерін салыстырмалы түрде зерттеп жүрген Б: Базылханның пікірінше, «Моңғолша – қазақша сөздікке» енген 40 000 сөздің 24 000 сөзі 1500 түбірден тараған, яғни 60 пайызы екі халыққа ортақ желілес туынды сөздер болып табылады.

Моңғол тілдері мен түркі тілдерінің үйлестігі негізгі сөздік қордағы сөздермен қатар, олардың грамматикалық құрлысынан да айқын көрінеді. Түркі тілдері сияқты моңғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады.

Осындай ұқсастықтарға қарап, кейбір ғалымдар (Б. Я. Владимирцов, Н.Ф. Катанов, Г.Д. Санжеев т.б.) бұл тілдерді түптің түбінде негізі бір тілдердің қатарына жатқызуды қолдайды. Тарихи тұрғыдан қарағанда ол жақындықтың тегі біздің заманымыздан көп бұрын Алтай заманындағы түркі-моңғол бірлестігінде жатыр.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Қазақ тіліндегі сөздік қорға түркі тілдерінің қатысы?
2. Субстрат дегеніміз не?
3. Байырғы төл сөздер қай кезеңдерде пайда болған?
4. Кірме сөздер дегеніміз не?
5. Араб-парсы тілдерінен енген сөздерге қатысты В.В.Радловтың идеясы?
6. Орыс тілінен енген сөздерді неше кезеңге бөліп қарастырады?
7. Моңғол тілдері мен түркі тілдерінің үйлестігін зерттеуде қай ғалымдардың еңбегі сіңді?
8. Қазақ лексикасындағы кірме сөздерімен қазақ тілінің моңғол тілдерімен қарым-қатынасы қандай?

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 10, 11, 16, 18, 30, 38, 47.

Қ.ә: 2, 3, 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 9. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ.

Дәрістің мақсаты: Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипатымен таныстыру. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлеріне түсінік беру, жалпылама лексика туралы мағлұмат беру.

Дәріс жоспары:

1. Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипаты;
2. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері;
3. Жалпылама лексика.

Қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісі (таралу шеңбері), стильдік қызметі жағынан әр түрлі болып келеді. Сөздердің қолданылу сипатына қарап жіктелетін түрлері үш салаға бөлініп қаралады: 1. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері. 2. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. 3. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері.

Қазақ тіліндегі сөздердің бәрі бірдей жалпыхалықтық сипатта емес, кең таралған жалпыхалықтық сөздерден басқа, қолданылу өрісі тар сөздер де бар. Осыған байланысты сөздер қолданылу өрісі жағынан өз ішінде екі топқа бөлінеді: а) жалпылама лексика, ә) қолданылу өрісі тар лексика.

Жалпылама лексика. Жалпылама лексика адам баласының күнделікті күнкөріс тіршілігіне ең қажетті заттар мен құбылыстарға қатысты жалпы танымал сөздерді қамтиды. Бұлар бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті ортақ болғандықтан, жалпылама лексика деп аталады. Мысалы: ауа, су, тамақ, үй, мал, нан, ағаш, көру, істеу, ішу, жеу, қоректену, суару, үлкен, кіші, жақын, ақ, қызыл, мен, сен, бес, он, жүз, алға, кейін, төмен, жоғары, озық, үшін, сияқты, т.б.

Бұл сияқты сөздер малшыға да, егіншіге де, жұмысшыға да, аңшыға да, балықшыға да, ақынға да, ғалымға да, бір сөзбен айтқанда, қазақша тіл білетіндердің бәріне бірдей қызмет етеді. Жалпылама сөздердің негізінде стильдік мәні жағынан бейтарап лексика қалыптасады. Оларға қолданылу жағынан ешқандай шек қойылмайды, барлық стильге бірдей, ортақ мәнді қызмет атқарады. Бұл топқа енетін сөздер дүниедегі зат, құбылыс атауларын, қимыл-қозғалыстарын, сан-сапа мөлшерін ешбір қосымшасыз нақ болған күйінде алып дәл көрсетеді. Жалпылама лексикаға тән сөздер негізінен өзінің тура мағанасында жұмсалады. Мысалы: Мәскеуден ұшқан ұшақ Алматыға дәл уақытында келіп қонды. Мал биыл қыстан күйлі шықты. Бүгін ауа-райы ашық болды. Даурен өткен жылы бесінші класты бітірді деген сөйлемдердегі әрбір сөз тек өзінің тура мағаналарында ғана қолданылып тұр. Сонымен қатар осында қанша сөз болса, соның бәріде қазақ тіліндегі жалпылама лексикаға жататын сөздер. Жалпылама лексика бүкіл сөздік құрамдағы сөздердің сан жағынан ең көбі, тілдегі сөз байлығының негізін құрайды. Бұл сөздер жазба тілде болсын, сөйлеу тілінде болсын жалпы халыққа өте-мөте түсініктілігімен, анық-айқындылығымен, табиғи да қарапайымдылығымен бірден көзге түседі. Сол себепті жалпылама лексика әдеби тіл сөздігінің негізгі қоры болып табылады.

Жалпылама лексикаға жататын сөздер өзінің тура мағанасынан ауытқып, басқадай контекстке түскенде ғана әртүрлі экспрессивті мәнге ие болды. Мәселен, Көйлектің кірі жуса кетеді, көңілдің кірі айтса кетеді дегенде кір сөзі екі түрлі мағынада жұмсалып тұр. Алғашқы сөйлемдегі кір таза емес деген өзінің тура мағанасында қолданылса, соңғы сөйлемдегі кір метафора ауыспалы мағынада келіп, өкпе, реніш дегенді білдіріп тұр.

Сол сияты Су жерді көгертеді, еңбек ерді көгертеді деген мақалдағы көгертеді деген етістікте екі түрлі мағына тудырып тұр. Алғашқысында тура мағынасында жерге көк өсіп, көктейді дегенді түсінсек, соңғысында адамның атақ абыройға ие болуы, даңққа бөленуі бейнеленген. Демек, жалпылама лексикаға қатысты, сөздер де өзгермейтін тұмаға-тұйық сөздер емес, бұларда басқадай синтаксистік құрылым мен өзгедей грамматикалық тұлғаларға ие болғанда, солардың ықпалына жүріп, ырқына көнеді де, түрліше экспресивті мән алып отырады. Жалпылама лексика тілдегі қолдану өрісі тар, өзіне тән белгілі стильдік мәні бар сөздерге қарама-қарсы қойылып қаралады.

Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырығы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі, сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер (профессионалдық лексика) енеді. Бұдан басқа қазақ лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер (араб, парсы, иран, монғол, орыс тілінен), тарихи қат-қабаттар да бар.

Сөздік құрамның арналары, оның (сөздік құрамының) – ең басты бөлімі болып саналатын негізгі сөздік қордың ерекшеліктері, сыр-сипатымен тығыз байланысты.

Тілдегі сөз жасаудың көне тәсіліне жататын аналитикалық тәсіл де совет дәуірінде ғылымның, техниканың өсуіне байланысты талай терминдердің жасалуына негіз болып, қызметі артты, актив тәсілге айналды. Мысалы: *сірке суы, сірке қышқылы, радио- хабар, радиоқабылдағыш, таңдай безі, көркемөнер, радиотехника, сутегі, тамыр жүйесі, үш бұрыш, агрономия, азот қышқылы, халықаралық, социалистік жаарыс, оқшау сөздер, зат есім, сын есім т.б.* осылар сияқты сөздер жасалып, тілімізді байытты.

Семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бар. Бірақ бұл тәсілдің де қызметінен өте активтенген кезеңі бары анық. Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы 40- 50 жылдарда тілде бұл тәсілдің атқарған қызметі ерекше. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөзге бірнеше сөздің қызметін атқарту тілде кең өріс алды. Мысалы: *құн, одақ, таңба, тұлға, көрме, негіз, түбір, шығыс, дыбыс, тарау, үндеу, әңгіме,* т.б. сөздердің де ғылымның түрлі саласында термин сөз қызметіндегі мәні мен мазмұны олардың тілдегі май сөз ретіндегі мағынасынан өзгеше. Мұндай сөздер тілімізде қазір мол.

Тілдің сөзжасам жүйесі біршама тұрақты болғанымен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазақ тілінде Октябрь революциясынан кейін аналитикалық тәсілдің көлемі ұлғайды, оған сөздерді қысқарту тәсілі қосылды. Октябрь революциясынан кейін тілімізде күрделі атаулар көбейді, байыды, оны айтуда, жазуда ықшамдап қысқарту қажеттігі туды. Бұл үшін орыс тілінің сөздерді қысқарту тәжірибесін пайдалануға тура

келді. Орыс тілінде кең қолданылып жүрген сөздерді қысқарту тәсілі және оның жолдары қазақ тіліне де кірді. Мысалға *ауылсовет, аупартком, обком, колхоз, совхоз, КПСС, МТС, РТС, партком, местком, партбюро, сберкасса* т.б. осылар сияқты қысқарған сөздер тілде молынан қолданылатын болды. Тілімізде жиі қолданылатын бұл тәсіл арқылы алғаш қазақтың байырғы сөздері де қысқартылып жүрді, бірақ көбіне орыс тілінен қысқарған қалпында тілге ену күштірек. Қазақ тілінде сөз қысқарту тәсілі Октябрь революциясына дейін мүлдем болмаған деген пікірден аулақпыс. Бұл тәсіл тілде бұрын да болған. Ол адам аттарында қолданылып, оған сый – құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосатын. Ол қазіргі тілде де өте жиі кездеседі. Мысалы: Жәке, Сәке, Сызақ, Сәбе, Айнаш, Жанаш, Қантай, Жантай, т.б. осы сияқты қолдануларды алайық.

Мұндағы қысқартудың бір ерекшелігі кісі аты тек қана қысқартылып қоймайды, оған **-ке, - еке, - аң, - а, -е, -ш, -тай** сияқты белгілі морфемалар қосылады. Сөйтіп, мұнда да сөздердің белгілі тобы қысқаратыны, қысқаратын сөздің алғашқы буыны сақталатыны және оларға белгілі морфемалардың қосылатыны сияқты белгілі заңдылық бар. Егер Октябрь революциясына дейін күрделі атаумен аталатын ірілі – уақты мекемелердің қазіргідей көп болмағанын, ғылым мен техниканың түрлі салалары дәл қазіргідей дамымағанын ескерсек, онда өте күрделі атаулардың, терминдердің тілден онша орын алмағанын түсіну де қиын емес. Ал ол кезде күнделік өмірде өте жиі қолданылатын атаулар - кісі аттары. Міне, сондықтан қысқарту да сол кездегі әдет – ғұрыппен байланыстырыла отырып, кісі аттарында қолданылатын. Ал кісі аттары қалай болса, солай қысқартыла салмай, белгілі жолмен қысқарғаны жоғарыда айтылды.

Қазан революциясынан кейін күрделі атаулы мекемелерді өрбіп - өсуі, ғылым мен техниканың керемет дамуы өмірге орасан мол күрделі атауларды, жазуды жеңілдету үшін, орыс тілінің тәжірибесін пайдалануға тура келді. Сөйтіп, революциясынан кейін аналитикалық тәсіл арқылы жасалып, тілге юююююю кірген күрделі атауларды қысқартуға орыс тілінде әбден тиянақты түрде қалыптасқан дайын тәсілді алуға тура келді. Екінші бір себеп – ондай атаулардың көбі орыс тілі мен қазақ тіліне және де еліміздегі басқа халықтарға ортақ сөздер болды. Метонимия, метафора тәрізді полисемия құбылысын тудыратын тілдегі тәсілдің бірі. Екі немесе одан да көп ұғым орын, қызмет бірлігі қарай әрдайым бір атауға ортақтасып жүреді де, көп мағыналық сипат алады. Мәселен, *мектеп деп* бастауыш, орталау және орта дәрежелі білім беретін оқу орнын айтсақ, сонымен бірге сол оқу орны орналасқан үйді де айтамыз. Штаб қыстақ шетіндегі бұзылған *мектепке* орналасқан еді (Б.Момышұлы).

Құндыз деп суда жүретін тышқан тұқымдас жәндікті ұқсақ, сонымен қатар осы жәндіктің бағалы терісін де айтамыз. Құлан қырда, құндыз суда (Мақал). Басында көнетоз *құндыз* бөрік, үстінде жалаң шекпен (Т. Ахтанов). *Жорға* деп аяң, бүлкіл, желіс, шабыс тәрізді жүрістің бір түрін түсінеміз. Жолға салсаң – *жорға*, жонға салсаң – жүйрік (мақал). Сонымен қоса төрт аяғын тең басып, ырғалып, шайқалып жүретін жылқы малын да айтамыз. Кеше бердім қос *жорға*, Берейін бүгін үш *жорға*, Бесеу болсын мін деді («Қыз Жібек»).

Қазақ тіліндегі *баяу, егеу, сайлау, жайлау, жабу, ою* деген тәрізді сөздер әрі қимыл атауы, зат атаулары болып екі жақты қызмет атқарады. Бұлардың іс-әрекеттің атауы болып қолданылуы ең алғаш шыққан да, заттық ұғымы солардың қорытындысы ретінде кейін пайда болған. Мысалы: Өз үйінде *ою оя* алмаған адам кісі үйінде кесте тігеді (мақал) дегендегі *ою* деген заттық ұғым іс-әрекеттің нәтижесінде туғандығы сөзсіз. Сол сияқты түйеге қыста *жабу жабу* керек дегендегі алғашқы *жабу* деген сөз соңғы етістіктен кейін жасалған. Метонимия тәсілі арқылы тілімізде бір сөзден бірнеше ауыс мағына тараған. Мәселен, *тіл* деген сөздің ең алғашқы мағынасы жан-жануарлардың дәм сезіну және адамның сөйлеу мүшесін білдірсе, екіншіде, ойлаған ойды сөйлеп жеткізудің (Басқа пәле *тілден*) тетігі (Техниканың тілін біл) дегенді көрсеткен. Ең соңында бұл сөз жаудан қолға түстен тұтқан дегенді де (Жаудан *тіл* алып келдік). Сол сияқты қызыл деген сын есімнің негізгі тура мағынасы қан сияқты түсті білдіруі. Екінші мағынасы- шикі ет (*Қызыл* көрген қарғадай). Үшінші мағынасы – аяз, суық (*Қызыл* соғып тұр). Төртінші мағынасы – аурудың аты (*Қызылша* дегеннің синонимі). Бесінші мағынасы – совет тұсындағы революция жағында болған адамдар (Ақ қашып, *қызыл* қуған күндер дегендегі).

Бұл сөздер бірінің орнына бірін алмастырып, ауыстырып айтудан көп мағынаға ие болған.

Қазақ тілінде кейбір кісі аттары мен жер-су атаулары жалпы есімге айналып, белгілі сөздердің контекстік синонимі ретінде жұмсалады. Мәселен, Қарабай, Шығайбай, Қарынбайлар сарандықтың бейнесінде айтылады. *Асан қайғы* – сары уайымға салынушылықты білдіреді. *Қозы Көрпеш* пен *Баян сұлу*, *Қыз Жібек* пен *Төлегендер* – шынайы сүйіспеншіліктің бейнесінде қолданылады. Белгілі контексте Алдар көсе – айлакер, Қожанасыр – аңқау, аңғырт дегеннің синонимі ретінде жұмсалады. Сондай-ақ, *Жер ұйық*, *Жиделі Байсын*, *Мысыр шаһары* тәрізді жер-су атаулары да белгілі контексте жайлы қоңыс, құтты мекен ұғымын білдіреді.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Сөздердің қолданылу сипатына қарап жіктелетін түрлерін неше салаға бөліп қарастырамыз?

2. Сөздер қолданылу өрісі жағынан қалай жіктеледі?

3. Қазақ тіліндегі *баяу* сөзінің ұғымы?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 10. СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮРЛЕРІ.

Дәрістің мақсаты: Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлерімен таныстыру. Стильаралық бейтарап лексика, кітаби лексика және оның қолданылу аясына тоқталу.

Дәріс жоспары:

1. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері;
2. Стильаралық бейтарап лексика;
3. Кітаби лексика және оның қолданылу аясы.

Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. Сөйлеу я жазу үстінде сөз қалай болса солай қолданылмайды. Адам қашанда өзінің айтайын деген ойына, мақсатына лайық сөздерді халықтық лексикадан іріктеп, талғап-таңдап қолдануға тырысады. Мысалы, сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде айтылуы мен жазба тілде қолданылуы бірдей емес. Жазба тілде ой әр стильдің өзіне тән, оған телінді сөздерімен жүйеленіп, бірбеткей баяндалып отырса, сөйлеу тілінде тыңдаушыларға лайықтанып, жазба тілдік үлгіден ауытқып отырады. Сол сияқты қарапайым заттық-логикалық ұғымы бар сөздер мен адамның сезіміне әсер ететін бояулы-мәнерлі сөздердің стильдік қызметі де бір-бірінен ерекше. Осыдан барып сөздердің функционалдық-стильдік қызметіне байланысты түрлері пайда болады. Сөздердің қызметіне қарай жіктелуі функционалдық стильдердің түрлерімен үйлес келіп отырады. Стильдің әр саласында сөзді қолданудың қалыптасқан үйреншікті орны, үлгісі болады. Әр сөз өзінің дағдылы орнында тап басып қолдануды талап етеді.

Тілдегі функционалдық стильдер іштей сараланып, әлденешеге бөлінгенімен, тіпті де бір-бірінен алшақ жатқан, кереғар дүние емес, олар өзара байланысты, аражігі жылжымалы. Стильдің бір түрінен басқа стильдерге тән сөз қолданыстарды кездестіруге болады. Функционалдық-стильдік салалардың негізінде жалпы халықтық лексика жатыр. Мәселе сол жалпыхалықтық лексиканың қалай, қандай мақсатта қолдануына байланысты.

Стильаралық бейтарап лексика. Стильаралық лексикаға функционалдық стильдердің ешқайсысына да жатқызуға болмайтын сөздер жатады. Мысалы, нақты заттар мен құбылыстарды білдіретін: еңбек, күнкөріс, кемшілік, көпшілік, ауарайы, банк, базар, келісім, саудасаттық, көше, кітап, жаратылыс, трамвай, машина, жәрдем, пенсия, қоғам,

ғылым, т.б.; белгі, сапа, қасиетті білдіретін: байыпты, икемді, пайдалы, зиянды, сулы, таулы, малды, даусыз, білімді, қоғамдық, азаматтық, пікірлес, қызметтес, жатық, ширақ, ортақ, өнерпаз, мәдени, алғыр, білгір, т.б.; қимыл-әрекетті білдіретін: көтеру, аудару, күресу, қуану, ренжу, мойындау, жүгендеу, есептеу, т.б. Жалпыхалықтық сөздердің стильаралық сипаты бар. Бұл тәрізді сөздер функционалдық стильдердің бәрінде де қолданылады, олардың қолданылуына стиль жағынан шек қоюға болмайды. Керісінше, көптеген сөздер белгілі бір стильге телулі болады да, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді, түсініктеме – ресми іс-қағаздар стилінде; ағымдағы істер, ақпарат хабарлар, ресми сапар, алдыңғы қатардағы, көпшілік қолды – публицистикалық стильде; гербарий, жылу энергиясы, сингармонизм, дифтонг, қатты дене, гамма-сәуле, молекула, ерітінді – ғылыми стильде қолданылатын сөздер болып табылады.

Бұл айтылғандардан стильаралық лексиканың жалпылық, ал функционалдық стильдердің шектеулі сипаты бар екенін көреміз. Стильаралық сөздер нақты бір стиль дәрежесінде емес, стильдердің бәріне қатысты болғандықтан, бейтарап лексика деп те аталады. Стильаралық бейтарап лексика өзінің осындай қасиеттеріне байланысты функционалдық стильдерден ерекшеленіп отырады.

Стильаралық сөздер сөйлеу тілінде болсын, жазба тілдіе болсын қолданылатын лексиканың негізін қалайды. Оларсыз ауызша, болмаса жазбаша қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Функционалдық стильдердің қай-қайсысы болсын тек өздеріне тән, қолданылуы шектеулі сөздерден тұрмайды, керісінше, олардың сөздігі стильаралық лексикаға негізделеді. Ал кейбір функционалдық стильдерде, мысалы, осы күнгі ауызекі сөйлеу стилі мен публицистикалық стильде, бейтарап лексика жиі қолданылады.

Стильаралық лексиканың басқа функционалдық стильдердің лексикасынан негізгі айырмашылығы зат, құбылыс, сапа, қасиет, іс-әрекет атауларын қарапайым, нақты қалпында білдіретіндігінде. Негізінен алғанда, зат, құбылыстарды, олардың қасиеттерін бейнелеп, мәнерлеп қолдану стильаралық стильге тән емес. Дегенмен, сөздің негізгі заттық-логикалық мағынасына байланысты оның кейбір экспрессивті сипатын білдіруі мүмкін. Мысалы, дәулет «байлық, қазына, дүние, мүлік» сияқты негізгі заттық мағынасынан басқа, «бақ, ырыс» деген қосалқы мағынаға да ие. Дәуір сөзі «тарихи кезең» деген негізгі мағынасынан басқа «дегені болып, билігі жүріп тұрған кез» деген туынды мағынаға ие.

Синонимдердің стильдік қызметі. Белгілі бір ұғымды жан-жақты толықтырып айтуда, сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды етіп жеткізуде синоним сөздердің стильдік мәні өте зор.

Сонымен бірге, синонимдердің стильдік қызметі мынада: сөйлеуде я жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталау, мысалы: алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, келесі сөйлемде қайталай беру стильдік жағынан кемшілік туғызады. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану керек.

Мысалы, ұлы жазушы М.Әуезовтың «Абай жолы» романынан алынған сөйлемдегі сөздерге назар аударып көрейік.

«Қазіргі Тоғжан жүзінде бір шақ кетпейтін ұлбіреп, толқып, лезде келіп, сәтте қайтып тұратын қызыл арай реңі жоқ». Осы сөйлемдегі жүз, рең; кезде, сәтте деген сөздер – бір-біріне синоним. Жазушы өзара мәндес сөздердің нәзік айырмашылықтарын жете біліп, синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға сәл келетінін тауып қолданған. Соның нәтижесінде оның ойы нақты да әсем болып шыққан.

Тіл байлығының көрсеткіші болып табылатын синонимдерді жете білудің мәні зор. Лексиканы синоним сөздерге бай адамның жазғаны да, сөйлегені де ұдайы құлпырып, түрленіп тұрады.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай әрі дамыған тіл екенін аңғартады.

Антонимдердің стильдік қызметі. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және тәсіл арқылы айтылатын ойды ашық, айқын етіп көрсетуде антонимдер айрықша қызмет атқарады.

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады;

Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады (Мақал).

Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп (Мақал).

Өтірік - қаңбақ, шын-салмақ (Мақал).

Антоним сөздердің белгілі бір тобымен тіркесу яки тіркесе алмау мүмкіндігі олардың мағыналарының қай кезде көрінуіне байланысты болады. Ал сөз мағынасының реңі контексте ғана ашылады. Антонимдік контекстер турасында бірсыпыра ғалымдардың антонимдік контекстің мына сияқты төрт түрін атап көрсетеді.

1. Антонимдерің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы.

2. Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.

3. Бірнеше антоним сөздердің бір сыңары одан кейін берілуі.

4. Антонимдерді аралас қолдану.

Филология ғылымының докторы Ә.Болғанбаев та антонимдерді негізінен осылай топтастырады.

Антонимдік контекстерді тұлғалық және мағыналық жағынан Ж.Мусиннің топтауы жоғарыдағыдан гөрі өзгешелеу.

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдер. Мұнда антоним сөздер бір сөйлем ішінде қатар келеді:

Мысалы:

Ит үрер жақсыға да, жаманға да.

Алыс пенен жақынды жорытқан білер. (Мақал).

2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдер. Мұнда сөйлемнің бірыңғай мүшесі түрінде қарсылықты жалғаулықтар немесе болымсыздық мәндегі сөздер болып келеді.

Енді еңбек бейнет емес, зейнет (Мақал).

Күлкісі аз, бірақ нұры мол қара көзі ақылды, ойлы адамды аңғартады.

3. Альтернативті мәнде болатын антонимдік контекст сөйлемнің бірыңғай мүшесі қызметін атқарып, жұрнақтар немесе жалғаулар арқылы байланысады.

Мысалы: Ендеше, не ер бол да **ақтал**, немес илан да жазала.

Мұндай альтернативтік мәнді терендете түсіп, әсірелей көрсететін де түрі кездеседі. Мысалы:

Сонда, **ұйқы** мен ояудың, **түс** пен **өңнің** арасында, әсіресе шаршаған күнгі ұйқыда болатын қызық бір аралық хал еді. (М.Әуезов).

4. Философиялық ой, түйін, тұжырым, пікір мәнде болып келетін антонимдік контекстер. Антонимдік сөздер мұндай контексте көбінесе сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Еңбек түбі-зейнет (Мақал).

Тілімізде нақ осы контекстің қатарласып, жарысып қолданылуы жиі ұшырасады. Ондайда бірнеше антонимдік жұп тұтасып, бүтіндей бір түйдек жасайды. Мысалы:

Ашу-дұшпан, ақыл-дос;

Шабыспақ-оңай,

Табыспақ-қиын (Мақал).

а) Антоним сөздер –субъект-предикаттық қатынаста болып келетін контекстер. Мұнда антонимдердің мағына қарсылығы солғындау болады. Мысалы:

Жас қартаймақ, жоқ **тумақ**, туған **өлмек**,

Тағдыр жоқ өткен қайта келмек (Абай).

Антонимдік контекстердің мұндай түрі шешендік, нақыл сөздерде, фразеологиялық тіркестерде, поэзияда жиі кездеседі.

5. Көркем әдебиетте заттың, құбылыстың сыр-сипатын аз сөзбен нақты да дәл бейнелеу, айқын сүретті мақсатында немесе кейіпкердің ішкі дүниесін, жай-күйін дәл көрсету үшін кейде қарсы мағыналы сөздер тіркеу қолданылады. Фигураның Оксюморон метафора аталатын бұл түрі жеке алғанда бір-біріне қарсы мағыналы болып, антонимдік жұп құрайтын сөздер тіркесі арқылы жасалады. Мысалы: тірі өлім, тірі аруақ, құрғақсу, жақсы өлім.

Жайнаған туың жығылмай,

Жасқанып жаудан тығылмай...

Жақсы өліпсің, япырмай (Абай).

Мұнда синтаксистік тіркес құрап, анықтауыш анық талғыш қатынасқа жұмсалып тұр. Осындағы жақсы өліпсің-оксюморон, өйткені өлім болған соң, оның жақсысы болуы мүмкін емес.

Сол сияқты, сараң бай, тірі өлік, өлі жан, зар күлі дегендер және кіріп-шықты, келіп-кетті, ұшып-қонды, дегендер де оксюморонға жатады.

Тілімізде антонимдердің кейде өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатыны да бар. Басқаша айтқанда, сөз өзінің антониміне айналып кетеді. Мысқылдау мақсатында сөзді әдейі кері мағынасында қолдану. Мысалы: қорқақ деудің орнына батырдеу, қара кісіні аппағым деу.

Менде де бар бір жаман,
Не қылайын қазақтың,
Жүйрігі мен жорғасын
("Айман-Шолпан" жыры).

Сөйтіп, антоним сөздер қолданылу ретіне қарай өз мағынасының антиподына айналады.

б) Жалпы есім орнына жалқы есіммен немесе керісінше атау әдісі **антономазия** делінеді. Бұл әдіс бойынша тілімізде кейбір антоним сөздердің орнына оғаш мінез, жат қылығымен баршаға мәлім болған адам атын қолданышылық жатады. Мысалы: сараң-Қарабай, мылжың - Мырқыбай.

Антонимдер антитезаның (шендестіру) бір тәсілі ретінде қолданылады.

Антитеза- арасы алшақ екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қою. Сол арқылы айтайын деген ойды айқындап, мәнерлеп көрсету көркем әдебиетте көне заманнан келе жатқан нәрсе. Мысалы:

Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай).

Антонимдік контексте жаман жақсы көремін исяқтытіркестер де жатады. Антитеза көбіне антонимдер арқылы жасалады. Антитезаның небір тамаша түрін Махамбеттің "Қызғыш құс", С. Торайғыровтың "Анау-мынау" т.б. шығармалардың кездестіреміз.

Алайда, антитезаның бәрі антонимдер арқылы жасала бермейді. Антитеза – стилистикалық әдіс, антонимдер – лексикалық құбылыс. Айырмашылықтары бар.

Антитеза екі мүшеден тұрады және олар жұбы жазылмастан қатар қолданылуы керек.

Оңға қарап қол созсам.
Теріске жорып пысқыршы
(С.Торайғыров).

Ал антоним сөйлемде жеке-дара қолданыла береді және одан оның антонимдік мәні жойылмайды.

Атаулары антоним бола алмайтын заттар мен құбылыстарды қарама-қарсы қою арқылы да антитеза жасауға болады. Мысалы: қамқа - боз.

Кітаби лексика. Қазақ тіл білімінде «кітаби лексика» деген ұғым тек өткен дәуірдегі жазба әдеби тілде қолданылған сөздер мәнінде түсіндіріліп келеді. Бұл мағынада «кітаби лексика» термині қазіргі жазба әдеби тіл лексикасынан ерекшелеп, ертедегі жазба әдеби тіл дәстүріндегі лексиканы білдіру мақсатында шартты түрде қабылданған еді. Шын мәнінде, «кітаби лексика» термині жалпы жазба тілде қолданылатын сөздерді білдіреді. Жазба тілсіз әдебиет, жазба әдеби тіл болмайтыны белгілі. Демек, жазба тілде қолданылатын сөздер әдеби лексикаға жатады. Кітаби лексика дегеніміз әдеби лексика. Әрине, әдеби тіл дамуының барлық дәуірлерінде әдеби лексика бірдей болуы мүмкін емес, сол себепті ол өзінің даму, қалыптасу тенденциясына қарай іштей жіктеліп отырады. Мәселен, қазақ тіліндегі кітаби лексика тарихи және қазіргі тұрғыдан екі салаға бөлінеді: 1) ескі дәуірдегі кітаби лексика; 2) қазіргі кітаби лексика. Бірақ қай дәуірдегі әдеби тіл болмасын, онда сөз қолдануда қалыптасқан нормалық белгілердің болуы, стиль жағынан саралануы шарт. Бұл шарттылықты ескі дәуірдегі кітаби тілден де, қазіргі кітаби тілден де айқын көруге болады. Мысалы, қазіргі әдеби тілдегі мен, және, осы, жұрт, жолдас, жақсы, тура, тас, қойды, ұлы, облыс, құрметті, себепті, мұратқа, елдерді, сезеді, білмейді сияқты сөздер ескі кітаби тілде илә, илән, уа, диу, үшбу, йурт, йулдаш, яхшы, тұғры, таш, қойдылар, оғлы, уалаят, хурмәтлу, сәбәблі, мурадға, илләрни, сезедүр, білмейдүр болып жазылуы нормаға айналған. Бұл сияқты сөздер ескі кітаби тілде міндетті түрде жалпытүркілік сипатта осылайша айтылып жазылатын болған. Ескі кітаби лексика көне түркі тіліне негізделген.

Ал қазіргі әдеби тілдің лексикасына келсек, оның нормалық белгілері қазақтың жалпыхалықтық лексикасында негізделген. Қазіргі әдеби лексика халықтық лексиканың сұрыптап екшелеген, жан-жақты дамып жетілген, айтылуы мен жазылу принциптері негізінен айқындалған түрі болып табылады.

Ескі кітаби лексикада болсын, қазіргі жаңа кітаби лексикада болсын, сөздер стильдік қызметі жағынан сұрыпталып, шектеліп отырады, осыдан барып кітаби лексиканың стильдік түрлері қалыптасады. Бірақ олар әр дәуірде бірдей болуы мүмкін емес. Мысалы, ескі кітаби тіл стиль жағынан 2-3 салаға бөлінсе, ал қазіргі әдеби тіл негізінен төрт-бес салаға бөлінеді: ресми іс-қағаздары мен құжаттар, публицистикалық, ғылыми, техникалық және көркем әдебиет стильдері. Кейбір стиль түрлері кітаби тілдің қай түрінде болсын кездесіп отырады. Мысалы, ресми іс-қағаздары стилі ескі кітаби тілде де, қазіргі кітаби тілде де бар. Тағы бір ескеретін жайт, кітаби тіл қай дәуірде болсын көркем әдебиетпен байланысты дамыған. Мәселен, «Құтадғу білік» (11ғ.), Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметі» (12ғ.), «Хусрау уа Шірін», «Мухаббат наме», «Гүлстан», «Жүсіп – Зылиха» (13-16ғғ.),

«Жәми ат-тауарих» (16ғ.) т.б. шығармалар ең алдымен өз заманындағы кітаби тілдің қалыптасуына әсер еткен көркем туындылар болып табылады. Сол сияқты барлық жанрда кеңінен дамыған қазіргі көркем әдебиет осы күнгі кітаби тілдің қайнар көзі екені белгілі.

Сөйтіп, кітаби лексика деп белгілі дәрежеде әдеби нормаға түскен, стилистикалық қолданысы жағынан сараланған жазба тілге тән сөздерді айтамыз.

Ескі дәуірдегі кітаби лексика. Бұрынғы дәуірдегі жазба мұралардың тілі, соларға тән жазу дәстүрі ескі кітаби тіл деп, ал сол нұсқаларда қолданылған түркі тілдеріне ортақ сөздер ескі дәуірдегі кітаби лексика деп аталады. Қазақ тілі түркі тілдерінің бірі болғандықтан, өткен дәуірден қалған түркі тілдері ескерткіштерінің тілі қазақ тіліне тікелей қатысы бар. Ескі дәуір ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тілінен мүлдем алшақ жатқан, түсінбейтін, ұқсаспайтын кереғар дүние деп қарауға болмайды. Қайта грамматикалық құрылымы жағынан болсын, сөздік қоры жағынан болсын бір-біріне ұқсас жалпы түркі халықтарына еншілес, мұра екендігі аңғарылады. Түркі тілдерінің жазба ескерткіштері өте ерте кезден басталады. 5-10 ғасырлар аралығында Көне түркі дәуіріне қатысты Орхон-Енисей ескерткіштері жазылған. Одан кейін Орта түркі дәуіріне қатысты жазба ескерткіштер, көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер, шағатай тілінде жазылған ескерткіштер, т.б. сақталған. Бұлар 11-17 ғасырлар арасын қамтиды.

Ескі кітаби тіл дәстүрі қазақ әдеби тілінің барлық кезкндеріне де әсерін тигізген. Оны қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінен де, 15-17, 18-19 ғасырлардағы әдеби тілден де, жаңа жазба әдеби тілдің негізін салған Абай, Ыбырай шығармаларынан да, тіпті 20 ғ. басындағы қазақ әдеби тілінен де байқауға болады. 20 ғ. басында кітаби тіл дәстүрінде жазуды ұстанған Ш.Жәңгірұлы, М.Қалтайұлы сияқты шайырлар (ақындар) болғаны белгілі. Демек, көнетүркілік негізде дамыған кітаби тіл дәстүрі қазақ әдеби тілінің барлық кезеңдерімен жанамалас сақталып отырған. Қазақтың ескі кітаби тілі діни араб-парсы, шағатай, татар әдебиеттеріндегі тілдік нормаларды қамтып, таза қазақ тілінде жазылмаған.

Түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде кездесетін кітаби лексика мынадай тұлғаларда ұшырасады. Мысалы қаған (хан), беглер (бектер), йок (жоқ), оғлы (ұлы), учун (үшін), теңрі (тәңірі), будун (халық), йол (жол), йүз (жүз), йеті (жеті), іл (ел), йер (жер), тоқуз (тоғыз), тағ (тау), йүрт (жұрт), кіші (кісі), турук (тұрақ), сарығ (сары), улуг (ұлы, үлкен), еліг (елу), бары (бәрі), йүгүр (жүгір), йоқары (жоғары), йеме (және), алқыс (алғыс), йарым (жарты), тамға (таңба), екін (егін), йыл (жыл), ілчі (елші), йонт (жылқы), орду (орда), көр (көз), йашыл (жасыл), күмүш (күміс), йадағ (жаяу), башла (баста), сөзле (сөйле), йел (жел), бүкүн (бүгін), йізне (жезде), оғлақ (лақ), отачы (оташы), мүгүз (мүйіз), хатун (ханша), олтур (отыр), көк (аспан), үгү (үкі), інче (жіңішке), ачытай (ашудас), күн тоғұшы

(күн шығыс), бітік (жазу), тутғун (тұтқын), сусун (сусын), өркен (жіп, арқан), йаратқан (жаратқан), солағай (солақай), йырынчы (жырынды), алтымыш (алпыс), бурун (бұрын) т.б.

Кітаби сөздің жазу стиліне тән басты және негізгі ерекшелігі сөздердің көне тұлғаларын, түркі тілдеріне ортақ формалары мен байырғы мағыналарын түгелдей сақтап жазуында еді. Кеңес дәуірінде КСРО-дағы түркі халықтары ескі кітаби тілдегі үлгілердің қажеттілерін өздеріне мұра етіп қалдырды да, онша үйлеспейтіндерін әр халық өз мүддесіне қарай жаңашалап, жаңғыртып пайдаланды. Сөйтіп, әр ел өздерінің тума жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырды. Мәселен, кітаби тілдегі раст, дост, дұрыст деп жазылған сөздер жаңа жазба әдеби тілімізге соңғы т түсіріліп, рас, дос, дұрыс күйінде қабылданды. Араб-парсы тілдерінен ауысқан зат есімнен қатыстық сын есім тудыратын и қосымшалы сөздер ең әуелі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінің тіліне енді де, солар арқылы қазақтың қазіргі әдеби тілінде орнығып кетті. Мысалы: әдеби, мәдени, ресми, ғылыми, рухани, діни, саяси, әскери, кәсіби, кітаби, табиғи, іліми, т.б. Демек, осылардың барлығын да кітаби тілдің қазіргі қазақ әдеби тіліне тигізетін игі әсері деп түсінуіміз керек.

Қазіргі кітаби лексика. Бұған сөйлеу тілінің тұрмыстық қарапайым лексикасынан, диалектизмдерден басқа, әдеби нормалық белгілердің қатаң сақталуын талап ететін публицистикалық, ғылыми және ресми құжаттар стильдерінде, көркем әдебиет тілінде қолданылатын сөздер жатады. Әрбір стильге тән сөздер олардың бәріне ортақ белгілерімен сипатталады. Атап айтқанда, ресми ісқағаздары стиліндегі сөздер өздерінің бірыңғай бірізде қолданылуымен, мейлінше нақты, дәлдігімен, жанрлық тақырыптарының (ресми іс-қағаздары, ақпараттық, дипломаттық, юристикалық, т.б.) тұрақтылығымен сипатталады. Мысалы, дипломатиялық құжаттарда сенім грамотасы, консул, атташе, елшілік, миссия, төтенше және өкілетті елші, нота, вербалдық нота, меморандум, ресми сапар, кезекті кездесу, сыртқы қатынастар, штаб-квартира, протоколдық шаралар, келіссөз, келісім-шарт, сенімді өкіл, резиденция, т.б. сөздер үнемі қолданылып отырады.

Ресми ісқағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – азамат, жолдас, телефон станциясында – абонент, ательеде – заказ беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаторийде – демалушы, тынығушы, транспортта – жолаушы, т.б. болып айтылады.

Публицистикалық стильдегі сөздер өздерінің әсерлілігімен, тартымдылығымен, баяндау қисындылығымен, ойға қонымдылығымен, ақпараттық мәліметтердің дәйектілігімен сипатталады. Қоғамдағы жаңалықтар, жаңа құбылыстар ең алдымен публицистикалық стильде көрініс табады. Мысалы, тек соңғы жылдардағы нарықтық реформа жағдайында: әлеуетті атқарушы өкімет, сыбайлас жемқорлықты тұншықтыру, қылмыстылықпен қажырлы күрес жүргізу, экономикада

калыпты реформа жасау, жұрттың өмір тіршілігін жақсарту, интеллектуалдық потенциал, ресми тіл статусы, жекешелендіру, тобырлық мүдде, фермерлер ассоциациясы, тоталитарлық тәртіп, нарықтық қатынас, нарық экономикасы, т.б. сөздер қолданысқа енді.

Ғылыми стильде қолданылатын сөздер айтылатын ой-пікірлердің дәлелді, объектінің берілуіне сай келіп, дерексіз ұғымдарды білдіруде кеңінен қолданылып, оларды қорытындылап жинақтау қасиетіне лайық болуға тиіс. Мысалы, абстракция, активтендіру, қозғалыс, бірлестік, бірлік, бірізділік, кеңістік, ой тұжырымы, оймен тану, теңестіру, т.б. сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді.

Ал көркем әдебиет стилінде жалпы халықтық сөздердің қолданылу көлемі әлдеқайда кең, онда көркемдеу тәсілдері арқылы өмірде бар я болуға тиісті көріністер мен құбылыстарды адамның ішкі сезіміне әсер ететіндей етіп суреттейтін сөздер, шындық өмір жайында автордың өз көзқарасын білдіретін сөздер мол қолданылады.

Қазіргі кітаби лексиканың негізінде сөйлеу тіліне де, әдеби тілге де ортақ жалпылама сөздер жатыр. Жалпылама сөздер ешбір мамандық талғамайды, бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей, сөйлегенде де, жазғанда да, ұйытқы, тірек болады. Бірақ жалпылама лексика кітаби тілде табиғи халықтық қалпында ғана қолданыла бермейді, көп жағдайда баспа ретінде сөз шеберлерінің сұрыптап өңдеуінен өтіп, әдеби нормаға ие болып отырады. Бұл – әдеби лексиканың сөйлеу тіліндегі лексикадан ең басты айырмасы болып табылады.

Әдеби тілде сөйлеп, әрі жаза білу үшін жалпылама лексикамен қатар сол тілдің арнаулы сөздерін (терминологиясын), көнерген сөздері мен неологизмдерін, эмоционалды-экспрессивті сөздерін, біршама кәсіби сөздерін, бұрынғы кітаби сөздерін білу қажет. Осы аталған сөздердің барлығы да – әдеби тілдің аясында қолданылатын, соған телінді сөздер. Жан-жақты дамыған әдеби тілдің лексикасы тек осындай сөздерден құралады. Әр халықтың тұрмыс-жағдайына, сол елдің өзіндік ұлттық ерекшелігін сипаттайтын экзотикалық сөздері де әдеби тілдің лексикасына жатқызылады. Кейбір тіл мамандары экзотикалық сөздерге варваризмдерді де жатқызады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Сөздер стильдік қызметіне байланысты қалай жіктеледі?
2. Стильаралық бейтарап лексика дегеніміз не?
3. Стильаралық бейтарап лексика функционалдық стильдерден қалай ерекшеленеді?
4. Антономазия дегенді қалай түсінесіз?
5. Кітаби лексика дегеніміз не?
6. Әдеби лексиканың сөйлеу тіліндегі лексикадан ең басты айырмасы не?

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 3, 4, 20, 22, 23, 40, 42.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 11. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Дәрістің мақсаты: Фразеологизмдердің қолданылу аясына тоқталып, фразеологизмдердің стиль түрлеріне қатысын түсіндіру. Тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатына түсінік беру.

Дәріс жоспары:

1. Фразеологизмдердің қолданылу аясы;
2. Фразеологизмдердің стиль түрлеріне қатысы;
3. Тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты.

Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі әрі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (грек. *phrasis* сөйлемше және *logos* сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 ж. шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ оларды жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер. Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркесінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әр түрлі номинативтік бірліктер, қос сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми ісқұжаттарындағы даяр сөз орамдары, т.б. түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдылық сипаты, лексикологияға қатысты бірыңғай емес. Сондықтан тәжірибе жүзінде фразеологизмдер кең және тар мағынада қарастырылады. Бұлайша бөліп қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген.

Тар мағынадағы фразеологизмдерге құрамы тұрақты, мағынасы біртұтас, даяр қалпында қолданылатын, лексикалық бірліктермен мағыналас, сырттай жай сөздеріне ұқсас тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер жатады. Шынында, фразеологизмдерді сақтай отырып, сөз мағынасына жақын не пара-пар мағынаны білдіреді. Мысалы: ұзақ түнді

көзімен атқызды фразеологизмі – ұйықтамады, дүние салды – өлді, бетінен оты шықты – ұялды, мұрнына су жетпеді, мұрнынан шаншылды, мұршасы келмеді – жұмысбасты болды, ұзын арқан, кең тұсау – еркіндік, үн жоқ, түн жоқ – үндемеді дегенді білдіріп, өзара мағыналас болып тұр.

Ал кең мағынадағы фразеологизмдерге жататын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың, номинативтік бірліктердің, т.б. өздеріне тән лексика-грамматикалық, стильдік ерекшеліктері бар. Олар сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қолданылатындығы, құрылымның тұрақтылығы жағынан ғана фразеологизмдерге жатқызылады, бірақ олардың мағынасы лексикалық бірлік ретінде сөздің беретін мағынасына балама, пара-пар емес, одан әлдеқайда кең. Мысалы, мақал-мәтелдер байымдау, түйіндеу, көбінесе бейнелі түрде астарлы мағынада жұмсалады. Мысалы: еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей, мың сіз-бізден бір шыж-быж, алыстан арқалағанша, жақыннан дорбала, т.б. мақал-мәтелдердің сипаты осындай.

Қазақ тіл білімінде, түркологияда, фразеологияның жалпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда, сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері-кейінді жазылған сөздіктерде, мақалаларда иллюстрация материалы дәрежесінде ғана қолданылып келді. Тіпті жалпы түркологияда елеулі орын алатын бұрынғы сөздіктерде де идиомдық және басқа тұрақты сөз тіркестері тым сирек кездеседі. Тек соңғы кезде ғана қайсыбір түркі тілдерінде осы салада еңбектер туа бастады. Фразеологизмдер – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасы жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен бара-бар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан-салалы тізбек, қалыптасқан сөз топтарын жинау, бір ізге түсірудің мәні өзінен-өзі түсінікті.

Тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатын мәлім. Сол қасиет, әрине тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз етіп байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы фразеология деп атау әбден орынды. Бұл саладағы ғылыми топшылауларды 1944 жылы айтқан болатынбыз. Елімізге есімдері мәшхүр ориенталист ғалымдар – М.О. Әуезов, С.Е. Малов, Н. В. Юшманов кезінде осы мәселе жөнінде өте құнды пікерлер білдірген еді.

Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар; оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәріздері ярустары, яғни тараулары бар. Фразеологизмдер бұрынғы соңғы еңбектерде көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін жоғарыда атадық. Соның өзінде екі тілді сөздіктерде иллюстрация ретінде сөз болды. Басқаша айтқанда біз ұсынып отырған “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” атты еңбектегі қыруар фактілердің кейбірі оқулықтарда т.б мысал ретінде ғана жол жөнекей айтылып келеді. Революциядан бұрынғы революциядан кейінгі қырқыншы жылдарға дейін тиянақты сөз топтары тіпті туркология көлемінде де зерттеушілердің арнаулы теориялық объектісі болған жоқты. Кейінгі он он бес жыл ішінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары жан жақты тексеріліп, тың ойлар ғылыми жұртшылық талқысына түсуде. Бұдан тысқары құрылымы бөлек өзге тілдер жайында келелі концепциялар кездеседі. Әсіресе славян, герман, роман тілдері бойынша бұл саладан отан ғылымдарының бағалы теориялық пайымдаулары, айтыс пікірлері көптеп кездеседі. Шетел зерттеушілерінің де бір қатар мақалалары бар. Бұл тарапта негізгі прторитет совет ғалымдарына тән екенін арнайы атағанмыз жөн. Дегенмен барлық мәселе әбден үзілді кесілді шешілді деу қиын. Әр автордың пікір сайысына бөлек тоқталудың нақ қазір қажеті жоқ. Бұл жолы талай жылдарды артқа салып, қазақ тілінің бай фактілерін негізге алып, өзгеде ғұламалардың шалымды топшылауларынескере отырып, фразеологизмдер өз алдына терезесі тең лингвистика саласы екенін баса атағанмыз мақұл.

Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы бірінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншілерінен өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірі деп саналады. Зерттеушілер бірде тұрақты тіркестің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы сыңарлардың ара қатысына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады. Орыс тіл білімінде академик В. В.Виноградовтың классификациясын негізге алып бөледі. Бұл классификацияны Отандық тіл ғылымы да басшылыққа алғалы 30-40 жылдан астам уақыт өтті. Қазақ тіл білімінде осы классификацияны бірден-бір арқау етіп келе жатырмыз.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тізбек болып, негізінен үш топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық. Бұл топқа фразеологизм құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мәселен, *мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен қолы тимеді,

бұрылуға мұршасы болмады дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. *Түйені түгімен жұтты* дегеннен біреуден ойсырата пара алып, елді қанады деген мағына туады. Бұл мағынаның жасалуына *түйе, түк, жұту* сөздерінің тікелей қатысы жоқ, соларды бірінен соң бірін тіркеп, жұбын жазбай қолдану арқылы пайда болған. *Жағына пышақ жанығандай* дегеннен тарамысына ілінген арық, жүдеу дегенді түсінеміз. Бұл мағынаны жасауға *жақ, пышақ жану* сөздердің тікелей қатысы болмаған. *Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай* дегеннен сақал-мұрттан жұрдай, көсе дегенді ұғынамыз. Мұнда да мағына тұтастықтың бірлігін айқын байқаймыз. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлік. Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынады. *Жатқан жыланның құйрығын басты* деген фраза біреудің қытығына тиіп, жоқ жерде бір пәлеге тап болды дегенді білдіреді.

Бір қимыл-әрекетті басқа әрекетпен салыстырып қолдану арқылы фразеологизмдерге айналып кеткен. *Ит байласа тұрғысыз* дегеннен адам түгілі ит екеш ит те тұрып болмайды дегенді түсінеміз. Соңғы фразеологиялық мағынаның жасалуына еркін тіркестегі бастапқы (лексикалық) мағына тірек болғандығы айқын байқалады. *Көз көрмес, құлақ естімес жер* дегеннен аяқ жетпейтін жер, қиыр шет деген фразалық мағына пайда болған. Соңғы мағына мен алғашқы мағынаның өзара байланыстылығы анық сезіліп тұрады.

Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктің ара жігін ажырату кей жағдайда қиынға соғады. Мәселен, *ит басына іркіт төгілді* (ағыл-тегіл молшылық) дегенде екі жақты түсінік қалуға болады. Малмен көзі шыққан адамдар үшін бұл тіркес фразеологиялық бірлік болса, малдан сырт жүрген, әсіресе кейінгі жастар мұны фразеологиялық тұтастық деп тануы сөзсіз. Тұрақты тіркестің алғашқы заттық мағынасы неғұрлым көмескіленіп, тасалана, күнгірттене бастаса, соғұрлым оның мағына тұтастығы да күшейе түспек. Мәселен, *қарғы бау* деген тұрақты тіркестің үш түрлі мағынасы бар: 1) иттің мойнына тағатын бау; 2) қалың малдың

алдына ала берілетін жоралғысы; 3) Тамыр - таныстықпен қалап - сұрап алған зат үшін берілетін төлем ақы.

Қарғы бау тәрізді тұрақты тіркестерді жасалу үлгісіне қарай (тамақ бау, балақ бау, аяқ бау т. Б) күрделі сөздің тобына да жатқызуға болады. Алайда мұның соңғы екі мағынасы тұрақты тіркес екендігін, оның ішінде фразеологиялық тұтастыққа жататындығын бірден танытады. Сол сияқты *мойнына мініп алды* деген фразаның да екі мағынасы бар: 1) басынды, иықтады; 2) біреудің арқасында күн көрді, масыл болды.

Фразеологиялық соңғы мағына алғашқы заттық мағынадан келіп шыққандығына қарамастан, фразеологиялық тіркестің мағыналарының тым көнеленіп, ескіре, күңгірттене бастауымен тығыз байланысты. Демек, тұрақты тіркестің мағына тұтастығы кейде кім қалай түсінумен байланысты шешіледі.

Фразеологиялық тізбек. Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шыққан. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күңгірт тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөзбен фразеологиялық қалпында, сөздің тіркесуінен жасалып, сол қалпында, тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, ала қол, қара бет, жел аяқ, қарсақ жон, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, ақ саусақ, балды бармақ, кең қолтық, көк езу, қалам қас, ай қабақ, теке сақал, торсық шеке, жез таңдай, бір ұрт, қызыл тіл, күміс кемеі, қамыс құлақ, жөп желке, қу жақ, қызыл кеңірдек, біз тұмсық, бір төбе, зор кеуде, шер көкірек, аршын төс, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды, т. б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті (тура) мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұсалу қабілеті болса, фразеологиялық туынды мағынадағы сөз бірді-екілі сөзбен ғана шектеліп қолданылады. Мәселен, көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде, көзшалым жер, көз барда, көзімдей көр, көзі жоғалды, көзі ілінді, көзі жетті, т. б. Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің қолдану шеңбері шектелулі болады.

Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі топқа бөлінеді:

1) *құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер.* Мысалы: шақша бас, қарақат көз, ашық ауыз, ала қол,

бүйрек бет, қамыт аяқ, құба жөн, қалқан құлақ, мұрты шағылмаған, жауырын құрлы көрмеді, саусақпен санарлықтай, кең иықты, ат жықты, иығы босады, алақанның аясындай, бармақ қазы, езуі жиылмады, тісін басты, қас қарайды, кірпік қаққанша, сақалды басымен, қу тілді,

кеңірдектен келді, тұмсығы батпады, еңбегі қатпаған, төбесі тесік, өр көкірек, арқасы бар, бүйірі шықты, мұрынның қанындай т. б.

2) *Құрылым-құрылысты жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер.* Мысалы:

бір қолын екі ете алмады, екі иғынан дем алды, үш ұйықтаса, ойда жоқ, ел бетін көрместейболды, табанын жерге тигізбеді, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты, ішкен асы бойына тарамалды, көзіне көк шыбын үймелетті, көрер таңды көзімен атырды, ашса алақанында, жұмса жұмырығында, ішкен асын жерге қойды, аяқ-қолын бауырына алдыбасы ауырып, балтыры сыздады, женген иттің желкесінен алды, көңілі су сепкендей басылды, қашпаған қара қашардың уызына қарайтын, қой үстіне боз торғай жұмыртқалады, т. б.

Қазақ тілінде, барлық басқа тілдердегі сияқты, фразеологиялық түйдек емес (идиом емес), фразеологизмдер орасан көп. Бұлар да идиом секілді орын тәртібі жағынан тұрақты. Бірақ мағыналық тасалану, тасаланбауы, яғни құрамындағы сөздері өзінің тура мағынасын сақтауы, сақтамауы жағынан фразеологиялық түйдектің фразеологиялық тіркестен елеулі айырмасы бар.

Бұл екеуі де белгілі сөз тізбектері: түйдек тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, түйдек ішіндегі компоненттер өзінің бастапқы лексикалық сипаты мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сырт сипатын ғана сақтайды. Сөйтіп, оның компоненттері ширала келе, негізгі бір кесек, фразеологиялық единица тұрпатында болады. Синтаксистік қызметі де біртұтас, көбіне дерлік, сөйлемнің нақтылы бір ғана мүшесі дәрежесінде жұмсалады. Фразеологиялық түйдектің беретін мағынасы оның жеке сыңарларынан шығатын мағынамен байланыспауына бірер мысал: қабырғамен кеңес; жүрек жалғады; қырғи қабақ болды; тонның ішкі бауындай. Қабырғамен кеңес дегеннің мағынасы “қабырға”, “кеңес” деген сөздердің тікелей мағынасынан туып отырған жоқ (мұның беретін ұғымы “ойлан”, “асықпай-саспай ойлан”), не болмаса жүрек жалғады (мағынасы “азын-аулақ ас ауыз тию”, “жеңіл-желпі тамақ ішіп алу”); қырғи қабақ болды (мұның мағынасы “араздасу”, “өкпелесу”, “қырын қарау”); тонның ішкі бауындай (“өте тату”, “жең ұшынан жалғасқан”, “әкей-үкей”). Осындағы келтірілген әрбір түйдек сыңарлары тұтасып барып қана, өзара бір шоқ жаңа мағына туғызып тұр. Түйдек тіркестерді ішіндегі элементтеріне қарай талдау жасап, бірін екіншісінен жырып алуға болмайды.

Ал фразеологиялық тіркес ішіндегі сөздер негізгі мағынасынан жарым-жартылай ғана айырылып қалады. Мысалы: белін қынай буынды, ата жолын құды, егіліп жылады, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала.

Сөздердің фразеологиялық түйдек тобы болсын, фразеологиялық тіркес тобы болсын, екеуіне де ортақ қасиет – тиянақтылық. Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға, белгілі тәртіпке ие болуы шарт; компоненттер бөтен сөздерге жанаспай, олардан бойын аулақ салып, өзінің арнаулы сөздерімен үйірлес келеді. Демек, “егіліп” дегенді “жылады” дегеннің алдына қоюға болады, “қынай” деген сөз “буынды” деген сөзбен жанаса алады. Сол сықылды қырғи қабақ болды, қырық пышақ болды, ақ түйенің қарны жарылды, жауырды жаба тоқыды, менің сағым сынды деген тізбектердегі компоненттер де осы сипаттас. Әсіресе, соңғы екі фразеологиялық единицаның компоненттері өзара тығыз байланысты: “тоқы” деген етістік тек осы тізбектегі сөздермен ғана (“жауырды жаба тоқыды”) жанаса алады; сағым сынды дегендегі “сақ” сөзі де “сынды” етістігімен ғана жанаса алады.

Фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркестер тілдегі қолданылу сәтіне қарай бағзы уақыт бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады. Бұл екеуәнәі кей ретте шегін белгілеп, ажыратып алудың өзі қиын. Мәселен: күлін көкке ұшырды, жермен-жексен болды, жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды, салы суға кетіп отыр, санын соғып қалды, бармағын шайнап қалды, төбе шашы тік тұрды деген тізбектердің бәрі де бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынаға ие болып тұр. Мұндағы жермен-жексен болды дегендегі “жексен” сөзі парсы тілінде “бірдей”, “тегіс” деген мағынаны білдіреді, яғни “жер бетімен бірдей етті” (“көзін жоғалтты, құртты”) деген мағынаны беріп тұр. Санын соғып қалды деген тізбектің мағынасы да метафоралық мағына (“өкінді, күйінді, қапыда қалды”); жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды деген екінші – жанама, туынды мағына беріп тұр. Сол сықылды салы суға кетіп отыр дегенді де басқа мағынада қолданып отырмыз. Егерде бұл сөздерді “салының суға кетуі” мағынасында тікелей түсінсек, фразеологиялық единица бола алмайды.

Фразеологиялық единицаларды сөздердің қалыс лексикада жеке тұрғандағы мағанасымен түсінетін болсақ, бұлар қарапайым сөз болып кетеді, не мағанасыз, мәнсіз, бірдеңе болып шығады. Айталық, қол көтерді деген сөзді ыңғайына қарап тікелей мағанасында да, туынды мағанасында да айтуға болады. “Біз жол жөнекей өтіп бара жатқан машинаға қол көтердік” десек, мұндағы қол көтердік өзінің тікелей мағанасында айтылып тұр; “біз оны жақтап қол көтердік” десек, мұндағы тізбек жанама мағынада айтылып тұр. Ал жүрек жалғап алайық, мойнына су құйылып отыр, бетіне қара күйе жағылды, бит ішегіне қан құйып отыр, бір тарының қауызына сыйғызды, бүйрегі бұрды, су жүрек сары ізіне шөп салып отыр деген тізбектерді сөздедің тура мағанасымен айтып отырғанымыз жоқ. Сол себептен бұл тізбектерді құрап тұрған жеке элементтердің мағанасы ос тұрған қалпында дебес референттік мағына бола алмайды. Сондықтан екі немесе бірнеше сөздің түйісіп келіп, фразеологиялық түйдек болуы

үшін, ол компоненттердің өзара байланысынан туатын мағынадан мүлдем басқа айтылуы керек. Сөйтіп, фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркестің өзара айырмасы бұл екеуінің құрамындағы компоненттердің дара қолданылған к.йдегі негізгі мағанасынан айырылу, айырылмау дәрежесінен көрінеді.

Егерде фразеологиялық түйдек, фразеологиялық тіркес сөздер “трансформация” өзгерістері нәтижесінде пайда болады десек, осыдан барып тағы бір ерекшелікті байқаймыз. Ол ФЕ – лерді өзге тілге аудару мәселесі. Бұл жөніндегі практикада белгілі бір сөйлем ішіндегі сөздің алдымен лексикалық мағанасын есте тұтамыз. Осы тұрғыдан пайымдасақ, балама деген мен теңдес дегеннің арасалмағын ажырата қарау мақұл. Мәселен, “палец в палец не ударить” сияқтыны екі қолын қусырып отыру деп аударуды әркім- ақ қолдайтын болар. Олай болса, «делать из мухи слона» дегенді түймедейді түйедей ету десек, кім күмән келтіреді?

Сөздің қысқасы, бұл жайлы проблемалар қыруар. Филологтардың назарына тыс қалмайтын мәселе – осы аудару принциптері мен практикасы. Қорыта айтқанда, тиянақты тізбек әрдайым фразеологизм бола бермейді, ал фразеологизм тиянақты тізбек болмасқа шарасы жоқ.

Қазақ тіліндегі сан алуан тізбектер нақты қолдану ретіне қарай бірде фразеологизм, бірде еркін тіркес реңкінде келе береді. Мысалы, көз қырын салды деген тіркесті сөз ішінде ауық-ауық көз қырын салып қойып отырды дейтін болсақ, еркін тіркес болады да, балама көз қырынды сала жүр десек, тұрақты тіркес боп шығады. Сол сияқты бармағын тістеді дегеннің тура мағынасы «бармақ саусағын ауызға салып тістеді» болса, ауыс мағынасы – «қатты өкінді», «опық жеді», «мұзға отырып қалды» дегендердің де беретін негізгі, тура мағыналарынан басқа «алданып қалды», «күр алақан қалды» деген сияқты ауыс мағыналары бар.

Еркін тіркестер үнемі экспрессив мағына бермейді. Белгілі бір тізбектің әрбір мүшесі кез-келген басқа бір сөзбен емін-еркін жалғаса келе, әр алуан лексика-грамматикалық тұлғаларға ие болады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес сөйлеу процесінде қатаң меже дегенді білмейді. Өз маңындағы басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, лексика-семантикалық және стилистикалық тұрғыдан жаңғырып отырады. Тұрақты тіркес ішіндегі сөздер бұлайша “еркін” қимылдай алмайды; сөздің лексика-грамматикалық өрісі “табиғаты жалқы” тіркеске тәуелді болады. Сөз тізбектері өзгеше бір лексика-грамматикалық “қалыпқа” түсіп, осы тұлғада тұрып қана белгілі бір семантика-стилистикалық қызмет атқарады. Алайда семантика-стилистика жағы “жіліктің майлы басы” екен деп тұжырым жасауға болмайды. Тұрақты сөз тіркесінің грамматикалық тұлғасы мен дыбысталу жағына мән бермеу әбестік болар еді. Бұлардың бәрі де – өзара бір-бірімен байланысқан, бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайтын құбылыстар.

Қоғам, тіл иесі – халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді. Сөзді, сөйлемді орынды қолдануды ұнатады. Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады. Мол тіл қазынасының бір алуаны – фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын сөз еткенде, ең алдымен олардың стилистикалық қызметі көзге түседі. Бұл түсінікті де. Некен-саяқ кездесер бірді-екілі фразеологизмдерді есептемегенде, тиянақты тізбектердің бәрі дерлік өзгеше стиль қызметін атқарады десек, қателеспейміз.

Біз сөз етіп отырған фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі рөлі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда осы стильге ойысып отырады. Осының нәтижесінде сөз, сөз тіркестері, сөйлем өрісі кеңейіп отырады. Сөйлеушінің айтпақ болған ойы айқындалып отырады. Тыңдаушы мен оқырман қауымға жатық та түсінікті болу үшін фразеологизмді сөйлеуші не жазушы стиль жағынан әр саққа жүгіріп, шебер қолдануға тырысады.

Фразеологизмдегі калька. Халық мәдени, т.б. байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілден іргесін аулақ салған бірде-бір тіл болмайды. Сол сияқты өзге тілден сөз ауыспайтын бірде-бір тіл болмайды. Кәрі тарихқа сұңғи түсіп, әрі барған сайын тілмен қарым-қатыс байланысы солғындай түсуін, бергі заманға келген сайын оның күшейе, ұлғая түсуін байқаймыз. Қазіргі қарыштап өскен өмір талабына сай орыс тілінен келген қат-қабат сөздер, тізбек тіркестер қыруар. Осылардың бір бөлігі калька ізімен алынғандар. Кальканың кірме сөзден басты айырмасы – оның сырт сипатында емес, ішкі “дүние” - мән-мағынасында жатыр. Кальканы сөз еткенде, оның лексикалық формасына емес, көбіне лексикалық мағынасына көңіл бөлеміз. Демек, лексикалық кірме емес, семантикалық ауысу бел алып жатады. Бес жылдық жоспар, екпінді десек, “пятилетний план”, “ударник” сөздері ойымызға сап ете түседі. Сондай-ақ, балық та емес, ет те емес десек, “ни рыба, ни мясо” тіркесі шыға келеді. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектері болсын, көптеген орыс, т.б. тілдердегі көркем шығармалар болсын, бар-баршасына калька ізімен алынған фразеологизмдер жиі кездесіп отырады. Орыс тіліндегі “ни богу свечка (свеча), ни черту кочерга” – құдайға шырақ, шайтанға көсеу емес түрінде алынуын мақұлдау керек. Бұлардың орынды алынған жорғалары да бар. Ішінара кейбір сәтсіз қабылданған жортақылары да бар.

Тіліміздегі дәл баламаны іздеудің орнына, бағзы уақыт “таза” калька жағына түсу дағдысы да бой көрсетіп қалады. Бұған жоғарыдағыдай бір ғана мысал алайық: “слона то не приметили” дегенді көрмес пілді де көрмес деп жүрміз, көрмес түйені де көрмес десек, анағұрлым жатық емес

пе? Лингвистикалық калька түрінде алынған кей тіркестер ертеден-ақ кездеседі: тасбақа аяң немесе тасбақа жүріс – орыс тіліндегі “черепаший шаг” дегеннен аударылған болуы мүмкін. Мұрнын (танауын) көкке көтерді де солай сықылды; бұл орыс тіліндегі “задирать нос” дегеннен алынса керек; сағы сынды дегеннің сөзбе-сөз мағынасы – “бұтағы сынды”. Бұл тіркес иран тілінен аударылған да, сақ (бұтақ) деген сөз сол күйінде алынған. Осы сөз шақ түрінде кей жерде ағаштың бұтағы деген мағынада қолданылады.

Калька ізімен алынған сөз қолданысты, мысқылдаған жасанды тіркесті, әрине, бұл топқа қоспау керек. Орыс тілі арқылы ауысқан: бұл нөмірің өтпейді (такой номер не пройдет) деп сөйлеген, өзі орышаны шала білетін, сөйте тұра білгірсінген біреуді аса мәшһүр жазушымыз осылайша сөз саптағаны үшін өзінің бір шығармасында ажуа еткен. Орыс тілінен қазақшаға аударылған әдебиеттен тағы бір мысал: молодец против овец, а против молодца – и сам овца дегенді қойға шапқан батырың, батыр көрсе, қой болар деп қазақшалап жүрміз. Бір тілдің өзіне ғана тән, басқа тілге аударуға келмейтін кей тізбектерді калька ретімен алмасқа, әрине, лаж жоқ. Ал мағына жағынан эквивалент тізбекті үнемі лингвистикалық калька жолымен ала берудің әдеби тіл үшін пайдасы аз. Осы тұрғыдан қарағанда ни рыба, ни мясо деген сөз қырғыз тілінде чала өлтүрген жыландай деп, ал молодец против овец, а против молодца – и сам овца дегенді үйдө баатыр, жоода жоқ деп алынуы қазақшадан гөрі тиімдірек сияқты. Өйткені қырғыз тіліндегі балама халыққа түсінікті, жатық. Үйде батыр, жауға жоқ, үйде шешен, дауға жоқ деген мақал қазақта да бар. Ізденіп, мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін түсінікті ету, сөз жоқ, керек іс. Ал фразеологизмдерді аудару не оларға балама іздеу мәселесі – аударма тіліне қатысты өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс, барынша күрделі де қажет мәселе.

Осында аталған орысша мысалдардың аудармасын калька жолымен қабылдауды кей еңбекті дұрыс деп тапқанның өзінде, ауызекі тілде (бәлкім, көркем әдебиетте) халық тілі баламасына да кеңшілік бергеніміз мақұл. Мәселен, волков бояться – в лес не ходить дегенді қасқырдан қорыққан тоғайға бармас түрінде де, басқа ретте шегірткеден қорыққан егін екпес түрінде де аударуға әбден болады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Фразеологиялық тұтастық дегеніміз не?
2. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктің айырмашылығы қандай?
3. Фразеологиялық тізбек дегенді қалай түсінесіз?
4. Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан неше топқа бөлінеді?

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 15, 21, 29, 43, 45.

Қ.ә: 22, 26, 28, 32, 34.

ДӘРІС 12. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ.

Дәрістің мақсаты: Қазақ тілінің лексикографиясы жөнінде түсінік беру. Қазақ тіл білімінде лексикографияның зерттелуі. Қазіргі лексикографияның негізгі бағыттарымен таныстыру.

Дәріс жоспары:

1. Қазақ тілінің лексикографиясы;
2. Қазақ тіл білімінде лексикографияның зерттелуі.
3. Қазіргі лексикографияның негізгі бағыттары.

Тілдегі сөздер мен фразеологиялық тіркестерді жинап-теріп, оларды жүйеге келтіру жұмыстарын тексеретін тіл білімінің саласын лексикография дейді. Яғни бұл сөздік жасаудың методикасы мен техникасын үйрететін ғылым деген сөз. Лексикография теориясы сан алуан сөздік жасаудың мол тәжірибелерін ғылыми тұрғыдан қорытындылаудың негізінде, лексикологиялық зерттеулер мен солардың жетістіктеріне сүйене отырып жасалады. Демек, лексикография мен лексикология бір-бірімен тығыз қарым қатынаста болатын егіз ғылым. Сөздіктердің сапасы осы ғылымдардың қаншалықты және қандай дәрежеде зерттеуліне байланысты. Зерттеу жұмыстары неғұрлым жоғары әрі жемісті болса, шығарылған сөздіктер де сәтқұрлым сапалы болмақ. Бүгінгі таңда сөздіктің практикалық мәнімен қоса, оның ғылыми сапасына да ерекше назар аударылады. Сондықтан сөздік кез келген мекемеде емес, осы мамандықты жете меңгерген ғылыми маман кадрлардың шоғырланған жерінде жасалады.

Орыс сөздіктерінен лексикографиялық еңбектердің тек методикасы мен құрылысын ғана үйреніп отырғанымыз жоқ. Октябрь революциясы тудырған барлық жаңа ұғымдарды осы тілден кейде сөзбе-сөз тікелей қабылдасақ, кейде өз сөзімізбен аударып алудамыз. Сол арқылы қазақ тілінің сөз байлығын шексіз молайтып, жан-жақты кемелдендірудеміз. Қазіргі кезде өз ана тілімізде қандайлық мәдени-рухани тілектерді, пікірлерді білдіру керек болса, соның бәрін де нақтылы, әрі емін-еркін дәл жүзеге асыруға болатындай дәрежеге жеттік. Соның нәтижесінде тіліміздегі сөз байлығын жиып-теріп, хатқа түсіріп, іштей саралап, алуан түрлі сөздіктер жасауға мүмкіндіктер туып отыр.

Қазіргі кезде орыс тілі білімінде қандай сөздіктер шықса, өзге ұлт республикалары да осы үлгіні творчестволық жолмен пайдаланып, өз тәжірибелеріне ендіріп келеді. Советтік түркологиялық лексикографияның құранды бір саласы-қазақ лексикографиясы да қазыр даму, жетілу дәуірінде. Біздер сөздіктердің құрылым-құрылысы мен методикасын жылдан-жылға жетілдірумен келеміз. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Бұған дейінгі басылып шыққан

сөздіктерде әртүрлі алалықтарға жол беріліп келді. Ең алдымен, сөздердың жазылуында бір ізділік жөнді сақталмады. Бұл әсіресе біріккен сөздер мен күрделі сөздердің, сөз тіркестерінің арақатынысы жөнінде біркелкі көзқарастың жоқтығынан туғандығы рас.

Лұғат (словник) жасалмай тұрып, сөздік құрастыруға болмайтындығын ескерсек, бір сөздің кейде бірге, кейде бөлек жазылуы сөздік жасауға үлкен қиындықтар келтіретіндігін түсіну қиын емес. Көркем шығармаларда кездескен диалектизмдер мен вариант сөздерді кез келген сөздікке орынды-орынсыз ендіруге жол берілді. Әдеби тілдің сөздігіне алынатын грамматикалық формалар мен тұлғалар да күні бүгінге дейін сараланып болды деуге келмейді. Сөз мағыналарының түр-түрін жіктеп-бөліп, оларға дәл түсінік беру, сөздерді қолданудағы арақатынасын айқындап, стильдік белгі қою, фразалық тіркестерді жай тіркестерден ажыратып көрсету – сөздік жұмысына үлкен жауапкершілікті арттырып, қиындата түседі.

Лингвистикалық сөздіктердің түрлері тіл-тілде өте-мөте көп. Олар әралуан мақсат-мүддеге лайықталып жасалады. Лингвистикалық сөздіктер бір тілдік, екі тілдік және көп тілдік болып бөлінеді. Түсіндірме сөздік бір тілдің өз сөзімен түсіндіріледі. Ал, екі немесе көп тілдік сөздіктер өзге тілдердің сөздерімен түсіндіріледі. Бір тілдік лингвистикалық сөздіктер академиялық нормативті сөздік және анықтағыш сөздік болып іштей екі салаға жіктеледі.

Қазіргі қазақ тілі лексикасын меңгеру үшін қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді зерттеп, олардың стильдік айырмашылықтарын білу керек. Сондықтан ең алдымен сөздік деген не екенін, олардың қандай-қандай түрлері болатынын ашу керек.

Сөздік кітап болып, басылып шығуы да, қолжазба ретінде көшіріліп, тарауы да мүмкін. Мұндай сөздіктердің жинақты аты – лексикография деп аталады.

Лексикография грекше – *leksikon* (лексикон) – сөздік, *grapho* (графхо) – жазамын деген екі сөзден жасалған. Мұның мағанасы бір тілдегі сөздерді жинап, құрастырып, жүйеге (системаға) келтіріп, сөздік етіп шығару деген болады. Қазіргі күнде бұл термин бір тілдің түрлі сөздіктерінің жалпы жинағы деген ұғымда қолданылады. Ерте кездегі әдебиетте мұны кейде глос – сари деп атаған. (тарихи-ғылыми әдебиеттерде кездеседі).

Глоссарий деген сөздің мәні – қиын сөздердің түсіндірілген тізімі деген мағананы білдіреді. Сондықтан оны – көнеріп, сирек кездесетін сөздердің түсіндірмесі деген дұрыс, өйткені оған жалпы халықтық сөздердің көбі енбейді, көлемі шағын, сан жағынан аз, көбінесе көнеленген текстерді түсіндіруге ғана арналған шолақ көмекші құрал болған. Бертін келе толық сөздіктер шыға бастайды.

1.Түркі тілдерінің ең алғашқы сөздігі – Махмуд Хусаин ұлы Қашғаридың 1068 жылы жазылып біткен “Диуани лұғат түркі тілдері сөздігі” деген шығармасы. Бұл сөздік өз заманында аса жоғары баға алған. Ол заманда мұан басқа онан бұрын жазылған сөздіктер болғаны туралы Махмуд Қашғари ешнәрсе айтпаған. Егер оған дейін сөздіктер болса, Махмуд Қашғари бір кітаптың кіріспесінде: Бұл еңбекте кездесетін мысалдарды түркі тіліндегі өлеңдерден, халыққа кең таралған отты сөздерден, мақалдардан алдым дейді. Сол жерде ол болған кітаптың атын да атар еді. Ондайды атамауы – онан бұрын сөздік кітаптар болмағанын көрсетеді.

(Махмуд Қашғаридың туған жері - Ыстықкөлдің Қордай жақ бетінде болған Баласағұн шаһары еді. Ол қаланың осы күнде тек қана орны бар, біздің жыл санауымыздың 654-664 жылдары орталық Қытайдың Үйсін мемлекетіне жасаған шабуылы тұсында әлсіреп, XIII ғасырдың басында моңғол шабуылында күйреп, XIII ғасырдың аяғында Орта Азия хандары сойқаншыларының тарапынан мүлде құрып біткен. Бұл қала өз заманында үлкен керуен жолының үстіндегі базарлы, мәдениеті жоғары қала болған. Сондықтан осы бір шаһардың өзінен аттары әлемге әйгілі, кесек екі тұлға-Махмуд Қашғари, Юсуф Баласағұн-шыққан. Махмудтың Қашғари болып аталуы қағар қаласында тұрғандығынан емес еді. Мұны Махмуд Қашғаридың еңбегінен хабарсыз кейбіреулер Махмуд Қашғариды ұйғыр, түрікпен т.б еді дейді. Махмуд Қашғаридың «өзімен түрік руынанмын» (“Диуани лұғати түркі” I-кітаптың Стамбул баспасы, 1903жыл, 3-бетін қара) дейді. Оның айтып отырған түркі, біздің түсініміздегі түркі халықтары емес, өйткені ол: "Мен түрік, түрікпен, оғыз, чығыл, яғма қырғыз елдерін көп жылдар бойы кезіп шықтым" дейді (МКӨ, 1-т., 44-бет, бұдан былай - Махмуд Қашғаридың "Диуани лұғати түркі" кітабының өзбекше аудармасын МКӨ деп, қысқартып береміз). Түркі тілі деп МҚ: қырғыз, оғұз, қыпшақ, тұхси, яғма, чығыл, ығрақ жарық тілдерін санаған (сонда, 66-бет)” тілдің жеңілі-оғұзша, ең турасы, жақсысы яғма, тұхси тілдері (сонда, 118-бет). Іле-түрік шаһарларының жойқыны - Амудариясы” (сонда) деген. Бұл Іле өзенінің бойы түгелдей ертедегі Үйсін (Усунь-қытайша) мемлекетіне қарасты болып, ертеректе ол мемлекеттің орталығы Ыстықкөлдің терістік шығыс жағындағы Чығу қаласында болып, бүкіл Шығыс Түркістан, соның ішінде Қашғар қаласына дейін Үйсіндер қол астына қараған. Кейде орталықты Қашғарға көшіріп, онда ордасын орналастырған кездері де жиі ұшырайды, Қашғар хандығы VIII ғасырдан Буграхан тусынан бастап күшейіп, бүкіл Мауреннәхрді өзіне қаратып, ирандықтардың Самонид династиясын құртқан.

Бұл айтылған өңірде ұйғырлар, оғұздар болмаған, бүкіл түркі халықтары тілін Махмуд Қашғари екі ірі тілге: түркі тілі, оғұз тілі деп

бөліп қараған. Сөздікке енген сөздің қай тілден алынғаны мәлімсіз болса, ол «екі тілдің бірінде-не түркі, не оғұз тілінде» дейді.

Тухси, яғма, чығыл тілдерінің ерекшелігін айта келіп, бұл тілде дз дыбысын қолданбайды, оның орнына и (й) дыбысы айтылады, мысалы: қайың – басқаларды қадзың. Бұл аталған елдердің тілінде д, дз, й дыбысына, д – дыбысы т болып, г – айналады дейді. Түркілер ауға барған – оғұздар ауға баран түрінде айтады деп, оғыз тілдерінде есімшенің ғ жұрнағы түсіп қалып, -ан болатынан ескертеді. Ендеше, Махмұд Қашғари оғыздар тобынан емес.

Сонымен қатар ол ұйғыр да емес, оған өзінің мына сөздері дәлел.

1. Ұйғырдың тілі түрікше, бірақ өздері сөйлесетін тағы бір тілі бар, бұлар қытаймен шектес бес қаланың (бешбалық, жанбалық, Янибалық, Суми, Коча) бойында тұрады, дейді (МКС, I, 102 бет:Өзб,Іт., 136 бет)

2. Махмуд Қашғари еке деген сөздің тарихын Александр Македонскиймен байланыстырады. Александр Шығыс Түркістанға жақындағанда түркі ханы жас азаматтарды жауға қарсы аттандыруға қам қылғанда бас уәзірі: тақсыр хан, тәжірибесіз жастар, бүкіл әлемді ойрандап, беті қайтпай келе жатқан асқақ жауға төтеп бере алмайды. Ол жастарды “екелер бастасын” депті. Ескендірдің әскерін талқандаған түркі әскері ертеңіне қанға боялған алтын тауып алыпты. Бұл жер сонан былай қарай Алтын қан атаныпты. Сонан: - Ұйғырлар жанындағы бұл тау атырауында көптеген сахрауи түркілер тұрады, дейді.

3. Махмуд Қашғари: “Ұйғыр Шахар – Түнке ханның баласы Исраил Туғантегін аталары туралы маған мынаны айтты”, - деп, ұйғыр деген сөздің этималогиясын айта келіп, “біздің бабаларымыз соманиттер династиясын құртқан кезде”..., деп, өз аталары ұйғырдан аулақ екенін атап келеді.

Мен – түркімін, олар – ұйғыр деп отырса, оның аталары бес шаһардың бойында, біздің аталарымыз Мауреннахрден Қытайға дейін, Қытайдан Румға дейін деп отырса оны Ұйғыр деуге болмайтыны айқын. Бірақ Радловтан бастап, пров. Жузе, Маловтар Махмуд Қашғаридің “Лұғатын” – ұйғыр ескерткіші деп атауына не себеп болғанын айта кету керек. Ең алдымен Махмуд Қашғари еңбегін аттары аталған ғалымдар және сол сияқтылар жете түсіне алған жоқ: Өйткені академик В.В Радлов бұл “ Лұғаттың” баспасын көре отырып пров. Жузенің жете түсіне алмай, тілдік ерекшеліктерге тісі батпай кетті, оны өзі де мойындаған. С.Е. Маловқа мен: - Сіз “ Лұғатты” – ұйғыр ескерткіші дегенде – осындағы фактілермен есептестіңіз бе? – дегенімде, ол “Қазақтар ат – тонын ала қашқасын, ұйғырға аударса салдым”, - деген болатын дейді.

Өзбек тіліне, түрік тіліне аударылған Махмуд Қашғаридың “Диуани лұғат и түркі” сөздігі енді ешкімге де жұмбақ емес осы ескерткіштегі сөз ерекшеліктері түсініктерін бақыласақ, Махмуд Қашғари кім екенін өзі түсіндіреді “Балық ерте кезде түркі және ұйғыр тілінде қала деген

мағынадағы сөз еді ” деп түсіндіргенде ұйғырды түркіге қоспайды және өзі мен – түркімін дейді, сондықтан мұны ұйғыр деуге болмайды.

Бұл сөздік туралы бұрынды-соңды айтылған пікірлер мен берілген бағаларды бір арнаға сарыққанда: сөздіктің құрылуы, системасы, сөздерді жүйелеу тәртібі қиын болғанымен, оларды салыстыра түсіндіру жағынан күні бүгінге дейін көне түркі тілдері тарихы жөнінде аса құнды еңбек делініп бағаланды. Бұл сөздік үш томдық еңбек болып XX ғасырдың басында ғана басылып тарады.

Сөздікте автор түркі тілдері сөздерін ғана беріп қоймайды, ол тілдегі сөздердің кейде тарихын айтып, грамматикалық өзгешеліктерінен де мәлімет беріп отырады. Сонымен бірге өз маңындағы ру-тайпалардың, халықтардың топонимикасымен байланысты тарихи мәліметтерді, этногенезін де айта отырады.

Махмуд Қашғари сөздігі алфавиттік тәртіпті катал қолданбаған. Ол сөздікте мына сияқты болып: 1) сөз басында әліп келген есімдер бөлімі, мысалы: ат, ет, от; 2) төрт әріпті сөздер, мысалы, уа, оқа (бұлар араб әрпімен жазылғанда төрт әріп болады. Өйткені олардың асты-үстіне қойылатын диакриттік белгілері қоса саналады); 3) үш әріпті бөлім, мысалы: алп/алып. 4) ортада әр түрлі әріп қолданылатын сөздер, мысалы: ағыр (ауыр). 5) созыңқы аа бөлімі: мысалы, аат (есім).

Махмуд Қашғари сөздігіндегі лексика -грамматикалық материалдарға қарағанда, бұл сөздікті түркі тілдерінің біріне тән, басқаларына алыс деп айтуға болмайды. Өйткені мұнда көп ру-тайпалардың, халықтардың тілі жиналып, салыстырылып берілген және күні бүгіннің өзінде қазіргі түркі халықтарының тілдерінің көпшілігіне тарихи дерек бола алады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Лексикография дегеніміз не?
2. Лексикография мен лексикологияның бір-бірімен қарым-қатынасы қандай?
3. Лексикографияның негізгі бағыттарына нені жатқызамыз?

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 34, 35, 47, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

ДӘРІС 13. СӨЗДІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Дәрістің мақсаты: Сөздік түрлерімен таныстыру.

Дәріс жоспары:

1. Қазақ тілі түсіндірме сөздігін жасау тәжірибесі;
2. Диалектологиялық сөздіктер;
3. Этимологиялық сөздік.
4. Фразеологиялық сөздік.

5. Түсіндірме сөздік.

6. Синонимдік сөздік т.б сөздік түрлері

Қазақ халқының сөз байлығын ең алғаш жинап-теріп, жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі өткен ғасырдың екінші жартысынан кейін ғана басталды. Орыстың атақты ғалымдарды академик В.В.Радловтың «Түрік тілдерінің сөздігін жасаудағы тәжірибе» (1893-1911) атты төрт томдық сөздігі мен профессор Н.И.Ильминскийдің «Қазақ тілін зерттеудегі материалдар» (1861) деген арнаулы еңбегі ана тіліміздегі сөздерді жинақтап, сөздік етіп шығарудың үлгілерін көрсетті. Революциядан бұрын барлығы отызға жуық екі тілдік (орысша-қазақша немесе қазақшорысша) аударма шағын сөздіктер жарық көрді. Бұлардың азды-көпті тәжірибелері революциядан кейінгі сөздіктердің бел алып еркін дамуына белгілі дәрежеде себін тигізді.

Қазақ лексикографиясының шын мәнінде ғылыми тұрғыдан тексеріліп, етек алып жан-жақты дамуы советтік дәуірде екі тілді аударма сөздіктерден басталды. Лениндік ұлт саясатының арқасында Совет Одағы халықтарының өз ана тілін емін-еркін дамытуға қолы жетті. Бұрынғы кенжелеп артта қалған көптеген ұсақ ұлттар хат танып, білім алып, социалистік мәдениеттің биік шыңына көтерілді.

Орыс тілі – озық мәдениет пен ғылымның, прогресшіл пікірдің тілі. Сондықтан да біздің елдердегі халықтар орыс тілін үйрену өсу мен дамудың аса қуатты қаруы деп білді. Ұлан-байтақ Отанымыздағы ортақ экономикалық-мәдени мүдде мен қоғамдық жалпы мақсат баршамызға бірдей ортақ бір тілдің болуын қажет етті. Социалистік біртұтас семьядағы мүдделес әр түрлі халықтар бір-бірімен бүгінде орыс тілі арқылы пікірлесіп, өзара тіл табысады. Орыс тілі интернациональдық қарым-қатынастың ұлтаралық құралына айналды. Демек, орыс тіліне деген құштарлықты күнделікті өмірдің өзі тудырды, халқымыздың өскелең талабы мен талғамы қажет етті. Совет Одағындағы үлкенді-кішілі барлық халық революциядан кейінгі жылдардың өзінде-ақ, орыс тілін үйрену, білу мақсатымен ең әуелі орысша-ұлт тілдерінің сөздігін, соңынан ұлт тілдері мен орысша сөздіктерді жасауға жаппай жұмылды. Қазақстанда екі тілді сөздік жасау мәселесі кең жолға қойылды. 1945 жылға дейін бастауыш және орта мектептерге арналған екі тілдік шағын сөздіктер жасаумен ғана шектеліп келген болсақ, 1946 жылы екі том «Орысша-қазақша сөздік», 1954 жылы бір томдық үлкен «Орысша-қазақшасөздік», ал 1978, 1981 жылдары «Орысша-қазақша сөздіктің» толықтырылған екі томы Ғ.Мұсабаевтың жетекшелігімен жарық көрді.

Аталған сөздіктер туысқан екі халық (орыс пен қазақ) бірінің тілін бірі оқып үйренуі, біріндегі сөз байлығы мен сөз шеберлігін меңгеріп алуы үшін баға жетпес үлкен құрал. Орыс мәдениеті, әсіресе оның бай

сөздіктері біздің еліміздегі халықтардың жалпы дамуына, ең алдымен, рухани-мәдени жағынан жетілуіне үнемі мінсіз қызмет атқарып келеді.

Жалпы біздің республикаларымызда ғана емес, бүкіл Одақ көлемінде екі тілді аударма сөздіктер шығаруда қыруар жұмыстар істелді. Солардың ішіндегі ең таңдаулысы, мәселен, 1965 жылы шыққан профессор К.К.Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігі» 1968 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Біз мұны үкімет пен партияның еліміздегі ұлт тілдерін мейлінше еркін түрде дамытуға ерекше қамқорлық жасап отырғандығының айғағы деп білеміз.

Қазақ тілінің сөз байлығы өзге тілдермен де салыстырып аударылды. Мәселен, шағын түрде болса да «Ағылшын-қазақ сөздігі» (1960), «Монғолша-қазақша сөздік», (Монғолия,1954), «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» (1969), «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» (1974), «Қазақша-ағылшынша сөйлесу» (1966), «Қазақша-немісше сөйлесу» (1968) шықты. Қазақ тілінің басқадай сөздіктерін мол тәжірибелері бірден-бір негіз болды.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулар сөздігін терминологиялық сөздік деп атайды. Бұлар бәрі топталып бір сөздік түріне де, әр ғылым саласының терминдері бойынша жеке-жеке кітап болып та шыға береді. Мәселен, «Аталар сөздігі» деген атпен 1931 жылы, «Қазақ тілінің терминдері» 1936 жылы, «Терминология сөздігі» деген атпен 1948 және 1950 жылдары екі кітап болып басылып шықты. Мұнда революциядан бергі кезеңде тілімізге енген термин сөздерді баранша жинақтап, жұртшылыққа ұсыну мақсаты көзделді.

Елуінші жылдардан бергі кезеңде экономика мен мәдениеттің, техника мен ғылымның шарықтап, кең қанат жайып дамуымен байланысты, орыс және интернациональдық терминдердің есебінен, сонымен қатар өз ана тіліміздің жаңа сөз жасаудағы қабілеттілігі арқасында да, қазақ тілінің сөздік құрамы барынша байыды. Ендігі жерде әрбір ғылым саласының терминдерін әрқайсысын өз алдына жеке кітап етіп басып шығару мәселесін күн тәртібіне қойыла бастады. Осындай ұлы мақсаттын жаршысы ретінде 1952 жылы (1955 жылы екінші рет) С.Арзымбетовтың «Орысша-қазақша ауыл шаруашылық терминдерінің сөздігі» жарық көрді. Содан бергі кезеңде ғылымның өзге салаларының терминдері де кезекпе-кезек басылып шыға бастады. Қазыр елуден астам осындай үлкенді-кішілі терминологиялық сөздіктер жарық көріп отыр. Бұған мынадай ғылыми терминдер ендірілген: лингвистикалық терминдер, әдебиет тану терминдері, музыкалық сөздік, металлургия өнеркәсібі, тау-кен ісі, физикалық, география, математика, физика, астрономия, геология, юриспруденция, педагогика, психология, медицина, іс жүргізу, экономика,

философия, спорт, физкультура, құрылыс және құрылыс материалдары, ботаника және топырақтану, теміржол қатынасы, биология, географиялық атаулар, химия, археология, механизм мен машиналардың терминдері, мал дәрігерлік терминдер, әлеуметтік-экономикалық терминдер, экономика терминдері, анатомиялық терминдер, өсімдіктер фразеологиясы мен биохимиясы терминдері, қоғамдық-саяси терминдер, т.б.

Қазақ тілінің терминологиялық сөздіктерін жасауға республикамыздағы ең таңдаулы, өз ісіне жетік деген маман кадрлар қатыстырылды. Алайда жарық көрген ірілі-ұсақты терминологиялық сөздіктерге ана тілінің өзіне тән сөз тудыру тәсілдерін әрдайым сарқа пайдаланып келе жатыр деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Аудармашылар кей жағдайларда буквализмге бой ұрып жүрсе, енді бір реттерде трафаретке түсіп алғандығы жиі байқалды. Аудармашылар екі тілдің әрқайсысына тән заңдылықтар мен ерекшеліктерді мұқият тексеріп, осыған дейінгі орын алып келген олқылықтар мен ала-құлалықтардан арылу жолын іздестіруде. Бұл салада олардың қол жеткен табыстары да аз емес.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Орфография (емле) бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы нормаларын белгілейді. Ал дұрыс жазудағы негізгі мақсат – ойды жазба түрде айқын етіп, дәл жеткізу. Сол үшін орфографиялық ережелер де жалпыға бірде олай, бірде былай екі түрлі жазылып жүруінен көп зиян келеді. Сондықтан емле ережелерді тұрақтандыру-сауатты жазудың бірден-бір кепілі деп танылады. Қазақ тілінің орфографиялық ережелері революциядан бергі кезеңде туып қалыптасты. Олар дүркін-дүркін өзгеріп, жаңарып отырды. Соның негізінде әр кезде ірілі-уақты «орфографиялық сөздіктер» жарық көріп отырды. Алғашқы сөздіктер негізінен мектеп көлемінен аса алмады. Соңғы еен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1957 жылғы 5 июньде «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін» бекітті. Осының негізінде 1963 жылы үлкен «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» жарық көрді. Бұл сөздікте сөздердің жазылуы морфографиялық және фонетикалық деп аталатын екі түрлі принципке негізделді. Сөздіктің соңында қосымша ретінде кісі аттары мен жер-су атаулары да ендірілді. Бұлардың берілуіндегі мақсат есім мен атауларды жазуда да бір ізділік сақтау еді.

Бұл сөздікті 1978 жылы сәл өңдеп екінші рет басып шығарды. Содан бергі өмір талабы мұны да місе тұтпай, ескірте бастады. Тіл білімі институты қазырғы кезде жаңа сөздікті баспаға дайындау әзірлігінде. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен Қазақ ССР Оқу министрлігі 1957 жылдан қолданылып келе жатқан орфографиялық ережелерге біраз толықтырулар мен түзетулер енгізіп, Қазақ емле

ережелерінің жаңа редакциясын ұсынған еді. Оны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1983 жылдың 25 августындағы Указымен бекітіп берді. Емле ережелері кодексі жазу мәдениетімізді әрі қарай жетілдіріп, жазуымыздың сауаттылығын недәуір арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Орфографиялық сөздік – тіл мәдениеттілігінің басты бір белгісі деп қарасақ, мұны тек сөздерді белгілі ережелерге сай үйлестіріп, сауатты жазумен ғана шектеуге болмайды. Ең алдымен, бұл сөздік ең тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, әсіресе оның өзіне ғана тән бейнелі сөздерін (қос сөздер мен күрделі сөздерін) барынша қамтып, көрсетуге тиісті. Тілдегі сөз байлығының қыр-сырын жан-жақты ашып беретін бірден-бір көрсеткіш – қолдан түспес сөздік құралын шығару екендігі ескерілуі керек. Сонымен қатар бұл құралмен алты жасар баладан бастап, еңкейген кәріге дейін шұғылданатын ұмытпау керек. Сонымен қатар бұл құралмен алты жасар баладан бастап, еңкейген кәріге дейін шұғылданатын ұмытпау керек. Сондықтан орфографиялық сөздіктің құрылым-құрылысына үлкен мән беріп, оны әлі де жетілдіре түсу шараларын шұғыл қолға алу қажет. Қазіргі орын алып, отырған сөздіктердің түгелдей жойып, сапасын неғұрлым арттыра түсуде ойластырмасқа болмайды. 1960 жылы Г.Жаркешеваның «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі» басылып шықты. Бұл еңбектің кіріспе бөлімінде бірге жазылатын сөздер мен бөлек жазылатын сөздердің емле ережелері берілген. Кейбір кіріккен сөздердің түп-төркіні ашылған. Мұнда 5000-ға жуық біріккен және күрделі сөздердің тізімі көрсетілген. Тізімнің ішінде қазақтың төл сөздерімен қатар авиабаза, автоқалам, автомашина, автошана, агротехника тәрізді терминдер де қамтылған. Сонымен бірге екі сөзден құралған кейбір ән аттары (Ақ бидай, Ақ бақай, Ақдариға, Ақерке, Ақ қайың т.б.) да алынған. Азын-аулақ болса да ойын аттары (алтын сақа, әңгір таяқ, балтам тап т.б.), күй аты (Ақсақ киік, Боз шолақ, Сары арқа, Көкей кесті т.б.) берілген. Р.Ссыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышы» 1960 және 1974 жылдары екі рет басылды. Бұл еңбектің баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін елеулі мәні болды. Демек, қазақ тіл мамандары орфографиялық сөздіктер шығарудан кенде емес. Алайда, мәселе сөздіктің санында емес; сапасында деп білсек, бұл салада істелуге тиісті қыруар жұмыстар бар екендігін авторлар коллективі әрдайым ұмытпағанын қалар едік.

ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕР

Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты бір тілде, белгілі дәуірде, жалпы халықтық сипат алған сөздерге мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жағынан сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму сатысындағы сөздік құрамының сан мөлшерін біршама анықтау. Солардың мағыналық нормаларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап

көрсету міндеті жүктеледі. Сонымен қатар сөздердың жазылуы мен айтылуы нормаларының ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақтылы түсінік беруді қарастырады. Сондықтан түсіндірме сөздік кейде нормативті сөздік деп те аталады. Нормативті түсіндірме сөздік бір томдық және көп томдық болып та, жасала береді. Көлемнің үлкендігіне қарай көп томдық түсіндірме сөздікті кейде академиялық сөздік деп те айтады. Орыс тілінде үш түрлі (17 том үлкен сөздік, төрт том орташа сөздік, бір том кіші сөздік) түсіндірме сөздік басылып шықты.

Академик В.В.Виноградов: «Ұлт тілінің түсіндірме сөздіктері сойлеу мәдениетінің ең күшті құралы ғана емес, сонымен бірге сол мәдениетінің жемісі» - деп бағалайды. В.И.Ленин орыс әдеби тілінің жаңа түсіндірме сөздігін жасаудың соншалықты қажет екендігін айтып, оны жеделдетіп шығаруға үлкен күш жұмсап, әкелік қамқорлық көрсеткен болатын. Демек, әрбір тілдің түсіндірме сөздігі әсіресе ғылым мен техниканың кемелденіп жетілген кезінде соншалықты қажет екендігін аңғарамыз. Бұл кезеңде бүкіл баспасөз, мектеп, радио, телевизияның барлығы да жүйеленген нормативті сөздіктермен ғана жұмыс істеуді талап етеді. Қазіргі біздің еліміздегі әрбір ұлт республикалары өз тілінің түсіндірме сөздігін жасауға жаппай кірісті деуге болады. Бұл салада қазақ тіл мамандары да жемісті еңбек етіп келеді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» ең алғаш рет екі том болып, 1959 және 1961 жылдары басылып шықты. Содан бері жұртшылықтың күнделікті кәдесіне жарап, азды-көпті мәнді қызмет атқаруда. Бұған небары жиырма мыңдай ғана ең жиі қолданылатын сөздер енген еді. Содан бергі өыр талабы бұл сөздікті місе тұтпай толықтырып, жаңартып қайта жасауды талап етті. Қай елдің даму тарихын алып қарасақ та, әдеби тілдің нормативті сөздігі бір мәртебе емес, әлденеше рет жасалған. Олар бірден-бірге кемелденіп толығады, сараланып өңделеді. Ешбір елде жүйелі толық сөздік бірден жасалмаған. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институті 1967 жылдан бастап «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» көп (кн том) етіп шығару жұмысына бел шешіп, қайыра кіріскен еді. «Сабақты жіп сәтімен» дегендейін, сол игілікті еңбекті шығару 1974 жылы басталып, соңғы томы (10-том) 1986жылы басылып шықты. Бұл сөздіктің алға қойған мақсаты қазақ тілінің сөз қорындағы сөздерді мүмкін болғанынша түгел қамтып, хатқа түсіру, есебін алу. Тіліміздегі сөздердің мән-мағыналарын дәл анықтай отырып, олардың әдеби нормаларын белгілеу. Реестерге алынған сөздерге қай сөз табына қатысты екендігін көрсететін грамматикалық белгілер қойылған. Сөздікте сөздердің қолдану аясы мен шегін, тарихи және территориялық таралу әдісін, сондай-ақ, эмоциялы-экспрессивті реңін сипаттайтын да белгілер көрсетілген. Стыльдік белгілер негізінен мынадай төрт топқа жіктеледі.

1. Әдеби тіл шеңберінен тыс қолданылуы шегін көрсететін белгілер: қарапайым сөз (қарап.), тұрпайы сөз (тұрп.), сөйлеу тіліне тән сөз (сөйл.), диалектілік лексика (диал.).

2. Әдеби тілдің белгілі бір саласында ғана жұмсалатынын көрсететін стильдік белгілер: кәсіби лексика (кәсіб.), кітаби лексика (кітап.), діни сөз (діни), мифологиялық сөз (миф.), көнерген сөз (көне.), тарихи сөз (тар.), жаңа сөз (жаңа), поэтикалық сөз (поэт.) т.б.

3. Ғылымның белгілі бір саласында ғана арнайы жұмсалатындығын көрсететін белгілер: биология (биол.), химия (хим.), музыка (муз.), медицина (мед.), спорт (спорт), авиация (авиац.), т.б.

4. Сөздердің әр түрлі стильдік бояуын көрсететін белгілер : экспрессивті (экспр.), эмоциональді сөз (эмоц.), сыпайы сөз (сып.), т.б. Сонымен бірге сөздікте азын-аулақ болса да қай тілден келгендігін көрсететін этимологиялық белгілер де қойылған. Мысалы: араб сөзі (ар.), иран (парсы) сөзі (ир.) монғол сөзі (монғ.), орыс сөзі (ор.) т.б.

Аталған неше алуан белгілер (пометы) бұрынды-соңды шыққан түрік халықтары сөздіктерінің бәрінен де өте-мөте бай екендігін ескерсек, бұл сөздіктің бағасы мен құнын арттыра түспек. Әрбір сөздің мағыналарына қысқа түрде тұжырымды анықтама беруге тырысқан. Сөздің негізгі заттық мағынасы алдымен беріледі де, онан соң қосымша және ауыспалы мағыналары келтіріледі. Сөз мағыналарының бәрі де белгілі цитаталармен документацияланып, келтірілген мысалдар кімнен және оның қай шығармасынан алынғандығы, автордың фамилиялары, кейде өз есімі (Абай, Жамбыл, Махамбет т.б) арқылы көрсетілген. Реестр сөздің анықтамасы, оған берілген грамматикалық, шығу төркіні (қай тілдің сөзі екендігі) мен қай стильге жататындығы туралы белгілер, бұларға келтірілген түрлі мысалдар, бір сөзбен айтқанда, сөздік мақала деп аталады. Әрбір сөздің мағынасы мен реңкін айқындауға берілген нақтылы мысалдар, келтірілген иллюстрациялық материалдар сөздің қолдану аясын, стильдік мәнін мүмкіндігінше толық және айқын етіп дәлелдеуді көздейді. Сол себептен олар атау сөзге қойылған грамматикалық, стильдік белгілерге сай, сөздің табиғатын, сипатын жан-жақты түсіндіріп, анық ашып беретіндей болуы және мазмұны жағынан ұстамды да тұжырымды болып келуі қадағаланды.

Фразеологиялар сөздікте сөз мағыналары талданған соң, қойылған мынадай белгіден кейін келеді. Бұл белгі бір-ақ рет қойылады. Сөздің әр мағынасын ашу үшін 3-4 мысал, ал фразеологияға 2-3 мысал алу жеткілікті деп есептеледі. Келтірілген цитаттар мүмкін болғанынша әр авторды және әр дәуір мен түрлі жанрларды қамтитындай болуы жағы көзделеді. Цитат табылмаған кейбір сөздерге ойдан мысал алынып, соңынан жақшаның ішіне (Ауызекі тіл) деген белгі қойылады.

Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 70 мыңдай реестр сөз, 20 мыңдай күрделі сөздер мен фразеологизмдер қамтылды. Аталған

сөздіктің көп том болып басылып шығуы тек – қазақ елінің тарихында ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихында да бұрын-соңды болмаған айтулы оқиға. Бұл жайында оқушы қауымның көптеген бағалы пікірлері бар. Мәселен, М.Әлембаев өзінің «Көңіл күнделігінен» деген мақаласында: «... бұл сияқты қомақты ғылыми көрнекті еңбек – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының өзі-өз болғалы шығарған шын мағынасындағы шынайы халық кітабы. Бұл көптің еңбегі - өлмейтін еңбек, жоғалмайтын қазына. Қалам ұстаған қазақтың бірі болғандықтан ғана емес, тіпті тілге, тіл біліміне он қайнаса сорпасы қойлмас қайманы қазақ болған күнің өзінде де мен осы сөздікті іздеп тауып оқыр едім, күнделікті құралма айналдырып, стол үстінен түсірмес едім», - деп жазған еді. Онан кейін ол ытағы да өзінің «Іздеген інжу табар» деген мақаласында алдыңғы айтқан пікірін одан әрі жалғастырады: «Қазақ ілінің көп томды басылымы – бүкіл халықтың ғасырлар бойы сары алтыдай сақталған той қазынасы, ортаймай толыса беретін рухани дәулеті» - деп қайталады. Бізше, бұл берілген баға жалғыз бір кісінің пікірі емес, бүкіл қалың жұртшылықтың ізгі ойы деп түсінген жөн.

ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде қыруар жергілікті ерекшеліктер бар. Бұлардың көпшілігі фонетика мен граммтикадан гөрі лексика саласында жиірек ұшырасады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының барлық түрінен де жергілікті ерекшеліктер табылады. Бірақ бір сөз табы (зат есім, етістік, сын есімде) диалектілік сөздерге өте-мөте бай, ал қалған сөз таптарында олар соншалықты көп емес деумізге болады. Ауызекі тілдегі сөз айырмашылықтарын жинап – теріп, жеке сөздік етіп шығару далпы халық тілінің сөз байлығын жете білуге үлкен жәрдем етеді, тіл тарихын слаыстырып зерттеуге себін тигізеді. Ара-тұра әдеби тілдің сөз қорын көбейтуге де болгілі мөлшерде қолғабыс жасайтындығы даусыз.

Тіліміздегі диалектикалық ерекшеліктер негізінен көне тайпа тілдерінің қалықтары болса, екінші жағынан басқа тілдерен ауысқан кірме элементтер екендігі дәлелденген. 1937 жылдан бастап, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау қолға алынды. Сол экспедициялық материалдардың негізінде Досқараевті «Қазақ тілінің ерекшеліктері» атты тұңғыш сөздігі 1955 жылы басылап шықты. Сөздіктің алға қойған мақсатты: «Жұртшылықты халық тіліндегі лексикалық ерекшеліктерімен таныста, олардың әр алуан мағыналарын түсіндіру, ол ерекшеліктердің әдеби тілмен кейбір басқа тілдермен қатынасын тіл фактілері бойынша салыстырып көрсету» (3 бет) еді. Кітапқа қазақ тілінің 1521 жергілікті ерекшеліктері ендірілген. Сөздікте әр сөздің мағынасы бірде әдеби тілдегі баламаларымен, бірде сипаттама түрінде түсіндіріліп, тиісті мысалдар келтірілген. Мүмкіндігіне қарай, әрбір жергілікті диалектизм өзге түрік

тілдеріндегі, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, татар және монғол тілдерінің ескілі-жаңалы материалдарымен салыстырылып көрсетілуі еңбектің ғылыми құндылығын недәуір арттыра түскен. Кітапқа жеке сөздермен қатар жергілікті халықтың ауызекі тіліндегі бірқыдыру сөз тіркестері де қамтылып, оларға да тиісті түсініктер берілген. Мысалы: жамбар тарту, бауыздап жіберу, бала құшақтау, еркелеп кету, орам болу, сұрам беру, жоқ ету, қайырма беріс, т.б. Сонымен бірге жалпы халыққа өте-мөте танымал белгілі сөздердің де орынсыз сөздікке еніп кеткендігі байқалады. Мысалы: аламан, ауу (егін туралы), бейбас, дарбаза, долы (қатты дауыл), жасауыл, желек, жер шығып кету, жылым, зығыр, кездік, кесел, мауыздау, миластыру, семіру, т.б.

Жеке сөздердің шығу төркінің (этимологиясын) әртүрлі жолмен анықтап, оларды документациялауда бір ізділік жөнді сақталмаған: бірі толық, енді бірі өте қысқа түсіндірілген.

«Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» екінші рет профессор С.Аманжолов 1959 жылы шығарды. Бұған 4000-нан астам жергілікті тіл ерекшеліктері енген. Автор қазақ тілі мамандарының әр жылдардағы жазып алған экспедициялық материалдарын молынан пайдалана отырып, сонымен қоса аудандық және облыстық газеттерден, халықтың ауыз әдебиеті мұралары мен көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларынан бай материалдар жинап, солардың негізінде жазғандығы байқалады. Мұнда әрбір реестрге алынған сөзге екі тілде (қазақша-орысша) толық түсінік беріліп отырылған. Мүмкіндігіне қарай алынған диалектілік сөз Қазақстанның қай жерінде кездесетіндігі және қандай әдебиеттен алынғандығы көрсетілген. С.Аманжоловтың бұл еңбегін тұңғыш рет жазылған екі тілді (аударма) диалектологиялық сөздік деп те атауға болады.

Ж.Досқараев пен С.Аманжоловтардың сөздіктерінің біреуінде кездескен сөз екіншісінен де табылып отырады. Алайда қайталаған сөздерге берілген түсінік көп ретте бірін-бірі толықтырып отырғанымен, кей жағдайда өзара алалықтар да тудырып отыратындығы аңғарылады. Мәселен, албар деген сөзге Досқараевтың сөздігінде қора (ашық қора) деп түсіндірілсе, Аманжоловтың сөздігінде ат қора (конюшня) делінген. Аяқкиіз – іргелік киіз, үйдің іргесіне ұстайтын, ішіне төсейтін киіз (Д.); тұскиіз (А.)¹. Зерен – зерлі аяқ (Д.); көздей, тостағанның ең кішкенесі (А.). Сарамдасу – танысу, білісу жөн сұрасу (Д.); шұрқырасу (А.) Сүгіт – сөгіс, ұрыс, сөгу, ұрысу (Д.); Өсек, ғайбат (А.), Аруана – жазы орнына қолданылатын, түйеге салатын нәрсе (Д.); қом, шом, жазы (А.) т.б.

Бірлі-жарым ұсақ-түйек кемшіліктері болғанымен, түптеп келгенде бұл екі сөздік қазақ диалектологиясын аяғынан тік тұрғызып, етек алып дамытуға үлкен үлес қосты. Онан кейін де жылма-жыл диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, қыруар материалдар жиналды. Солардың нәтижесінде бірсыпыра адамдар ғылыми диссертациялар

қорғап, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы деген дәрежеге ие болды. Сонымен қатар өңдеп, толықтырып, жаңа сөздік шығаратын да уақыт жетті. Солардың негізінде 1969 жылы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» жарық көрді. Мұнда бұрынды-соңды жиналып-терілген ауызекі сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді іріктеп екшей отырып, 6000-ға жуық сөздерді бір том етіп шығарған. Яғни бұл сөздік С.Аманжолов пен Ж.Досқараевтің сөздіктерінің негізінде жасалған. Сөздіктің жалпы құрылысымен құрылымды – реестрге алынған сөздерді түсіндіру принципі мен мысалдарды беру тәртібі жағынан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сүйенген. Бұл сөздікке негізінен өз республикамыздағы тіл ерекшеліктері енген болса, сонымен бірге Түрікмен, Орынбор, Қошағаш қазақтарының тіл ерекшеліктері де қамтылған. Ал өзге елдерде тұратын қазақтардың тіл ерекшеліктері күні бүгінге дейін жөнді зерттелінбегендіктен, аталған сөздіктен тиісті орын ала алмаған. Еңбекте тіліміздегі жергілікті сөз айырмашылықтарының басын қосып, салыстырып зерттеу арқылы, бірсыпыра сөздерге дұрыс талдау жасалған. Сонымен қатар кейбір олқылықтары да жоқ емес. Сөздікті жасаушылар сөздікке тек қана диалектизмдерге жататын сөздерді таңдап алудың орнына көп ретте таза әдеби тілдің сөздерін талғаусыз ендіре бергендігі байқалады. Мысалы: астау, атықтыру, әнтек, бапкер, баспа, баялыш, боздақ, буазу, булық, далда, дембе-дем, елі, жадағай, жарыс қазан, жасымық, жаужүрек, кәделеу, кергі, қазан ат, қодыра, қоз, мор, морлау, нәл, самал, оттық, сақпаншы, маймақ, саяқ, саумалау, собық, сулық, сарымсақ, қотару, қыдырмашы, қыршу, майқандау, айырма, алмалау, түйе табан, үреген түктеу, уық қап, ұрт, т.б. Сөз мағыналарын дәлеледеп түсіндіре алмаушылық та жиі кездеседі. Мәселен, Аржа деген сөзге жаңқа, жіңішке жұқа жәшік деп түсінік берген. Досқараевтың сөздігіндегі анықтаманы сөзбе-сөз көшіре салған. Бұған жұқа тақтайша, фанера деп анықтау жөн еді. Құмыр – суды көп ішетін ауру түрі. Дұрысында, әдеби тілдегі сусамыр деген синонимін ғана келтіру керек. Доқа деген сөзді де жарғақ деп түсіндірсе де болушы еді. Ч әрпінен басталатын вариантын келтірудің өзі жеткілікті. Сөздікте авторлар көп жағдайда оған синоним іздеп, берілген анықтаманы қиындатып алған.

Осындай азын-аулақ кемшіліктеріне қарамастан, бұл сөздік бүгінгі күндегі қазақ диалектизмдері жөніндегі бірден-бір жөні түзу анықтағыш болып есептеледі.

СИНОНИМДІК СӨЗДІКТЕР

Өз тіліндегі мәндес сөздерді жинақтап, жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі алдыңғы озық мәдениетті елдердің көбінде бар. Орыс халқы өз тіліндегі синонимдер сөздігін шығарумен екі ғасырдан астам уақыт бойы айналысып келе жатыр. Соның нәтижесінде үлкенді-кішілі әр алуан

сөздіктер жарық көрді. Бұлардың әрқайсысының құрлысы да, көлемі де, жасау принципі де түрліше, бір-бірінен өзгешелігі болды. Өнегелі халықтың осындай іс-тәжірибелерінен оқып үйрене отырып, біз де (Ә.Болғанбаев) 1962 жылы тұңғыш «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігін» шығардық. Бұған төрт мыңнан астам (1400 синонимдік қатар) сөз көрді. Сөздіктің соңында жұртшылықтың пайдалануына жеңілдік келтіру мақсатымен, екі түрлі көрсеткіш (алфавит көрсеткіші мен синонимдік қатарлардың көрсекіші) берілді.

Мәндес сөздер белгілі бір синонимдік қатарға топтастырылады. Белгілі бір ұғымның шегін ажырытпас бұрын, ең алдымен тілдегі әрбір сөздің өзіне тән мән-мағыналарын жете білу қажет. Сонымен қатар сол білгенінді дәлелдейтін түрлі әдебиеттен алынған нақты тілдік материалдар болуы керек. Әрбір синонимдік қатарға топтасқан сөздер кездейсоқ түрде емес, белгілі заңдылыққа негіздеп, қайсысы бұрын, қайсысы одан кейін, қайсысы ең соңында тұруы керектігін анықтау керек. Әсіресе синонимдік қатарға негіз болатын доминант (тірек) сөзді іріктеп шығару оп-оңай іс емес. Доминант (тірек) сөз мағына жағынан тиянақты, ашық-айқын, стильдік реңі жағынан бейтарап, сонымен бірге көп мағыналы емес, дара мағыналы сөз болуға тиіс. Бұлар синонимдік қатардың алдында тұрады, басқалары мағыналық жақындығына қарай, ілгері- кейінді бірінен кейін бірі тізіліп тұра береді. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы әр түрлі синонимдік қатарда жұмсалса, онда бір сөз неше мәртебе қолданылса, сонша рет сөздікке алынады. Мәселен, аталған сөздікте дүние деген сөз төрт түрлі сөзбен (әлем, өмір, жаратылыс, зат) синонимдік қатынасқа түскендіктен, төрт рет алынған.

Синонимдер сөздігін жасауға кіріспе бұрын оның мақсаты мен міндетін белгілеп алған жөн. Осыған орай оған ендірілетін сөздердің түрлері анықталды. Синонимдер сөздігі негізінен әдеби тілдің шеңберіндегі сөздерді қамтауға тиіс. Сонымен бірге өткен дәуірдің жұрнағы ретінде архаизмдер кіреді. Кәсіби сөздер мен кейбір диалектизмдер де алынады. Терминдердің де сан алуан стильдік-мағыналық мән беретін синонимге өте-мөте жақын жүргендері сөздікке ендіріледі. Мәселен, право деген орыс сөзі қазақтың ерік, қақы, құқы сөздерінің синонимдік қатарына кіріп, ғылыми стильден мықтап орын тепті. Сол сияқты образ – бейне, тұлға сөздерінің синонимдік қатарын, герой – кейіпкер, қаһарман сөздерінің синонимдік қатарын толықтырып, ерекше стильдік мәнде қолданылып жүргендіктен, бұларды да сөздікке ендірілдік. Әдетте, терминологияны жасаушылар, «синонимдер терминологияның жауы» деп теріс түсініп, оның біреуіне ғана жармасып, қалғандарынан қайтсе де құтылу әрекетін ойлап бағады. Іс жүзінде бұл әрекеттен түк шықпай, әрбір сөз күні жеткен кезде қайтадан тілге оралып отырады. Мұның басты себебі кейбір термин жасаушылар терминдердің де өзге сөздермен мағыналас, үйлес келіп, белгілі бір ұғымды жан-жақты

түсіндіру қабілетін жете түсіне алмағандықтан, дәрменсіздіктен туған деп ұғуға болады. «Синонимдер сөздігіне» синонимдік қарым-қатынаста жұмсалатын тілдегі фразеологизмдердің бәрі бірдей талғаусыз ене бермейді. Мәселен, айқын, анық деген ұғымда «бес енеден белгілі», «тайға таңба басқандай», «соқырға таяқ ұстатқандай» деген идиомдар айтылады. Күйреді деген ұғымда «тас-талқаны шықты», «күлі көкке ұшты», «аяғы аспаннан келді», «жермен жексен болды», «тамырына балта шабылды» деуге болады. Алайда бұлардың бірде-біреуі сөздікке кірмеді. Тек екі сөзден құралып, бір сөздің орнына жүретін ығыр болу, мезі болу, ысырап болу тәрізді некен-саяқ фразеологиялық тіркестер ғана ендіріледі.

Орыс тілінің синонимдер сөздігіне синонимдік қатардың құрамындағы әрбір сөздің мағынасы талданып, қолдану аясы мен стильдік қызметі түсіндірілген. «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігінде» бұл міндет түрлі заңды себептермен іс жүзінде атқарылмады. Бұл мәселенің түбегейлі шешілуі әрбір ұлт тілінің даму тарихымен тығыз байланысты. Әр халықтың жазба әдеби тілі неғұрлым ерте басталып, сол дәстүр үзілмей үнемі жалғаса берсе, сол тілдің әдеби тілі де, соншалықты сараланып, жүйеге түспек. Ал кешеуілдеп кенже дамыған әдеби тілдің олпы-солпы жағы, жүйесіздігі бірде болмаса, бірде байқала бермек.

Осы айтылғандардың алғашқысына орыс тілін, кейінгісіне қазақ тілін жатқызуымызға болады. Қазақ тіліндегі синонимдерді стильдік салаға жіктеп-бөлу жұмысының өте-мөте тапшылығынан тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей әлі күнге сараланып жетілмегендіктен, біз бұл міндетті кейінге қалдырдық. Сөздікте синоним қатарларының жүйеленген тізімі келтіріп, белгілі әдебиеттен солардың мағыналарын ашарлық бір-бір мысал алумен ғана шектелдік: **аласа, тапал, қысқа, кішкене, тәпелдек, мықыр, қортық, тырбық, жатаған, мақар.**

Ортасында аласа бойлы, ақырын сөйлейтін бір кісі бар (Әбдіқадыров). Менің астымда жортақылау, топал торы ат (Майлин). Аралық қылшық түбіттен ұзын, көбінесе қылшықтан қысқа келеді (Ермеков). Кішкене қара жігіт, бұл вагоншы Егентай (Ерубәев). Мойнымды қанша созып тырмысқанмен мына тәпелтек бойым терезеге жетер емес (Соқпақбаев) Бораштың мықыр саусақтары қайланың сабын бойлап, перне басқан домбырашының қолындай билеуде (Мұстафин). Бибажарды айттырып отырған Дүйсенбайдың баласы да Бибижарға тең емес, бір қортық көрінеді (Сейфуллин). Ботагөз қорған тастың текшелеген жіктеріне өскен тырбық қарағайлардың бірінен соң біріне жармасып төбесіне шықты (Мұқанов). Жатаған келген жарау аттар, сүліктей созылып, керіле құлаштап барады (Мүсірепов). Сатай аласа бойлы, дембелше мақарлау қара сұр жігіт (Сейфуллин).

Кез келген сөздік халқымыздың сөз байлығын жинақтап, жүйелеп беретін рухани қазына деп есептеледі. Сондықтан да олар бір емес, әлденеше рет жасалып өңделеді, толықтырылады, жетілдіріледі. Сөйтіп

халық игілігіне айналады. 1962 жылы жарық көрген «Синонимдер сөздігі» содан бергі кезеңде де үнемі толықтырылып келді. Соның нәтижесінде оның көлемі екі еседей артты. 1975 жылы «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» деген атпен бұл сөздік екінші рет басылады. Берілген баспа қағаздың (листаж) аздығынан, жиналған синонимдердің бәрі бірдей сөздіктен орын ала алмады. Тек бұрынды-соңды қолымызға түскен материалдардың таңдаулыларын іріктеп, 5000-нан астам синонимдерді қойылған талапқа сай ықшамдап бердік. Демек, бұл еңбек бұрынғы шыққан сөздіктің толығып кеңейген, өңделіп түзетілген, жақсарған жаңа варианты деп танылады. Мәселен, сөздіктің бірінші басылымында өлу деген сөздің синонимдік қатарында бар болғаны бес-ақ сөз кірген болса, соңғы басылымында 27 сөз енгендігі бұған айқын дәлел бола алады.

АБАЙ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Белгілі бір ақын-жазушының шығармаларының тіліне арналған сөздікті арнаулы сөздік деп атайды.

Әрбір ұлы жазушы өз заманның куәсы айнасы. Олар өздері өмір сүрген дәуірінің саяси-әлеуметтік және қоғамдық өміріне қалай болса солай, немқұрайды қарап отыра алмайды. Жақсысына сүйініп, жаманшылығы мен кемістігіне күйініп, өзінің әділ сын-бағасын айтып отырады. Ұлы ақын-жазушылар әртүрлі көркем образдар арқылы бүкіл бір заманның тарихы картинасын суреттеп, кейінгі ұрпақтың өмір-бақи есінен кетпейтіндей етіп көз алдына елестетеді. Олардың қалдырып кеткен асыл мұралары ешқашан ескірмейді, тозбайды, әрі мұқалмайды. Қайта жаңа заман идеясымен арқашан жаңғырып, құндылығы мен бағасы бұрынғыдан да арта береді. Дәл осындай ізгі қасиет Пушкин мен Абай тәрізді ұлы жазушылардың шығармаларына тән нәрсе. Орыстың ұлттық әдеби тілінің негізін салуда А.С.Пушкин қандай зор қызмет атқарған болса, қазақтың жаңа классикалық жазба әдеби тілінің іргетасын қалауда кемеңгер Абай да сондай ұлы еңбек сіңірген. Орыс халқы өзінің сүйікті перзенті, данышпан ақыны А.С.Пушкин шығармаларының төрт томдық сөздігін (I том – 1956, II – 1958, III – 1959, IV – 1961) жасап жарыққа шығарған болатын. Бұл сөздік орыстың ұлттық әдебиетінің тарихи жөнінде, әсіресе оның лексикасының өткен тарихы бойынша өте маңызды рухани құрал деп есептеледі.

Біз де өнегелі орыс халқының ізгі бастамасының тәжірибе алып, оқып үйрене отырып, қазақ халқының дана ақыны Абай Құнанбаев шығармаларының сөздігін жасауға Тіл білімі институтының бір топ қызметкерлері 1962 жылдан бастап кірісті. Бұл еңбек 80 баспа табақ көлемінде Қазақ ССР Ғылым академиясының «Ғылым» баспасынан 1968 жылы жарық көрді.

Жеке ақын-жазушылар шығармаларының сөздігін жасау тәжірибесі жалғыз қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдерінің бұрынды-соңды даму тарихында ешбір жасалып көрмеген нәрсе. Мұның бар қиындығы мен өзінше жаңалығы да осында деп түсінуімізге болады.

«Абай сөздігін жасаудың мақсаты мен маңызы неде?» - деп жалпы сұрау қоюға болады. Ұлы ақын қараңғылық пен зорлық-зомбылық үстемдік еткен рушылдық пен жікшілдікке негізделген феодалдық дәуірде тіршілік еткендігіне қарамастан, ол өз ортасынан үздік шығып, халқына, кейінгі ұрпаққа «өлмейтұғын өнегелі сөз қалдырды». Абай надандықпен күрестің ең өткір құралы – тіл деп түсінді. Сондықтан ол «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деген болатын-ды.

Ұлы ақынның саяси-әлеуметтік көзқарасы, демократтық идеясы мен абзал мақсаты шығармасының бүтін өн бойынан тіл ұстартуынан айқын сезіліп тұрады. Кеменгер ақын адамзат қоғамындағы тілдің атқаратын қызметі мен мәнін, онын халыққа тигізетін ықпалының өте күшті екендігін жақсы түсінген. Сондықтан да Абай қазақ тіліндегі мәнсіз, басы артық қосалқы сөздерден поэзияны тазарта отырып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жағымды сөздердің неше алуан үлгісін тапты, өнегесін көрсетті.

Ол үшін ұлы ақын қазақтың байырға тума төл сөздердің өңдеп-түзеп, ұқсатып, жаңа мазмұн беріп, әр түрлі кәдесіне жарата білді. Мәселен, талаптың тұлпары, көңіл құсы, тентек өмір, жабырқанқы сөз, тіл ұстарту, т.б. теңеу сөздерді Абайдың қазақтың төл сөздерін жаңартып, жаңадан сөз жасағандығының айғағы деп қарау керек. Ұлы ақын қазақтың ауызекі сөйлеу тілінің, ауыз әдебиеті тілі мен жазба әдебиет тілін сарқа пайдалана отырып, қазақтың болашақ ұлттық әдеби тіліне жөн – бағыт сілтеп, сара жол салды. Қазақ тілінің барлық сөздік қорын лексика-фразеологиялық байлығын, мақал-мәтелдері мейлінше емін-еркін, керегінше, әрі шебер түрде пайдалана отырып, жетпегенін араб, парсы және орыс тілдерінен алып толықтырды да кәдесіне жарата білді. Абай шығармаларында кездескен сөз байлығының барлығы да түгелдей сөздікке ендірілді. Мұнымен қоса ақынның өзі қолданған жалқы есімдер, кісі аттары мен жер-су атаулары халық пен ру аттары да қоса қамтылды. Шығарманың текстінде кездеспеген, тек белгілі бір өленнің тақырыбына алынған кісі аттары, мәселен, Әсет, Көжекбай, Баймағамбет, Күлембай сияқты есімдер сөздікке жеке реестр болып алынбады.

Абай шығармасында қолданылған араб, парсы және орыс сөздері негізінен екі салаға бөлініп қаралды. Оның бірінші түрі қазақ тілінің лексикасына біржола еніп тіліміздегі төл сөздердей етене болып кеткен жалпы халыққа таныс сөздер. Ал екінші – Абай шығармаларында ғана ұшырасатын, барақ қазақ тілінің сөөдік құрамынан белгілі орын таба алмаған бейтаныс, бөгде сөздер. Бұлардың тізімі алфавит тәртібімен қосымша ретінде сөздіктің соңынан көрсетілді. Абай – халық тілінің байда

нәрлі құнарын тек шебер пайдаланушы ғана емес, өзі де неше алуан жаңа сөздер, жаңа мағыналар тудырып отырған жаушы. Ақынның шабытты сәтті шақтарында ұшқыр қаламынан туған мақал-мәтелдердегі бергісіз толық жатқан қанатты нақлия сөздері бар. Ақын өз шығармасында жай қарапайым сөзге жан бітіріп, неше қилы қозғалысқа түсірді. Сонымен қатар кемеңгер ақын тілдегі сан қилы тропалық тәсілдерді, аллегория мен шендестіруді, сарказммен иронияны, эпитет пен теңдеуді әр түрлі ойналықпен құбылтып отырған. Әсіресе метафораны кең түрде еркін пайдаланған. Мысалы: «Сөзімде жаз бар шыбынсыз» дегендегі жаз деген сөз. «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» дегендегі жайлау сөзі, «Қажыды көңілім көп шауып» дегенде шабу сөзі, «Қараңғы, саңырау ойды қайғы жеңген» дегенге саңырау деген сөз «үміттің аты еліріп», дегенде ат сөзі Абайдың өзіндік метафоралық сөз қолданыстарына жатады. Ақынның сөздігінде мұндай контекстік мағыналарға «ақын бұл жерде мағынада қолданып отыр» деп кең түсінік берілді. Сөздің белгілі бір контекстегі бейнелі мағынасы сөздің эстетикалық мағынасы деп аталады. Мұндай мағыналарды саралау міндетін жеке айқан-жазушы тіліне арналған арнайы сөздік қана атқара алынады.

Абай сөздігін жасау мақсаты ұлы ақын өз шығармаларын жазуда қанша сөз және оларды қандай мағынада қолданғандығының бетін ашу екендігі даусыз. Сөздікте осы мақсат біршама нақтылы жүзеге асты деп ойлаймыз. Абай шығармаларында алты мыңға жуық жеке-дара өз сөз қолданғандығы анықталды. Бұл еңбек ұлы ақынның асыл мұрасындағы «іші алтын сырты күміс сөз жақсысын» терең білгісі, үйренгісі келген барлық қазақ қауымына пайдалы жұмыс пен ұғамыз. Абай сөздігі қазақ тілінің өткені мен қазіргісін салыстыра отырып тексерген жеке зерттеу еңбек болмағанымен, салыстырып зерттеу үшін сұрыпталып тексерілген, белгілі жүйеге түскен бір дәуірдің дайын материалы деп есептеледі.

Сонымен қатар кемеңгер ақынның қаламынан туған шығармалар тіліне тән өзіндік ерекшеліктерді Абайдан бұрынғы-соңды қазақтың өзге ақын жазушыларының тілімен салыстыра отырып даралап бөліп көрсету үшін деп өте бағлаы еңбек деп танылады. «Абай тілі сөздігі» ақын шығармаларындағы сөздердің анықтағышы әрі оның жиілік сөздігі болғандықтан, реестрге алынған сөздер кейін оның нешелік қоданылғандығы (саны) көрсетілді. Бір сөз қанша мағынада жұмсалса, сонша рет анықтама берілді. Алдымен ең негізі (заттық) мағынасы, онан кейін қосымша және өзіндік сөз қолданысы көрсетілді. Соңынан белгі қойылып, тұрақты сөз тіркестерін келтірілді. Әр бір мағына мен сөз тіркесінен берілген анықтамадан кейін оның неше рет қайталанғандығы жақшаның ішінде саны көрсетілген.

Сөз Абайдан қандай грамматикалық формаларда қолданылғандығын көрсету үшін сөздік мақалының ең соңынан • белгі қойылды да содан кейін олар бірінен соң бірі тізіліп, қандай грамматикалық форма қай томда,

кітаптың қай бетінде кездесетіндігі көрсетілді. Грамматикалық формалар қазақ тіл біліміндегі қалыптасқан жүйеге негізделіп құрылды.

ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдігі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Тілдің даму барысында сөздер тұр-тұрпаты мен мән-мағынасы жағынан қандайлық өзгерістерге ұшарғандығы айқындалады. Яғни сөздің о бастағы түрі мен мәнін туыстас тілдердің материалдарымен салыстыра отырып ашып, қазіргі қалпына жету үшін қандай даму процестерін өткендігі көрсетіледі. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» 1966 жылы жарық корді. Мұнда 333 сөздің арғы түп-төркіні, ең алғашқы мағынасы түсіндірілген. Шығу тегі шет тілдік сөздердің қай тілден ауысқандығы, қандай формада айтылғандығы көрсетілген. Мәселен, кателаж деген орыс сөзі өзгере келе каталажка, ал қазақ тілінде әуелі каталашка, одан кейін кәтелешке болып кеткендігі түсіндірілген.

Сөздікте реестрге алынған сөзден кейін әдеби шығармалардың түрлі нұсқаларын мысалдар келтірілген. Сонымен қатар біраз сөздерге түсініктеме беріліп отырған. Сөздік мақалаларда әр автордың берген талдауларынан басқа, жеке сөздің этимологиясы жайында бұрынды соңды айтылған зерттеушілердің өзіндік пікірлері қоса қамтылған. Сөздіктен бірнеше мақалаларды келтірейік:

Артель. Содан кейін артель ұйымдасты да, мен мүшесінің біреуі болып кірдім.(С.Мұқанов). Бұл сөз тілімізге орыс тілінен енгенмен, оның төркіні түркі тілдерімен байланысты. А.Г.Преображевский, Н.В.Горяевтардың талдауы бойынша, артель сөзі татар тіліндегі ортақ және ел деген дербессөздерден құралып, «бірлестік, ортақтық» деген мағынаны білдіретін болған. Басқалардың айтуына қарағанда, артель сөзінің түбірі түркі тілдеріндегі орта, орталай, деген сөздермен байланысты. Сөйтіп, кезінде түркі тілдерінен орыс тіліне кірме сөз ретінде енген артель сөзі қазір өзгерілген түрінде, жаңа мағынада түркі тілдеріне кері ауысып, қолданылып жүр. (Н.Қ.)

Барымта. Мұндай даудың арты әдетте барымтаға соғады (С.Мұқанов). Кейбір тілдердің фактілері бізді бұл сөздің этимологиясын ашуға жақындата түседі: туваша-баоымдаа-1) негіз; 2) себеп. Монғолша-баримт 1) негіз, дәлел, себеп, аргумент; 2) факт, жағдай; 3) есеп. Тіліміздегі барымта зат есімінің шығу төркіні «себеп, негіз дәлел, есеп» мағыналарына келіп ұштасады, өйткені барымта себепсіз, негізсіз, дәлелсіз болмайды. Біздіңше, түркі тілдеріндегі барымта сөзі монғолдың «негіз, факті, себеп, дәлел» мағынасындағы бармит сөзінен шыққан болуы керек. Баримт түркі тілдерінің артикуляциялық базасына сай барымта болып өзгерген және оның мағынасында абстрактылану пайда болған

тәрізді. Барымта сөзінен барымта сөзінен барымталасу сияқты туынды етістіктер жасалған.(Ж.Б.)

Монша. Біз шақтадан қас қарая шығып едік, моншаға түсіп шыққанымызша түн болып кетті (Ә.Әбішев). Монша сөзі орыс тілінің мыться деген сөзінен ауысып, татар тіліне мунча (Радлов. Опыт сл. I-IV.) болыпкетіпті. Қазақ тілінің фонетикалықерекшеліктеріне сай мунча сөзі монша болып өзгерген. Ұ дыбысы о-ға, ч дыбысы ш-ға ауысқан. Сөйтіп, монша қазақ тіліне көршілес татар тілі арқылы орыс тілінен ауысқан сөз(Б.С.)

Этимологиялық сөздік – білім салаларының өзара ұштасып қабасуынан талап ететін өте жауапты да қиын жұмыс. Ол туған халқымыздың ежелгі тарихын емін-еркін білумен қатар тарихы фонетиканы, грамматиканы, лексиканы да жете білуді талап етеді. Аталған сөздікті жасауда мақсат сөз төркінін іздеушілерге ой салып; бақыт-бағдар сілтеу екендігі даусыз.

Тіліміздегі түбір тұлғасы әзірге онша мәлім емес сөздердің этимологиясын онан әрі жан-жақты анықтап, толық сөздік шығару – болашақта атқарылатын іс.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

Фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан тұрақты сөз тіркестерді жинақтап, соларға кең түсінік береді. Біздің тіліміз фразеологияға соншалықты бай. Бұлар аз сөзбен көп ойды жеткізу үшін айрықша қызмет атқарады. Көркем образ жасауда да бұлардың алатын орны ерекше. Мәдениеті қарыштап дамыған елдердің көпшілігінде фразеологиялық сөздіктер бар. Қазақ тілінің тұңғыш фразеологиялық сөздігі 1977 жылы академик І.Кенесбаевтың авторлығымен жарыққа шықты. Сөздікте тіліміздегі он мыңнан астам фразеологиялық единицаларды қамтаған. Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы көрсетілген. Қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша, жинақталған. Кей жағдайда жекелеген фразеологизмдердің тууы мен жасалуы да сөз болады.

Сөздікке негіз болған Тіл білімі институтындағы жиналған үш миллионнан астам картотека қорындағы қыруар материалдар екедігі сөзсіз. Сонымен қатар автордың ұзақ жылдар бойы ел ішінде болып, солардан тірнектеп жинаған материалдарында молынан пайдаланған. «Сөздіктің құрылысымен жасалу тәсілдері» атты кіріспе мақалада сөздіктің құрылым-құрылысы мен жасалу принциптері жайында кең түсінік берілген. Мүнің өзі сөздікті пайдаланушы адамдарға үлкен себін тигізетіндігі даусыз. Кітапқа сөздік материалдарымен қоса «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» деген көлемді теориялық мақала да ендірілген. Сонымен бірге «ен-таңба туралы», «ай санау дәстүрлері туралы», «жыл

қайыру жайлы» атты үш түрлі қосымша материалдар да бар. Сөздіктің соңынан «Шартты қысқартулар» тізімі мен индекс ретінде «Сөз тізбе» берілген. Демек, сөздікті жасап шығаруға автор көп еңбек сіңіргендігі байқалып тұр.

Сөздіктің жетістігімен қатар кем-кетік, кемшіліктері де жоқ емес.

Сөздіктің құрылымы мен құрылысын, жасалу принципін таныстыру, көрсету мақсатымен оқушы қауымға сөздіктен бірнеше мысалдар келтірейік.

Бас иді. 1. Разылық білдірді, Көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. Өнші әнін аяқтап, валдағыларға бас иді.(Қ.Ж.) 2. Мойынсұнды, көнді, алдына тізе бүкті, бағынды. Бірлігі бар, арманыбар, ойы бар. Бұл - Корея бас иетін ел емес. (Ж.С.) Өрісі қатты тарылды. Ел қорғайтын ерлердің, Аяғына барып бас иіп, Алдияр деп жалынды (Жамбыл).

Бір сөзді. Екі айтпайтын, айтқанын бұлжытпай орындайтын. Жайнақұлы Баймағамбет елдің кісісі, кедей. Оншақты ауыз сөзді орысша білетін, оқымаған қажырлы бір сөзді, пысық адам (С.С.).

Қол тума. 1. Өз қолында өскен, асыранды. Бұл түйе – колхоздың өсірген қол тумасы (АТ). 2. Өз Қолымен орнатқан, жасаған. Қилы да қилы заманнан, Қиуа, қиын шамадан, Елестен өрге өзгеріс Октябрь біздің қол тума (І.Ж.). Күн атасының бұл қол тумасы да тыңдаушыларын бір серпілтіп тастады (Қ.Қ.).

Орған қолдай. Мынау деген мықты, жарымды. Сонымен, Құнанбай жүріп кетті. Көлігін, жылы шанасын, жол азығын, қос аттарын шетінен орған қолдай қып сайлап алды (М.Ә.). Орған қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр (Б.М.).

Ақ түйенің қарны жарылды. Қарық боп қалды; ит басына іркіт төгілді. (Ішкені алдында, ішпегені артында болып, молшылыққа еен.) Сол күннен бастап Итбай аулында ақ түйенің қарны жарылды (С.М.). Тіпті көнбей жатса, «Шырағым-ау, Баймұқаным келіп, ақ түйенің қарны жарылып жатқанда, дастарқанымның бедерін көрмей кетесін бе?» - деп, өкпе айтады (Л.Ж.).

ОРФОЭПИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Сауаттылық сөздерді белгілі ережелерге сәйкес дұрыс жазумен ғана көрінбейді, оларды дұрыс айтып, дұрыс оқумен де бағаланады. Өйткені сөз біткеннің бәрі бірдей қалай жазылса, солай оқыла бермейді, көн ретте оларды қалыптасқан орфоэпиялық жүйеге келтіріп сөйлеуді талап етеді. Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасын қалыптасуына негіз болған оның бай ауыз әдебиеті екендігі сөзсіз. Бүгінгі әдеби тілдің айтылу нормасы сахна өнерінде, мектептерде, біреумен біреу ауызекі сөйлеген сөзде, күнделікті радио мен телевизия хабарларында, сонымен қатар көпшілікке оқылатын лекцияларға айқын байқалады. Сөздің қалай

жазылуы мен қалай айтылуы бір-біріне ікпал етіп отырады. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі болады. Сөзді сөйлегенде сөйлеу тілінің қалыптасқан жүйесіне салып айтпаса, таңдаушыға онша әсер етпейді, оны ешқандай қызықтырмайды. Мәселен, өлім аузынан қалды дегенді өлүм аузынан ғалды деп, өгіз аяң дегенді өгүз аяң, өзен бойыдегенді өзем бойұ, өкіл күйеу дегенді өкүл гүйөу, өкпесі өшу дегенді өкпесі өшүү, өкінбеу дегенді өкүмбеу деп айтпаса, сөйлеу тілінің қалыпты нормасы бұзылар еді. Сол сияқты, көз жұму, көз көрген, көз сүйек, көз тию, көз тою, көз шұқу, ақ жүрек, ақ изен, ала көңіл тәрізді тұрақты тіркестерді көжжұмуу, көз көрген, көс сүйек, көз тйу, көз тойуу, көш шұқуу, ағ жүрөк, ағййзен, алагөнүл дегенде ғана құлаққа жағымды тиеді.

Демек, сөздерді сауатты жазумен қатар сауатты айта да білу қажеттілігі келіп туады. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу нормалары көрсететін практикалық құрал ретінде Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» 1977 жылы жарық көрді. Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен тіркестері енген. Автор емле ережесі бойынша жазылған сөздерді қалыптасқан әдеби тіл орфоэпиясы нормасына сәйкесті оқу, айтуды негізгі принцип етіп ұстаған. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу заңдылықтары үндестік заңдылықтарына негізделетіндігі айтылған. Яғни сөйлеу процесінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның, буын мен буынның аралығында болатын құбылыстар сөздікке арқау болған.

Сөздікке жазылуы мен айтылуы арасында айрмашылығы бар деген түбір мен туынды сөздер, сөз тіркестері мен қосымша жалғағанда өзгеріске тұлғалар алынған.

Сөздер екі қатарға тізілген. Бірінші қатарға қазақ әдеби тілінің емле-ережесі бойынша жазылуы, екіншісінде әдеби норма бойынша жазылуы, екіншісінде әдеби норма бойынша айтылуы көрсетілген. Мысалы:

азық-түлік	азық-түлүк
ала-құла	ала-ғұла
алма-кезек	алма-гезек
әкетай-көкетай	әкетай-гөгөтай
бозғылттану	боөғұлттану
бөленту	бөлөнту
вагонға	вагонға
горнға	горңға
дүрбелең	дүрбөлең
дүрсе қоя берді	дүрса ғоя берді
егіс жер	егіш шер
жұлысу	жұлұсу
құнсыз	құнсұз

1981 жылы М.Дүйсебааваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» басылып шықты. Бұған күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын бес мыңға жуық сөздер қамтылған.

Аталған сөздіктің бір ерекшелігі мұнда сөз басында келетін **о, ө** дыбыстарының алдынан **у** (уолжа, уөрнек), **е** дыбысының алдынан **и** (иегіз, иекі), **р, л** дыбыстарының алдынан **ы, і** (ырабайсыз, ылаж, іләззат) дыбыстарының бірі қосылып айтылатындығы жақша ішіне алынып берілген. Мұның өзі алдыңғы шыққан сөздікті жаңартып толықтыра түскендігін көрсетеді.

Автор бұл еңбегінде сөйлеген кезде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы іргелес, шектес (көршілес) дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, үндесу заңдылықтары: қатаң дыбыстардың ұяндануы, езулік дыбыстардың еріндікке айналуы, жіктік жалғауының ықшамдалып айтылуы, қатар келген дауысты дыбыстардың сусып түсіп қалуы, ортаңғы буындағы қысың дыбыстардың (**ы, і**) айтылмай қалуы сияқты заңдылықтарды жүйелеп дәлелдей түскен. Айта кететін бір жайт қазақ тілінің орфоэпиясын зерттеушілері орыс тілі арқылы енген қыруар кірме сөздердің жазылуы мен айтылуы бәрі нақ орыс тіліндегідей деп бір жақты пікір айтып жүр. Тереңірек үңіле қарасақ, бұлардың ішінде де өзгеріп айтылатындары табылатындығы сөзсіз. Мәселен, көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» әгент, әдіріс, әдиял, әптек, бөшке, нөмір, учаске, кәнки, кәмпеске, калөш, кәрәсін, кәртішке, кінәз тәрізді қыруар орыс сөздерінің сөйлеу тіліндегі варианттары қоса қамтылып берілуі бұл айтылғандарға толық айғақ болады. Олай болса, кірме сөздердің орфоэпиясы әлі күнге ғылыми тұрғыдан терең зерттелмегендігін дәлелдейді.

Осы аталғандардан басқа Қазақстанның жер-су атаулары мен кісі аттарың қысқаша сөздіктері (алғашқысы орысша, соңғысы екі тілде) басылып шықты. Сол сияқты Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі (1970), Куманша-қазақша жиілік сөздік, (1978), М.Әуезовтың «Абай жолы» романының жиілік сөздігі (1979), Қазақ тексінің статистикасы (1973) атты сөздіктер де жарық көрді. Өскелең өмір талабына сай әлі де сан қилы лингвистикалық сөздіктер жасала бермек.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Сөздердің орфографиялық ережелеріне сай дұрыс жазылуы көрсететін сөздік орфографиялық сөздік деп аталады. Қазақ тілінің емле ережелері 20 ғасырда Кеңес дәуірінде туып қалыптасты. Олар дүркін-дүркін өзгеріп жаңарып отырды. Соған орай әр кезде ірілі-уақты «Орфографиялық сөздіктер» жарық көрді. Алғашқы сөздіктер негізінен мектеп деңгейінен аса алмады. Неғұрлым көлемді «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» 1963 ж. жарық көрді, одан кейін толықтырылып,

өңделіп, 1978, 1988, 2001 жж. Басылып шықты, соңғысына 50 000 сөз кірген.

2005 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» өңделіп, толықтырылып 5-басылымы (53 000 қамтиды, жауапты редакторы Р.Сыздық) жарық көрді. Сөздікте соңғы 10-15 жыл ішінде тілімізде болып жатқан өзгеріс-жаңалықтарға сай, бұрын сөзтізбеге енбеген сөздер мен тіркестер, бірқатар ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминдер қосылған. Мысалы, кірме сөздердің қазақша баламалары: әдістеме, әуежай, дәйексөз, зейнетақы, медбике, қазанама, т.б.; жаңа ұғымдарды атайтын жаңа сөздер: оқылым, ауысым, егемендік, оралман, тұсаукесер, түржинақ, ақуыз, мойынтақ (галстук), әлеует (потенциал) т.б.; белгілі бір терминдердің бағалауыштық мәнді стильдік сыңарлары: Президент – Елбасы, гимн – әнұран, астана – елорда, т.б. сөздікке енгізілген.

Қазір қолданыстан шығып бара жатқан кірме сөздер мен жазылуы орыс тілдеріндегідей, күнделікті тәжірибеде жиі қолданылмайтын кейбір интернационалдық терминдер сөздікке енгізілмеген. Мысалы: аберрация, адуляр, индиго, билабиал, изоглосса т.б.

Жазуда қмиындық келтіріп жүрген бірге және бөлек жазылатын сөздер айқындалып, ретке келтірілген. Екі сөзден тұратын аң-құс, құрт-құмырса, өсімдік атаулары сөздікке біріккен сөздер ретінде енгізілген. Мысалы, таскене, майсораң, т.б.

Бұрын бөлек жазылып келген бірқатар тіркес біріккен сөздер ретінде берілген. Мысалы: қансонар, қолбала, т.б.; жаңа ұғымды білдіретін: ойтүрткі, кестежіп, бормәшине, ауызүй, т.б.

Терминдік мәні бар сөз тіркестері: қаназдық, аққандылық, ұлтжандылық, жалпыэкономикалық, алакөздену, т.б.; құрал-жабдықтардың қазақша техникалық атаулары: әуетозандатқыш, дәнсепкіш, жылуартқыш, бензоқұйғыш, т.б.; бейнелі тіркестер ақкөңіл, ержүрек, кеңпейілді, ақжүрек, т.б. біріктіріліп берілген.

Сөйтіп, жаңа орфографиялық сөздіктің сөзтізбесі көптеген жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен толықтырылған, бірге және бөлек жазылатын сөздерді ретке келтіруде айтарлықтай жаңалықтары бар көпшілік қауымға пайдалы құрал болып шыққан.

Р.Сыздықтың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышы» 1960, 1974 және 2000 ж. басылып шықты. Бұл еңбектің баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін елеулі мәні болды.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Сөздік түрлерін зерттеуде қай ғалымдардың еңбегі сінді?
2. Қазақ тілінің өзге тілдермен салыстырылып жасалған сөздіктерін атаңыз?

3. С.Арзымбетовтың терминологиялық сөздігі қашан, қандай атпен жарық көрді?
4. Орфографиялық сөздіктің мақсаты?
5. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» ең алғаш қай жылы басылды?
6. 1959 жылы шыққан «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінің» авторы кім?
7. Қазақ тіліндегі синонимдік сөздіктердің маңызы?
8. Арнаулы сөздік дегеніміз не?
9. Белгілі бір тілдігі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайтын сөздік қалай аталады?
10. Орфографиялық сөздік пен орфоэпиялық сөздіктің айырмашылығы?
11. Жалпы сөздіктердің қоғам өміріндегі орны қандай?

Әдебиеттер: Н.ә: 1, 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 1-21.

СЕМИНАРЛАР

Семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау:

Семинар тақырыптары, онда қарастырылатын сұрақтар тіл білімінің өзекті теориялық және методологиялық мәселелерін кеңінен қамтиды. Студенттің білімді өз бетімен алуға ұмтылушылығын, ізденімпаздық қабілетін арттыру мақсат етіледі. Студенттен әр семинардың берілген сұрақтарына тыңғылықты әзірленуі талап етіледі. Ол үшін студент көрсетілген әдебиеттер бойынша әрбір сұрақтың мәнін ашатындай конспект әзірлеуі қажет. Бұл біріншіден, білімінің жүйелілігін, үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, өздік жұмысты орындау, коллоквиум, кезеңдік және қорытынды бақылауға дайындалу барысында пайдасы зор. Семинардың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегіндегі өз ойыңыз қандай, соны дәйектеніңіз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз. Келесі семинарларда алдыңғы өткен сабақтарда дайындаған материалдарыңызды, алған біліміңізді дұрыс пайдалана біліп, жаңа тақырыппен байланыстырып отырыңыз.

1-семинар. Тақырыбы: Қазақ тілінің салалары, олардың өзара байланыстылығы.

Сабақтың мақсаты: Лексиканың тіл білімі саласындағы орнын көрсету. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы сипаттамасын түсіндіру. Лексикологияның ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу. Жалпы лексикология жайлы түсінік беру.

Сабақ жоспары:

1. Қазақ тіл білімінің зерттеу тарихына шолу жасау.
2. Лексикологияның мақсаты мен зерттеу нысанын атау.
3. Сөздің лексикалық бірлік ретіндегі ерекшелігін көрсету.
4. Сөз және ұғымның ара қатынасын анықтау.
5. Сөздің лексикалық мағынасының типтерін көрсету.
6. Лексикологияның өзге салалармен байланысын анықтау.
7. Лексикологияны зерттеген ғалымдар.

Әдістемелік нұсқау: Студенттерге дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса лексикологияның теориялық сипаттамасын толықтырып жазғызу. Лексикология пәнінің арнаулы ғылыми пән екендігіне оның іштей жекелеген салаларына талдау жасату арқылы көз жеткізу. Лексикологияның өзге салалармен байланысын қарастырып, өзіндік ерекшеліктерін және жеке мәселелерін ажыратқызу. Сөздік құрамға байланысты лексикологияның қарастыратыны: тілдің

негізгі бірлігі ретінде көрінетін сөз мәселесі, лексикалық бірліктердің типтері, сөздік құрамның құрылымдық сипаты, лексикалық бірліктердің функциялық қызметі, сөздік құрамның толығы, даму жолдары, лексиканың тілден тыс шындық өмірге қатысы, тілдің басқа салаларына сөздік құрамның қарым-қатынасы туралы толықтырып жазғызу.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

2-семинар. Тақырыбы: Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы.

Сабақтың мақсаты: Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына айырмашылығын түсіндіру. Мағына категориясына тоқталып, түсінік беру. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына айырмашылығы жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Сөздің лексикалық мағынасы.
2. Сөздің грамматикалық мағынасы.
3. Мағына категориясы жайлы түсінік.
4. Сөздің тіл білімі ғылымындағы орны, зерттелуі, тіл білімі тұрғысынан бағалану тарихы.

Әдістемелік нұсқау: Сөз туралы әр түрлі пікір-таластарды жіктеу. Сөз – тілдің ең маңызды, ең басты категориясы екенінен түсінік беру. Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын ажыратып, анықтап, мысалдар арқылы дәлелдету. Тақырыпқа қатысты ой-пікірлерді талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 22, 27, 32, 33, 44,50.

Қ.ә: 22, 26, 27, 29, 31, 32, 34.

3-семинар. Тақырыбы: Сөз мағынасының ауысу себептері.

Сабақтың мақсаты: Сөз мағыналарының ауысуы жөнінде мәлімет беру. Сөз мағыналарының түрлерімен таныстыру. Сөздің тура және ауыс мағыналары, синтаксистік шартты мағына мен фразеологиялық байлаулы мағыналар жайында түсінік беру, ажырата білу. Метафора түрлеріне тоқталу. Сөз мағыналарының ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу. Жалпы сөз мағыналары жайлы түсінік беру.

Сабақ жоспары:

1. Сөздің тура мағынасы.
2. Сөздің ауыспалы мағынасы.
3. Фразеологиялық байлаулы мағына.
4. Синтаксистік шартты мағына.
5. Сөз мағынасының ауысу себептері.

Әдістемелік нұсқау: Сөз мағыналарының айырмашылықтарын

ажыратқызып, олардың өзіндік сипаттарын, қасиеттерін талдату. Студенттерге дәрісте қарастырылған мәселелерге қоса сөз мағыналарының сипаттамасын толықтырып жазғызу. Сөз мағыналарына әр түрлі мысалдар жазғызып, талдатып, тексеру.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 41, 46.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

4-семинар. Тақырыбы: Сөз мағынасының даму жолдары.

Сабақтың мақсаты: Сөз мағынасының даму жолдары мен сөздің көп мағынасы туралы түсінік беру. Сөз мағынасының өзгеру себептерін қарастыру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Сөз мағынасының даму жолдарын көрсету.
2. Сөз мағынасының кеңеюі және тарылуы.
3. Метонимия, метафора, синекдоха құбылыстарының тілдік табиғатына сипаттама беру.
4. Полисемия мағынасы.
5. Полисемия мен омонимия құбылыстарының өзара байланысы және айырмашылықтары көрсету.
6. Көп мағыналы сөздер.
7. Көп мағыналы сөздердің тілдік тұрғыдан зерттелу тарихы.
8. Көп мағыналы сөздердің туындау себептері.
9. Көп мағыналы сөздердің омонимдермен сабақтастығы.
10. Көркем шығармада кездесетін көп мағыналы сөздерге мысал.
11. көп мағыналы сөздердің бүгінгі күнгі оқытылу жайы.

Әдістемелік нұсқау: Көп мағыналы сөздер мен олардың туындау себептері жайлы түсініктерді бекіту. Омонимдермен ұқсастық айырмашылығын, ерекшеліктерін мысалдармен дәлелдету. Дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса көп мағыналы сөздердің сипаттамасын толықтырып жазғызу. Полисемияның басқа тілдік құбылыстармен байланысын анықтап, талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

5-семинар. Тақырыбы: Синоним және антоним сөздер.

Сабақтың мақсаты: Синоним құбылысымен таныстыру. Антоним құбылысымен таныстыру. Синонимдердің жасалу жолдарын, синонимдік қатар мен доминанттарға түсінік беру. Олардың тіл білімі саласындағы орнын көрсету.

Сабақ жоспары: Олардың стиль түрлеріне қатысын анықтау. Сөз варианттары және нормалану құбылысы ара қатынасын ашу.

1. Синоним сөздер мағынасы.
2. Синоним сөздердің тілдік табиғаты.

3. Синонимдік қатар немесе синонимдік ұя дегенге түсінік беріп, мысалдармен дәлелдеу.
4. Доминант синонимдер мағынасы.
5. Синонимдер мен антонимдердің түрлерін көрсету.
6. Антоним сөздердің мағынасы.
7. Олардың тілдік сипаттамасы.
8. Антонимдер мен болымсыздық категориясының ара қатынасы және айырмашылығы.
9. Антономазия құбылысына мысалдар келтіріп, талдау жасау.

Әдістемелік нұсқау: Синоним сөздер мен антоним сөздер туралы түсініктерін кеңейту. Теориялық білімді жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, практикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

Әдебиеттер: Н.ә: 12, 13, 14, 31, 39, 43, 49.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

6-семинар. Тақырыбы: Эвфемизм және дисфемизм.

Сабақтың мақсаты: Эвфемизм және дисфемизм сөздер туралы түсінік беру. Эвфемизм мен дисфемизм сөздердің айырмашылығын түсіндіру. Тақырып жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Эвфемизм мағынасы.
2. Эвфемизмдердің ұлттық дүниетаныммен байланысы.
3. Дисфемизм мағынасы.
4. Дисфемизмдердің қолданылу аясы.
5. Эвфемизм, дисфемизмдерді этнолингвистика тұрғысынан қарау.
6. Олардың мифтік санамен байланысын, салт-дәстүрге қатысын көрсету.
7. Какофемизм мағынасы және оларға мысал келтіріп, талдау жасау.

Әдістемелік нұсқау: Эвфемизм және дисфемизм сөздерге түсінік беру. Эвфемизм және дисфемизм сөздер туралы әр түрлі пікір-таластарды жіктеп, қолданылу аясын түсіндіру. Эвфемизм мен дисфемизм сөздердің мағынасын ажыратып, анықтап, мысалдар арқылы дәлелдету. Тақырыпқа қатысты ой-пікірлерді талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

7-семинар. Тақырыбы: Сөздік құрам мен негізгі сөздік қор.

Сабақтың мақсаты: Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры жайында түсінік беру. Сөздік құрам мен сөздік қордың ара қатынасын түсіндіру. Сөздік құрам мен негізгі сөздік қордың ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу.

Сабақ жоспары:

1. Қазақ тілінің сөздік құрамы.
2. Негізгі сөздік қор.
3. Сөздік құрам мен сөздік қорға тән белгілер.
4. Олардың даму жолдары және ара қатынасы.
5. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның айырмашылықтары.
6. Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу жиілігі.
7. Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу сипаты.
8. Сөздік қордың тілдің ішкі мүмкіндіктері есебінен толығы.
9. Негізгі сөздік қор жөніндегі ғалымдардың идеясы.

Әдістемелік нұсқау: Негізгі сөздік қорға қазақ тілінде ертеден бері өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер, сонымен бірге, кейін де жасалған, бірақ әбден қалыптасып, қазірде жаппай қолданылатын кейбір жаңа сөздер де енетінін түсіндіру. Негізгі сөздік қор – сөздік құрамның ең басты бөлімі, оның ұйтқысы болатынын айту. Сөздік құрам мен негізгі сөздік қордың айырмашылықтарын ажыратқызып, олардың өзіндік сипаттарын, қасиеттерін талдату. Студенттерге дәрісте қарастырылған мәселелерге қоса сөздік құрам мен негізгі сөздік қор мағыналарының сипаттамасын толықтырып жазғызу. Негізгі сөздік қор жөніндегі ғалымдардың идеясын талдау.

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 12, 19, 31, 36, 51.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

8-семинар. Тақырыбы: Сөздік құрамның деңгейлері.

Сабақтың мақсаты: Сөздік құрамның деңгейлері туралы түсінік қалыптастыру. Түркі тілдеріне ортақ сөздер және қазақ тілінің байырғы сөздерімен таныстыру. Қазақ лексикасындағы кірме сөздерімен қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасына тоқталу. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Сөздік құрам деңгейлері.
2. Түркі тілдеріне ортақ сөздер.
3. Қазақ тілінің байырғы сөздері.
4. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер.
5. Қазақ тілінің өзге тілдермен қарым-қатынасы.

Әдістемелік нұсқау: Қазақ тілі лексикасының құрамын, тарихи шығу, жасалу тұрғысын, оның тарихи даму процесін түсіндіру. Соның ішіндегі ең негізгі арна - ертеден бері өмір сүріп келе жатқан тілінің өзі байырғы төл сөзі, негізгі сөздік қор жайлы мағлұмат беру. Дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса сөздік құрам деңгейлерінің сипаттамасын толықтырып жазғызу. Сөздік құрамның басқа тілдік құбылыстармен байланысын анықтап, талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 10, 11, 16, 18, 30, 38, 47.

Қ.ә: 2, 3, 22, 26, 32, 34.

9-семинар. Тақырыбы: Актив және пассив лексика.

Сабақтың мақсаты: Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлеріне және актив, пассив лексика ұғымдарына түсінік беру, жалпылама лексика туралы мағлұмат беру.

Сабақ жоспары:

1. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері.
2. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері.
3. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері.
4. Актив және пассив лексика қабаттарын көрсету.

Әдістемелік нұсқау: Студенттерге дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса сөздердің қолданылу өрісі мен стильдік қызметі туралы толықтырып жазғызу. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлеріне мысалдар келтіріп, талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

10-семинар. Тақырыбы: Стильаралық бейтарап лексика.

Сабақтың мақсаты: Стильаралық бейтарап лексика, кітаби лексика және оның қолданылу аясына тоқталу. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлерімен таныстыру. Олардың тіл білімі саласындағы орнын көрсету.

Сабақ жоспары:

1. Стильаралық бейтарап лексика ұғымы.
2. Кітаби лексиканың қолданылу аясы.
3. Кітаби лексика мен стильаралық бейтарап лексиканы салыстыра отырып, мысалдар беру.
4. Олардың тіл білімі саласындағы орны.

Әдістемелік нұсқау: Сөздердің стильдік қызметіне туралы түсініктерін кеңейту. Теориялық білімді жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, практикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Берілген тапсырмалар мен сұрақтар арқылы белгілі бір дәрежеде студенттердің теориялық білімі мен берілген тапсырмаларды орындау дағдысын дамыту.

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 3, 4, 20, 22, 23, 40, 42.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

11-семинар. Тақырыбы: Фразеологизмдер.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге жалпы фразеология ұғымы туралы түсінік беру. Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен ерекшеліктері көрсету. Фраза және идиома, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тіркес сияқты түрлерінің

ерекшеліктерін атап, мысалдар келтіру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Фразеологизм.
2. Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен ерекшеліктері.
3. Фраза және идиома.
4. Фразеологиялық тұтастық.
5. Фразеологиялық бірлік.
6. Фразеологиялық тіркес

Әдістемелік нұсқау: Фразеология туралы түсініктерін кеңейту. Теориялық білімді жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, практикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Берілген тапсырмалар мен сұрақтар арқылы белгілі бір дәрежеде студенттердің теориялық білімі мен берілген тапсырмаларды орындау дағдысын дамыту.

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 15, 21, 29, 43, 45.

Қ.ә: 22, 26, 28, 32, 34.

12-семинар. Тақырыбы: Фразеологизмдердің қолданылу аясы.

Сабақтың мақсаты: Фразеологизмдердің қолданылу аясына тоқталып, фразеологизмдердің стиль түрлеріне қатысын түсіндіру. Тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатына түсінік беру.

Сабақ жоспары:

1. Фразеологизмдердің тілдің әр түрлі стильдерінде қолданылу ерекшелігін мысалдар келтіре отырып көрсету.
2. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуына жан-жақты тоқталу.
3. Жалпыхалықтық және авторлық фразеологизмнің ортақ белгілері мен ерекшелігін анықтау.

Әдістемелік нұсқау: Фразеология туралы түсініктерін кеңейту. Теориялық білімді жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, практикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Берілген тапсырмалар мен сұрақтар арқылы белгілі бір дәрежеде студенттердің теориялық білімі мен берілген тапсырмаларды орындау дағдысын дамыту.

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 15, 21, 29, 43, 45.

Қ.ә: 22, 26, 28, 32, 34.

13-семинар. Тақырыбы: Лексикография.

Сабақтың мақсаты: Қазақ тілінің лексикографиясы жөнінде түсінік беру. Қазақ тіл білімінде лексикографияның зерттелуі. Қазіргі лексикографияның негізгі бағыттарымен таныстыру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Лексикографияның зерттеу нысанын атап көрсету.

2. Лексикографияның тіл біліміндегі орны.
3. Қазіргі лексикографияның негізгі бағыттарына тоқталу.
4. Лексикографияның бүгінгі күнгі оқытылу жайы.

Әдістемелік нұсқау: Дәрісте қарастырылған тақырыптарға қоса лексикографияның сипаттамасын толықтырып жазғызу. Лексикографияның басқа тілдік құбылыстармен байланысын анықтап, талдату. Ғалымдардың пікірлеріне шолу. Лексикография туралы алған теорияны жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру. Өз бетінше ізденуге ықпал жасау.

Әдебиеттер: Н.5, 34, 35, 47, 50.
Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

14-семинар. Тақырыбы: Сөздіктер.

Сабақтың мақсаты: Сөздік түрлерімен таныстыру. Сөздіктер жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

Сабақ жоспары:

1. Сөздіктерді жасаудың әдіс-тәсілдері мен ережелерін атау.
2. Сөздіктің түрлерін атап, олардың өзіндік ерекшелігіне тоқталу.
3. Аударма сөздіктер.
4. Терминологиялық сөздіктер.
5. Сөздікпен жұмыс жасап үйрену.
6. Қазақ тілінің синонимдер және антонимдер сөздігімен жұмыс жүргізу.
7. Орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктердің ерекшеліктерін көрсету.
8. Сөздіктердің қоғам өміріндегі орны.

Әдістемелік нұсқау: Студенттердің сөздіктер туралы алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыда тексеру, кеңейту. Берілген тапсырмалар мен сұрақтар белгілі бір дәрежеде оқушылардың теориялық білімі мен берілген тапсырмаларды орындау дағдысын дамыту. Тақырыпқа қатысты ой-пікірлерді талдату.

Әдебиеттер: Н.ә: 1, 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.
Қ.ә: 1-21.

ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ (ОСӨЖ)

Оқытушымен бірге студенттің өздік жұмысы кредиттік жүйедегі аудиторлық сабақ түрінде жүргізілетін білім берудің бір түрі. ОСӨЖ кеңес беру және бақылаушылық қызметтерін атқарады. ОСӨЖ бұл оқытушымен студенттер бірігіп диалог режимінде жүргізілетін оқу сабағы, мысалы тренинг, пікірсайыс, іскерлік және дидактикалық ойындар, тұсаукесер, кейс құрастыру, жеке, топтық жобаларды өңдеу және т.б.

Әрбір ОСӨЖ-ге әр түрлі материалдар дайындалуы қажет (кейстер, ойындар, тестер, сөзжұмбақтар, т.б.). Олар қандай да бір сұрақтарды шешуге, оларды кеңейтуге, әр түрлі жағдайларды, тапсырмаларды және тағы басқаларды шешуге, талдауға негізделеді.

ОСӨЖ келесі қызметтерді атқарады: кеңес беру және бақылаушылық.

Кеңес беру қызметтері:

- әрбір пән бойынша студенттердің өздік жұмысына көмек беру;
- материалдарды меңгеруге қандай әдісті қолдану керектігін таңдауға студентке көмек беру;
- студенттерге қиындық тудыратын тақырыптарға қосымша түсінік беру;
- оқу материалдарын тереңдетіп оқытуға меңгерту;
- ғылымилықпен айналысудағы студенттердің өздік жұмысына көмек беру.

ОСӨЖ бақылаушылық қызметі білім алуда студенттің ынтасын жоғарылату үшін ағымдағы межелік және қорытындылау мен студенттердің білімін бағалау барысында жүзеге асырылады. ОСӨЖ барысында студент тьютерден кеңес алып, бақылау, семестрлік және курстық жұмыстарды орындауға тапсырма алады (ағымдағы және рейтингтік бақылау).

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы пәні бойынша ОСӨЖ түріне реферат, баяндамалар, конспект, өлең немесе қарасөздер жаттау, олардағы сөздердің мағынасын анықтау, сондай-ақ мысалдар теріп карточка жасап өткізуді жатқызуға болады.

Оларға дайындалу негізінде студенттің ізденуі, алдын-ала қажетті әдебиеттерді іздестіруі, керекті материалдар жинауы, өзіндік көзқарасын білдіре білуі, оларды орындаудағы жоспар жасауы студенттің өз бетімен жұмыс жасай білуіне көмегі зор.

Жұмыс түрлері студенттердің ойлау қабілетін дамытады және оқыған материалдарына талдау жасай білуіне көмектеседі.

Тақырыптар бойынша конспект жасау

Конспект материалды толық оқып шығуынан кейін жасалатын жазба жұмыс. Ол мәтіннен қысқаша түсінік алып, керекті жерлерін алу. Автордың негізгі ойлары конспект жасауда сөзбе-сөз көшіріліп алынбайды, өзіндік оймен қорытынды жасалып жазылады. Бұл мәтіннің мазмұнын тиімді қамти алуын көздейді. Конспект жасағанда мәтіннің беттері көрсетілуі тиіс.

Рет-ретімен жұмыстың авторының аты-жөні толық жазылады, жұмыс атауы, шыққан баспасы, жылы көрсетілуі қажет, конспект жасалған беттерін көрсетуі, нақты, таза жазылуы тиіс.

Тақырып бойынша әдебиеттерді пайдалану

Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс жүргізуде, олардың тізімін беруде автордың аты-жөнін немесе оқулық атын алфавиттік тәртіпте қадағалау қажет.

Әрбір әдебиет жазылғаннан кейін автордың аты-жөні, оқулықтың шыққан жері, баспасы, жылы мен беттері көрсетіледі. Ал журналдағы мақаланың авторы, мақала тақырыбы, журналдың атауы, нөмірі мен жылдары, баспасы жазылады.

Реферат дайындау

Реферат – баяндаманың басылған немесе жазылған түріндегі қысқаша түрі.

Рефераттың көлемі 10-12 беттен кем болмауы керек.

Рефератқа дайындалуда студент тақырып бойынша әдебиеттерді таңдауы, жоспар құруы қажет.

Жоспар кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Реферат орындауда баяндама 10-15 минутты қамтиды. Оны орындауда тақырып мәні ашылуы, айтылатын негізгі ой танылу қажет. Орындауда өзіндік пікір қоса танылып отырылады. Соңында міндетті түрде қорытынды жасалады. Аудитория қосымша сұрақтар қоюы мүмкін.

Берілген сұрақ бойынша өзіндік пікірлерін басқа да топ студенттері білдіруі мүмкін.

Баяндаушыны бағалауда орындаудағы сенімділік, дәлелді нақты таныта білуі, қойылған сұрақтарға нақты жауап бере білуі, өзінің көзқарасын білдіруі қадағаланады.

Оқытушының әрекеті

1. Сабаққа оқытушының дайындығы
2. Сабақты түсіндіруде қолданылатын әдістерді пайдалана білуі
3. Оқытушының студенттермен қарым-қатынасы
4. Сабақтың нәтижелі болуы
5. Педагогикалық әрекеті
6. Студенттің өздік жұмысты орындаудағы көмек көрсетуі

Әдістемелік нұсқаудың мақсаты әдебиеттануға кіріспе пәні бойынша студенттердің өздік жұмыс жүргізуде көмек көрсету.

Пән бойынша тақырыптар дәріс сабақтарында, семинар сабақтарында да қаралады. ОСӨЖ конспект жасау, көшіру, әдебиеттерді пайдалану, реферат жазу, т.б. тапсырмаларды орындауға негізделеді.

1. ОСӨЖ. Лексикологияның мақсаты мен зерттеу нысаны.

ОСӨЖ мақсаты: Лексиканың тіл білімі саласындағы орнын көрсету. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы сипаттамасын түсіндіру. Лексикологияның ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу. Жалпы лексикология жайлы түсінік беру.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Қазақ тілінің салалары, олардың өзара байланыстылығы.
2. Қазақ тіл білімінің зерттеу тарихына шолу.
3. Лексикологияның мақсаты мен зерттеу нысаны.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

2. ОСӨЖ. Сөз және ұғым.

ОСӨЖ мақсаты: Сөз және ұғым туралы түсінік беріп, студенттердің білім деңгейлерін саралау. Тақырыпқа талдау жасау арқылы теориялық білімдерін тереңдету.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Сөз – лексикалық бірлік.
2. Сөз және ұғым.
3. Сөздің лексикалық мағынасының типтері.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 22, 27, 32, 33, 44, 50.

Қ.ә: 22, 26, 27, 29, 31, 32, 34.

3. ОСӨЖ. Лексикалық мағына.

ОСӨЖ мақсаты: Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына айырмашылығын түсіндіру. Мағына категориясына тоқталып, түсінік беру. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына айырмашылығы жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Сөздің лексикалық мағына құрылымындағы макрокомпоненттер және микрокомпоненттерді анықтау.
2. Олардың ерекшеліктерін көрсету.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 41, 46.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

4. ОСӨЖ. Сөз мағынасының кеңеюі және тарылуы.

ОСӨЖ мақсаты: Сөз мағыналарының ауысуы жөнінде мәлімет беру. Сөз мағыналарының түрлерімен таныстыру. Метафора түрлеріне

тоқталу. Сөз мағыналарының ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу. Жалпы сөз мағыналары жайлы түсінік беру.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Сөз мағынасының дамуы.
2. Сөз мағынасының кеңеюі және тарылуы.
3. Метонимия, метафора, синекдоха.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

5. ОСӨЖ. Полисемия мен омонимия құбылыстары

ОСӨЖ мақсаты: Сөз мағынасының даму жолдары мен сөздің көп мағынасы туралы түсінік беру. Сөз мағынасының өзгеру себептерін қарастыру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Полисемияның қалыптасуының тілі және экстралингвистикалық себептері.
2. Полисемия мен омонимия құбылыстарының өзара байланысы және айырмашылықтары.

Әдебиеттер: Н.ә: 12, 13, 14, 31, 39, 43, 49.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

6. ОСӨЖ. Синонимдер мен антонимдер

ОСӨЖ мақсаты: Синоним құбылысымен таныстыру. Антоним құбылысымен таныстыру. Синонимдердің жасалу жолдарын, синонимдік қатар мен доминанттарға түсінік беру. Олардың тіл білімі саласындағы орнын көрсету.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Синонимдер мен антонимдердің түрлері.
2. Олардың стиль түрлеріне қатысы.
3. Сөз варианттары және нормалану құбылысы.

Әдебиеттер: Н.ә: 12, 13, 14, 31, 39, 43, 49.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

7. ОСӨЖ. Табу мен эвфемизм

ОСӨЖ мақсаты: Табу, эвфемизм және дисфемизм сөздер туралы түсінік беру. Эвфемизм мен дисфемизм сөздердің айырмашылығын түсіндіру. Тақырып жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Табу мен эвфемизм, дисфемизмдерді этнолингвистика тұрғысынан қарау.
2. Олардың мифтік санамен байланысын, салт-дәстүрге қатысын көрсету.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

8. ОСӨЖ. Сөздік құрам мен сөздік қор

ОСӨЖ мақсаты: Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры жайында түсінік беру. Сөздік құрам мен сөздік қордың ара қатынасын түсіндіру. Сөздік құрам мен негізгі сөздік қордың ортақ және жеке мәселелерін ажырата білу.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Сөздік құрам мен сөздік қорға тән белгілер.
2. Олардың даму жолдары және ара қатынасы.
3. Сөздік қордың тілдің ішкі мүмкіндіктері есебінен толығы.

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 12, 19, 31, 36, 51.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

9. ОСӨЖ. Сөздің актив және пассив лексика қабаттары

ОСӨЖ мақсаты: Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлеріне және актив, пассив лексика ұғымдарына түсінік беру, жалпылама лексика туралы білімдерін тереңдету.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Актив және пассив лексика қабаттары.
2. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер.
3. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің қолданылу аясы.
4. Орыс тілінен енген сөздер.

Әдебиеттер: Н.ә: 5, 6, 7, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

10. ОСӨЖ. Диалектілік лексика

ОСӨЖ мақсаты: Диалектілік лексиканың қолданылу аясына тоқталу. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлерімен таныстыру. Студенттердің тақырыпты игеру дәрежесін тексеріп, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Диалектілік лексика және оның түрлері.
2. Диалектизмдердің тілде қолданылу сипаты.
3. Арнаулы лексика және оның қызметі.

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 3, 4, 20, 22, 23, 40, 42.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

11. ОСӨЖ. Сөйлеу тілінің лексикасы

ОСӨЖ мақсаты: Студенттердің тақырып бойынша талдау жасап, өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіру.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Сөйлеу тілінің лексикасы және оның құрамы.
2. Экспрессивті-эмоционалды лексиканың стиль түрлеріне қатысы.

3. Көнерген сөздер мен неологизмдер.

Әдебиеттер: Н.ә: 2, 3, 4, 20, 22, 23, 40, 42.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

12. ОСӨЖ. Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы.

ОСӨЖ мақсаты: Фраза және идиома, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тіркес сияқты түрлерінің ерекшеліктерін атап, мысалдар келтіру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Фразеологизм-дердің еркін сөз тіркестерінен ерекшеліктері.
2. Фраза және идиома.
3. Фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тіркес.

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 15, 21, 29, 43, 45.

Қ.ә: 22, 26, 28, 32, 34.

13. ОСӨЖ. Фразеологизмдердің қолданылуы.

ОСӨЖ мақсаты: Фразеологизмдердің қолданылу аясына тоқталып, фразеологизмдердің стиль түрлеріне қатысын түсіндіру.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Фразеологизмдердің стиль түрлеріне қатысы.
2. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы.

Әдебиеттер: Н.ә: 9, 15, 21, 29, 43, 45.

Қ.ә: 22, 26, 28, 32, 34.

14. ОСӨЖ. Лексикография

ОСӨЖ мақсаты: Қазақ тіл білімінде лексикографияның зерттелуі. Қазіргі лексикографияның негізгі бағыттарымен таныстыру. Тақырыпты меңгеру дәрежесін талдап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Лексикографияның зерттеу нысаны.
2. Сөздіктің түрлері.
3. Аударма сөздіктер.
4. Терминологиялық сөздіктер.
5. Сөздікпен жұмыс.

Әдебиеттер: Н.5, 34, 35, 47, 50.

Қ.ә: 22, 26, 32, 34.

15. ОСӨЖ. Орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер.

ОСӨЖ мақсаты: Сөздіктер жайлы студенттердің білім деңгейлерін саралап, бағалау.

ОСӨЖ-ге әдістемелік нұсқау:

1. Қазақ тілінің синонимдер және антонимдер сөздігі.
2. Орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер.

Әдебиеттер: Н.ә: 1, 5, 10, 14, 15, 21, 27, 33, 50.

Қ.ә: 6, 7, 12, 13, 14.

Студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ) ТАПСЫРМАЛАРЫ:

СӨЖ-ге әдістемелік нұсқау: тезис ғылыми жұмыстардың негізінде жазылады, айтатын ой өте қысқа, нақты, дәлелді түрде жазылады және бет көлемі 0,06 б.т., яғни 1 бет болу керек. Конспект – оқулықта жазылғандарды қысқаша өзіңе түсінікті етіп жазу. Картотека дегеніміз ғылыми еңбектердің авторы, аты, баспасы, жылы және бет саны жазылған қиықшалар. Реферат та, ғылыми баяндама да кіріспе бөлімнен, негізі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімде жұмыстың өзектілігі, нысаны, зерттеудегі мақсат пен міндеті, теориялық және практикалық мәні, қолданылған әдіс-тәсілдер мен тұжырымдар беріледі. Тарауларда негізгі ой түйінделеді. Қорытынды да ешкімнің пікірі берілмейді, тарауларда түйінделген ой мен тұжырымдар беріледі. Әдебиеттер тізімі қолданылуы бойынша нөмірленіп көрсетіледі. Бет көлемі –компьютерде А4 қағазында 14 кегель, 1,5 интервалмен кем дегенде 15 бет, қолжазбамен 20 бет.

№ 1-тапсырма. Сөз және оның басқа тілдік бірліктерден ерекшелігі.

1. Мәтіндегі сөздің лексикалық мағынасына кешенді талдау жасау.
2. Сөз бойындағы лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның ерекшелігін ашу.
3. Сөздің тура мағынада, синтаксистік шартты мағынада, фразеологиялық байлаулы мағынада келуіне мысалдар келтіру.

№ 2-тапсырма. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы

1. Абай өлеңдеріндегі сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу жолдарын анықтап, метафора, метонимия, синекдохаға мысалдар теру.

№ 3-тапсырма. Синонимия құбылысы. Сөз варианты. Антонимдер.

1. Синонимдік, антонимдік сөздіктерді пайдалана отырып, мәтіннен синонимдер мен антонимдерді табу.
2. Синонимдердің стильдік ерекшеліктеріне түсініктеме беру.
3. Антонимдердің шендестіру тудырудағы қызметіне мысалдар келтіру.

№ 4-тапсырма. Табу және эвфемизмдер. Дисфемизмдер.

1. Ауру аттары мен хайуанаттарға байланысты табу сөздерге мысал келтір, олардың дүниетаныммен байланысын анықтап бер.
2. Ұл және қыз балаға қатысты айтылатын дисфемизмдерді теріп жазып, қолданылу себептеріне түсініктеме бер.

№ 5-тапсырма. Сөздік құрамның деңгейлері.

1. “Егемен Қазақстан” газетінің белгілі бір нөмірін алып, көлемі жарты беттік мәтін негізінде қазақтың байырғы төл сөздері, кірме сөздер мен диалектизмдердің ара қатынасын анықта.

№ 6-тапсырма. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері.

1. “Жас алаш” газетінің тіліндегі сөйлеу тілінің лексикасына жататын сөздерді тауып, стильдік тәсіл ретінде қолданылуы мен стильдік қате кетуін анықтап, түсініктеме беріңіз.

№ 7-тапсырма. Фразеологизмдердің қолданылу аясы.

1. “Абай жолы” эпопеясының 1-кітабынан фразеологизмдерді тауып, картотека жасаңыз.
2. Қолданылу ерекшелігіне түсініктеме беріңіз.

№ 8-тапсырма. Сөздіктің түрлері

1. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін” пайдалана отырып, берілген сөздердің тура және ауыспалы мағынада қолданылу ерекшеліктеріне түсініктеме беріңіз. Сөз мағынасының ауысу жолдарын анықтаңыз.

Әдебиеттер: Н.ә: 1-51.

Қ.ә: 1-34.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КУРС БӨЛІМІ БОЙЫНША АЛҒАН БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ҮЛГІЛЕРІ

1-нұсқа

1 Сөздердің қалыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты заңдылықтарды тексеретін тіл білімінің саласы:

- A) Тарихи лексикология;
- B) Ономастика;
- C) Семасиология;
- D) Гидронимика;
- E) Топонимика.

2 Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі белгілі бір ұқсастық белгілеріне қарай сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуы:

- A) Метонимия;
- B) Метафора;
- C) Этимология ;
- D) Эвфемизм;
- E) Табу.

3 Сөздің екі, я одан да көп мағынаға ие болуы:

- A) Синоним;
- B) Сөздің көп мағыналылығы;
- C) Сөздің ауыспалы мағынасы;
- D) Омоним;
- E) Омофон.

4 Мына сөйлемдердің ішінен ауыспалы мағынада қолданылған сөздері бар сөйлемді табыңыз:

- A) Қызды ауылдың иті жатпас;
- B) Тура ағаш – үйге тіреу;
- C) Бұл өмірде дос іздеп жүрмін;
- D) Бұл тойға кәрі –жастың бәрі жиылды;
- E) Үлкенге құрмет, кішіге ізет.

5 Өзіне тән дербес лексикалық мағынасы мен белгілі логикалық ұғымы жоқ, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы қатынасты білдіру үшін немесе сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалатын сөздер қалай аталады?

- A) Көмекші сөздер;
- B) Омоним;
- C) Омограф;
- D) Атауыш сөздер;

Е) Дербес сөздер.

6 Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегін атаңыз:

- А) Тұрақты тіркестер;
- В) Негізгі сөздік Қор;
- С) Жергілікті диалекті;
- Д) Әлеуметтік диалекті;
- Е) Кәсіби сөздер.

7 Зат, сапа, белгі, іс-ірекет атауларын қандай сөздер дейміз?

- А) Атаулардың орынбасары;
- В) Толық мағыналы сөздер;
- С) Грамматикалық мағына үстейтін;
- Д) Аралық орын алатын сөздер;
- Е) Әр-түрлі эмоция білдіретін сөздер.

8 Құрамында “Эвфемизм” сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- А) Бұрынғы заманда бір бай болыпты, байдың үш ұлы болыпты;
- В) Қолының жымысқысы бар жандарды джірігерге қарату Қажет;
- С) Сонан соң Қосай жөніне жүріп кетті;
- Д) Тазша көк атты ерттеді, мінді, кетті, Сейілге келді;
- Е) Хан сенерін де білмейді, сенбесін де білмейді.

9 Әдет-ғұрыпқа, діни наным-сенімге байланысты тура айтуға тыйым салынған сөздер қалай аталады?

- А) Эвфемизм;
- В) Дисфемизм;
- С) Какофемизм;
- Д) Табу;
- Е) Диалектизм.

10 Тілдің сөздік құрамындағы сөздердің мағыналарын анықтайтын сөздік:

- А) Салыстырмалы сөздік;
- В) Диалектологиялық сөздік;
- С) Орфографиялық сөздік;
- Д) Синонимдер сөздігі;
- Е) Түсіндірме сөздігі.

2-нұсқа

1 Белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін айқындайтын сөздікті көрсетіңіз:

- A) Орфоэпиялық;
- B) Салыстырмалы;
- C) Этимологиялық;
- D) Тарихи;
- E) Фразеологиялық.

2 Түркі тілдерінің ең алғашқы тарихи-салыстырмалы сөздігі қай жылы жарық көрді?

- A) 1352 ж;
- B) 1452 ж;
- C) 1068 ж;
- D) 1883 ж;
- E) 1861 ж.

3 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі қай жылы жарық көрді?

- A) 1959-1961 және 1974-1986 ;
- B) 1957-1963 және 1978-1988;
- C) 1977-1990;
- D) 1978-1981 және 1954-1987;
- E) 1966 және 1996.

4 Қазақ тілінің сөз байлығын тексеретін тіл білімінің саласын атаңыз:

- A) Орфография;
- B) Лексикология;
- C) Морфология;
- D) Фонетика;
- E) Грамматика.

5 Бүкіл лексикалық байлықтың басты тұлғасы, негізгі ұйытқысын табыңыз:

- A) Тұрақты тіркестер;
- B) Негізгі сөздік қор;
- C) Жергілікті диалекті;
- D) Әлеуметтік диалекті;
- E) Кәсіби сөздер.

6 Тілімізде жаңа ұғымды білдіретін сөздер қалай аталады?

- A) Архаизмдер;
- B) Көнерген сөздер;
- C) Неологизмдер;
- D) Кәсіби сөздер;
- E) Табу.

7 Мағынасы бір-біріне жақын өзара мәнделес сөздер қалай аталады?

- A) Омофон;
- B) Омоним;
- C) Омограф;
- D) Синоним;
- E) Антоним.

8 Қазіргі тілде белсенді қолданылмағанымен, тілдің сөздік қорында сақталған сөздерді қалай атаймыз?

- A) Жаңа сөздер;
- B) Көнерген сөздер;
- C) Табу;
- D) Дисфемизм;
- E) Эвфимизм.

9 Құрамында омонимі бар сөйлемді атаңыз:

- A) Түн тастай қараңғы;
- B) Қара түнде қара баспаса, бұл не жүріс;
- C) Қараңғы түнде тау қалғып...;
- D) Нысапсызға не керек, істің ақ пен қарасы;
- E) Қара аспанды қақ тіліп, найзағай жарқылдады.

10 Біркелкі айтылып, бірақ түрліше жазылатын сөздер қалай аталады?

- A) Омофон;
- B) Омоним;
- C) Омограф;
- D) Синоним;
- E) Антоним.

3-нұсқа

1 Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану негізінде сөз мағынасының өзгеруін қалай атаймыз?

- A) Метонимия;
- B) Метафора;
- C) Синекдоха;
- D) Аллегория;
- E) Эпитет.

2 Үнжорға, Ұнжорға, енжорға, энжорға;

- A) Синонимдер;

- В) Омонимдер;
- С) Фразалар;
- Д) Сөз варианттары;
- Е) Плеоназм.

3 Монғол тілінен енген сөз қатарларын көрсетіңіз:

- А) Ғылым, ораза, пән, кітап;
- В) Шаған, шебер, шөл, жапатармағай;
- С) Стақан, поднос, мереке, парыз;
- Д) Атаман, доға, атбекет, божы, сот;
- Е) Абдара, алтан, эмчі, аймаг.

4 Екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтуі тіл білімінде қалай аталады?

- А) Түйіс тіркес;
- В) Түйін тіркес;
- С) Түйдек тіркес;
- Д) Плеоназм;
- Е) Идиома.

5 Терминдерге тән басты қасиет:

- А) Тұтас мағыналы болу;
- В) Көп мағыналы болу;
- С) Дара мағыналы болу;
- Д) Эмоциональды бояуы болуы;
- Е) Экспрессивті Қызметі болуы.

6 Тілдің ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулардың сөздігін қалай атаймыз?

- А) Орфоэпиялық;
- В) Орфографиялық;
- С) Түсіндірме;
- Д) Терминологиялық;
- Е) Этимологиялық.

7 “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” атты еңбектің авторы кім?

- А) Р.Сәрсенбаев;
- В) І.Кеңесбаев;
- С) Х.Қожахметова;
- Д) Р.Сыздықова;
- Е) Ғ.Мұсабаев.

8 Фразеологизмдерді өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын басты белгілері:

- A) Тұлға сәйкестігі, дыбыс үндестігі;
- B) Морфологиялық, синтаксистік;
- C) Даяр қалпында жұмсалу мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы;
- D) Лексикалық, фонетикалық;
- E) Мағына үйлесімділігі, тұлға сәйкестігі.

9 Кәсіби сөздер тобын көрсетіңіз:

- A) Сым, абажа;
- B) Кетпен, күрек;
- C) Көбейту, қосу;
- D) Шұңқыр, сүймен;
- E) Әсем, көркем.

10 Игі қасиеттерге үндеп, уағыз-әсиет, нақыл, жөн сілтеу ретінде айтылатын тұрақты тіркестерді көрсетіңіз:

- A) Түйін тіркес;
- B) Еркін тіркес;
- C) Фразеологизм;
- D) Мақал-мәтел;
- E) Идиома.

4-нұсқа

1 Құрамында синонимі бар сөйлемді атаңыз.

- A) Күзге қарай мал семіріп шелденіп, қоңданады;
- B) Доминант сөзді анықтамай, синонимді тәртіпке келтіру мүмкін емес;
- C) Күн кірпігін ашқанда, қоңыр дала көрінді;
- D) Синонимдер мағыналарына қарай деректі, дерексіз болады;
- E) “Оян, қазақ!” ел үшін найзағайдай әсер еткен шығарма болды.

2 Бір тілдегі сөздің тұтас жиынтығын қалай атайды.

- A) Лексикалық элемент;
- B) Негізгі бірлік;
- C) Сөздік құрам;
- D) Күрделі бірлік;
- E) Фраза.

3 Араб-парсы тілдерінен енген сөз қатарларын көрсетіңіз.

- A) Ғылым, пән, ораза, кітап;
- B) Шаған, шебер, шал, жапатармағай;

- C) Үтік, шамадан, кірпіш, самал;
- D) Атаман, доға, атбекет, божы, сот;
- E) Телефон, телеграф, жәшік

4 Плеоназм сөздерді көрсетіңіз

- A) Темір жол, кәрі жілік, қыпша бел;
- B) Зәулім биік, қырмызы қызыл, суық аяз;
- C) Ақ сауыт, берен мылтық, жүйрік ат;
- D) Қызыл тіл, жәудір көз;
- E) Қар аппақ, түлкі қызыл.

5 Лексикалық бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, морфемдік құрамы ұқсас (үйлес) келген құрылымдар қалай аталады?

- A) Сөз тіркестері;
- B) Омонимдер;
- C) Синонимдер;
- D) Сөз варианттары;
- E) Парафраза.

6 Бір тілдегі сөздердің жазылу нормасын белгілейтін сөздік қалай аталады?

- A) Орфоэпиялық;
- B) Орфографиялық;
- C) Түсіндірме;
- D) Терминологиялық;
- E) Этимологиялық.

7 Омонимдік қатары жоқ сөзді көрсетіңіз.

- A) Майда;
- B) Апа;
- C) Ана;
- D) Айт;
- E) Көк.

8 Айтылуы бірдей, жазылуы әртүрлі сөздер қалай аталады?

- A) Омографтар;
- B) Синонимдер;
- C) Омофондар;
- D) Омонимдер;
- E) Омоформалар.

9 Құрметтеу, хабарлау, бағалау сөздері қай жағынан игерілген кірме сөздер?

- A) Фонетикалық;
- B) Семантикалық;
- C) Грамматикалық
- D) Лексикалық;
- E) Синтаксистік.

10 Тарихи лексикологияның бір саласын көрсетіңіз.

- A) Эпиграфика;
- B) Этимология;
- C) Эпитафия;
- D) Этнолингвистика;
- E) Ономастика

5-нұсқа

1 Құрамында көнерген сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Қараша үйден ханша шығар;
- B) Жолдасты жол айырады;
- C) Айналайын аруағынан , ұлы Абай;
- D) Биік мақсат, ұлы арман қуған А.Радлов 1858 жылы Петербургке келеді;
- E) 1869 жылдың жазын ғалым қазақ даласында өткізеді.

2 Эмоционалды-экспрессивті сөздерді көрсетіңіз:

- A) Жымысқы, бауырмал, қалжыңбас;
- B) Оптика, механика;
- C) Шекпен, күпі, кебеже;
- D) Даңқ, атақ, дәреже;
- E) Абажадай, еңгезердей, биік.

3 Шағын әлеуметтік топтарға қызмет ететін сөздер қалай аталады?

- A) Диалект сөздер;
- B) Варваризмдер;
- C) Кітаби лексика;
- D) Экзотикалық лексика;
- E) Жаргон, арго.

4 Құрамында “дисфемизм” сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Бір бақыр бәдірен жинап алдық;
- B) Бұл тойға кәрі-жастың бәрі жиылды;
- C) Оқысаң-озарсың, оқымасаң-тозарсың;
- D) Бір елі ауызға, екі елі қақпақ;
- E) Жеңілетініңді білсең, бес қырт атанар ма едің?

5 Етістік мағыналы фразеологизмді көрсетіңіз:

- A) Атқан оқтай, көз ұшында;
- B) Сақадай сай, ит өлген жер;
- C) Жүрек жұтқан, еті тірі;
- D) Қолды болды, аузының суы құрыды;
- E) Ауыз бастырық, шикі өкпе.

6 Тілімізде баламасы бола тұра басқа тілінің сөзін, я сөйлемшесін орынсыз қолдану:

- A) Кәсіби сөздер;
- B) Диалект;
- C) Көнерген сөздер;
- D) Эвфемизмдер;
- E) Варваризмдер.

7 Адам баласының күнделікті күнкөріс тіршілігіне ең қажетті заттар мен құбылыстарға қатысты жалпы танымал сөздер:

- A) Кәсіби сөздер;
- B) Неологизмдер;
- C) Жалпылама лексика;
- D) Арнаулы сөздер;
- E) Экспрессивті сөздер.

8 Тілімізде ауыспалы мағынада қолданылатын сөздер қалай аталады?

- A) Архаизмдер;
- B) Көнерген сөздер;
- C) Троп;
- D) Кәсіби сөздер;
- E) Табу.

9 Үстеу мағынасындағы фразеологизмдерді көрсетіңіз:

- A) Көз жазды, ат құйрығын кесті;
- B) Сақадай сай, қас пен көздің арасында;
- C) Ауыз бастырық, бір ауыздылық;
- D) Жүрек жұтқан, еті тірі;
- E) Аспанмен тілдескен, аяқ астынан.

10 Қазіргі әдеби тілдегі жиі және жалпылама қолданылатын сөздерді қамтып, олардың мағыналарын талдап, түсіндіруді мақсат ететін сөздік:

- A) Синонимдік;
- B) Диалектологиялық;

- C) Түсіндірме;
- D) Аударма;
- E) Этимологиялық.

Тест жауаптары

1- нұсқа	2- нұсқа	3-нұсқа	4-нұсқа	5-нұсқа
1- A	1- C	1- C	1- A	1- A
2- B	2- E	2- D	2- C	2- A
3- B	3- A	3- E	3- A	3- E
4- B	4- B	4- D	4- B	4- E
5- A	5- B	5- C	5- D	5- D
6- B	6- C	6- D	6- B	6- E
7- B	7- D	7- B	7- B	7- C
8- B	8- B	8- C	8- C	8- C
9- D	9- B	9- B	9- C	9- B
10- D	10- A	10- D	10- B	10- C

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттер:

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988ж.
2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971.
3. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, 1998.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы, 2004 (Қазақ тіліне аударған Ғ.Қалиев).
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2003ж.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992ж.
7. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971.
8. Балақаев М. және басқалар. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974ж.
9. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. Алматы, 1968ж.
10. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, 1978ж.
11. Баскаков Н.А. Введение и изучение тюркских языков. М., 1962.
12. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. Алматы, 1997.
13. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970ж.
14. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1988ж.
15. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997ж.
16. Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. Қарағанды, 2003
17. Жубанов Х. Исследование по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.
18. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.
19. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.
20. Кажибеков Е. Семантика тюркского слова (Автореф. докт. дисс.). Алма-Ата, 1988.
21. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Үшінші басылым. Алматы, 2006.
22. Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Оренбург, 1897.
23. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. Изд. второе. М. 1982.
24. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. Алматы, I, 1985.

25. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы, 1988.
26. Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. Алматы, 1985.
27. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1973ж.
28. Қалиев Ғ. және басқалар. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. Алматы, 1997ж.
29. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972ж.
30. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. Алматы, 1997ж.
31. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997.
32. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка, Часть 1, СПб, 1894, Часть 2, СПб, 1897.
33. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. М., 1984.
34. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2008.
35. Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы, 1985.
36. Нұрмұқанов Х.М. Сөз және шеберлік. Алматы, 1987.
37. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
38. Рүстемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1988ж.
39. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикологиясы дамуының этимологиялық негіздері.
40. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект), Алматы, 1999.
41. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы, 1989.
41. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алматы, 1982.
42. Серғалиев М. Сөз сарасы. Алматы, 1989.
43. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы, 1996; Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы, 1998.
44. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы), Алматы, 1968; Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980; Ахмет Байтұрсынов, Алматы, 1990; Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). Алматы, 1993.
45. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1988.
46. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. Алматы, 1966.

47. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Часть 1 (развитие корневых слов). Фрунзе, 1959.
48. Қараев М.А. Қазақ тілі. А.Ана тілі. 1983.
49. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. Мектеп, А., 1981.
50. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., Мектеп, 1976.
51. Н.Оралбаева, Г.Мәдина, А.Әбілқаев. Қазақ тілі. А., Қаз.унив.

1993

Қосымша әдебиеттер:

1. Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968ж.
2. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология, Алматы, 1975ж.
3. Базылхан Б: Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатыр, 1977ж.
4. Бектаев Қ. Сөздік. Алматы, 2001.
5. Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. Алматы, 2000.
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Алматы, 1975ж.
7. Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 2000.
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977ж.
9. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы, 2005
10. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969ж.
11. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966ж.
12. Орфографиялық сөздік. Алматы, 1963.
13. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 2005.
14. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 2004.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1-10т. Алматы, 1974-1986жж.
16. Казахско-русский словарь. Алматы, 1987ж.
17. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі, Алматы, 1984ж.
18. Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы, 1989.
19. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. Алматы, 2001.
20. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік.
21. М.Белбаева. Қазақ тілінің омонимдік сөздігі. А, Мектеп 1988.
22. А.Жапбаров. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. А. Қазақ университеті. 1991.
23. С.Желдібаева. Мәнерлеп оқу. А., Қазақ университеті, 1992.
24. А.Нұрмағанбетов. Жер судың аттары тарихтың хаттары. Алматы, Балауса.
25. Дүйсен Жүнісов. Өзен көл атаулары. Алматы, 1989.
26. М.Балақаев. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. А., Мектеп, 1989.
27. А.Құнанбаев шығармалары.
28. Көркем мәтіндер.

29. М.Әуезов шығармалары.
30. Қазақ тілі мен әдебиеті. № 5,6 1996 Т.Ақшолақов. Ақбілек, Жалбыр, Доға т.б. аттар туралы мәлімет.
31. Қазақ тілі мен әдебиеті. (аномастика-Тілеубердиев Б.) № 5,6 1994.
32. Сонда, ССР Ғылым академиясы. Тіл білімі институты. Қазақ әдеби тілінің тарихи негіздері.
33. Сонда, (78-8266) Жер су аттарының этнографиялық ерекшеліктері.
34. Қазақ тілі мен әдебиеті. № 2,5,6 Айғабыловтың мат.103-104 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Глоссарий	5
Дәрістер	8
Семинарлар	119
Оқытушы жетекшілігімен орындайтын студенттердің өздік жұмыстары (ОСӨЖ)	127
Студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ) тапсырмалары.....	133
Студенттердің курс бөлімі бойынша алған білімдерін тексеруге арналған тест үлгілері	135
Тест жауаптары	145
Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі	146

Кітапты баспаға дайындағандар: **Тойшыбекова А.Б.**

«Жәрдем» қоғамдық қорының президенті *Айдар Ғали-Арыстан*

Әбікенова Гүлнафис Төкенқызы

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Оқу құралы Семей: «Жәрдем» ҚҚ РБО.,
-2019 ж.,-150 б.

Терімге жіберілді: 21.11.2019. Басуға қол қойылды: 25.11.2019.
Пішімі 60x84/16. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 4,1. Есептік баспа
табағы 9,9,. Таралым 100. Тапсырыс №205

«Жәрдем» ҚҚ РБО.
071400, Семей қаласы, Гоголь көшесі, 89
Тел: 52-13-72
zhardem@bk.ru